



# Отандық арнаулы қызметтің хроникалары

АДАМДАР, ОҚИҒАЛАР, ФАКТІЛЕР ТУРАЛЫ ХИКАЯЛАР



РЕСПУБЛИКАСЫ

АРЛЫҒ

УКАЗ

РЕСПУБЛИКИ КА

спубликасы мемлекет  
митетін қайта құр  
ты

бликасының "Қазақ  
ары туралы" Заңын

бликасы Мемлекет  
касының Ұлттық қа

тикасы Мемлекетті  
сы Президентінің

рмағында белгіле  
сінен алынып тас

*Handwritten signature in red ink.*

ОТАНДЫҚ АРНАУЛЫ ҚЫЗМЕТТІҢ ХРОНИКАЛАРЫ



# Отандық арнаулы қызметтің хроникалары

АДАМДАР, ОҚИҒАЛАР, ФАКТИЛЕР ТУРАЛЫ ХИКАЯЛАР

## ОҚЫРМАНҒА ҮНДЕУ

Еліміздің Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында Ұлттық қауіпсіздік комитеті және Шекара қызметінің басшы құрамымен бірге Қазақстанның барлық өңірлеріне және Мемлекеттік шекара учаскелеріне жұмыс сапарларымен бардым.

Оларды қорытындылай келе, «Жығылсаң — тізерлеп шайқас, жүре алмасаң — жатып айқас» деген ұранмен қызметтік борышын жанқиярлықпен орындап жүрген, антына адал қатардағы жедел қызметкерлердің, шекарашылардың ерен еңбегі мен қызметі туралы адамдардың аз білетіндігін және мұның әділетсіздік екендігін ұғындым.

Солардың кейбіреуі туралы айтып, негізін Тұңғыш Президент — Елбасы Н.Ә. Назарбаев қалаған, нығайту бағытын Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев жалғастырып келе жатқан Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығында отандық арнаулы қызметтің қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің үлесін көрсеткіміз келді.

Біздің азаматтардың тыныш өмір сүріп, еңбек етуі үшін жедел қызметкер мен жауынгер-шекарашы күні-түні, ыстық пен суықта, қар мен жаңбырда қызмет өткереді. Бізде мақтан тұтарлық және айтуға тұрарлық істер баршылық!

Өкінішке орай, кітапқа тек құпиясын ашуға болатын ақпараттар ғана кірді. Оның негізінде нақты адамдар, оқиғалар мен фактілер бар, олар тікелей қатысушылардың эмоцияларын көрсете отырып, документалистиканың қатаң стилінде баяндалған.

Бұл басылым өз оқырманын табатындығына сенімдімін.



**К. Мәсімов**

ӘОЖ 821.512.122  
КБЖ 84 (5 Каз.)  
ҰП

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық қауіпсіздік комитетінің  
авторлық ұжымы

**Отандық арнаулы қызметтің хроникалары**  
**Адамдар, оқиғалар, фактілер туралы хикаялар**

Нұр-Сұлтан қаласы, 2021 жыл, 316 бет

ISBN 978-601-7800-83-3

Осы басылым Қазақстан Республикасы  
Ұлттық қауіпсіздік комитетінің 30  
жылдығына арналған.  
Кітапта отандық арнаулы қызметтің  
қызметкерлері мен әскери  
қызметшілерінің елдің ұлттық  
мүдделерін және Тәуелсіздігін қорғау  
бойынша күнделікті жұмысын ашып  
көрсететін жекелеген  
операциялар көрініс тапқан. Тарихи  
очерктер бірегей құжаттармен және  
фотосуреттермен  
(соның ішінде жеке архивтерден  
алынған) көркемделген.  
Кітап көпшілік оқырман қауымға  
арналған.

Кітапты құрастыру  
барысында  
Қазақстан  
Республикасы  
Ұлттық қауіпсіздік  
комитетіне тиесілі  
деректі  
материалдар  
пайдаланылды.  
Оларды рұқсатсыз  
пайдалануға тыйым  
салынады.

ӘОЖ 821.512.122  
КБЖ 84 (5 Каз.)

© Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті



Қазақстан Республикасы  
Ұлттық қауіпсіздік комитетінің  
30 жылдығына арналады



# МАЗМҰНЫ

---

Асқақ рухтылар ерлігі .....	10
Қателесуге хақы жоқ .....	16
Дүниеге келген күні– 13 шілде. Осылай басталған .....	22
Сәтті өткен «Сапфир» операциясы .....	32
Нигериялық із .....	40
Арандатуға жол берілмеді .....	48
«Виктория»– қарсы барлаудың алғашқы елеулі жеңісі! .....	58
Аңға құрылған қақпан .....	74
Барлаушыға арналған эндшпиль .....	86
Ардың ісі .....	94
«Максималистің» ақырғы мәмілесі .....	104
Ешқайда апармайтын жол... ..	114
Ерлігі оның елге үлгі .....	122
«Трест» операциясы .....	130
Радиация «делдалдары» .....	140

---



---

Басын бәйгеге тіккендер.....	146
Ақтөбедегі теракті: сабақтары мен қорытындылары.....	156
Мәңгілікке қадам.....	164
2012: Террордың ызғарлы демі.....	176
«Қарлы боран».....	194
Барсакелмеске билет.....	208
Флэш-рояль: барлаушы «Клаустың» жеңілісі.....	216
«Өте құпия» белгісімен.....	224
Отанның даңқты ұлдары.....	230
Қой терісін жамылған қасқырлар.....	244
Стратегиялық бағыттың сабақтастығы.....	252
«Торнадо» операциясы.....	258
Контрабандисті кемпір қалай тексерді?.....	274
Ауғанға қайта оралар сәт келді.....	284
«Жусан» операциясы – өмірге оралту.....	300

---

## АСҚАҚ РУХТЫЛАР ЕРЛІГІ

Тәуекел дейтіндер болмаса тәуелсіздікке қол жеткізуге бола ма? Азапсыз, арпалыссыз Азаттық таңы атар ма? Жеңіл жолмен келсе, оның қадірі бола ма? Айтуға тұрмайтын кездейсоқ келген табыстың ғұмыры ұзақ бола қоймас.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті –  
Елбасы Н.Ә. Назарбаев




1991

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары өте күрделі болды. Экономикада дағдарыс белең алып, ондаған кәсіпорындар, зауыттар мен фабрикалар тоқтап қалды. Жүздеген мың адам табыссыз қалып, оның соңы әлеуметтік мәселелердің ушығып кетуіне әкелді.

Егер әлдекімге қоғамдағы қайшылықтардың қызуын өлшеу туралы ой келсе, онда міндетті түрде оның шырқау шегінде тұрғандығын байқаған болар еді. Бұрынғы көршілес одақтас республикалардың барлығында жанама қақтығыстар орын алып жатты, олардың көпшілігі ұлтаралық негізде өрбіді.

Одақ құлағаннан кейін шетелдік қоғамдастық пост-кеңестік аймақты жіті бақылай бастады. Мызғымастай



1991

болып көрінген алып империялардың бірінің күл-талқаны шығуы көпшілікке түсініксіз болып жатты, көптеген сауалдар туындады.

Сол уақытта Ұлыбританияның ресми орындарында: «Соңғы жағында кім тұрғандығын білмесек те, біз арқанды тартып жатырмыз» деген қанатты сөз кеңінен таралды. Бұл нақыл сөз посткеңестік республикалардағы жағдайды шынайы суреттеп тұр еді. Ал осындай алмағайып жағдайда Қазақстан керісінше өзінің тұрақтылығымен көзге түсті. Дегенмен, бұл жағдай шынымен осылай ма, әлде үлкен дауылдың алдындағы тыныштық па деген күмән мен күдік те жоқ емес еді.

Республиканың жартылай этникалық мемлекет болғандығын ескерсек, онда ұлтаралық немесе әлеуметтік негіздегі жанжалдардың кез келген уақытта бұрқ ете түсуі мүмкін деген күдік сейілмей тұрды. Шырпы түссе болғаны кез келген сәтте өшпенділік отының жалындап шыға келуі ғажап емес еді.

Ал жалындаған өртті сөндіру оңай емес екендігі айтпаса да түсінікті.

Кейінірек өтпелі кезең деп аталған сол кезеңде еліміз алғашқы тәуелсіз қадамын жасап, өзінің дербес құқығы бар екендігін дәлелдей білді.

Көптеген мәселе күн тәртібінде өткір тұрды, оның ішінде — Әлем картасында тәуелсіз Қазақстан деген ел бола ма, жоқ па деген сауал ең бастысы еді.

Тарих өзі дәлелдегендей, Елбасының даналығы мен көрегендігі елімізді қақтығыстар мен белгісіз тұңғыықтардан сақтай білді. Президент өз сөзінде бірлік болса ғана табысқа қол жеткізуге болатындығын атап өтті. Соғыс оты жалындап, бүлініп жатқан елдің ешуақытта өркендемейтіндігіне тоқталды. Мұндай ойды халық қолдап, жұртшылық сенім білдірді. Шиеленіс ошақтары біртіндеп жойыла бастады.

Осы кезеңде еліміздің заңнамалық базасы қалыптасу үстінде еді. Конституциялық құндылықтарды, ұлтаралық және конфессияаралық келісімдерді нақтылау, сыртқы саяси бағыт-бағдарды, әскери доктрина мен ұлттық қауіпсіздік стратегиясын пысықтау секілді мәселелер шешімін күтіп тұрды.

Осы оқиғаларды сөз ете отырып, «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Заң қабылданған

нан кейін арада үш күн өткенде бұрынғы жалпыодақтық мемлекеттік қауіпсіздік жүйесіндегі Комитеттің таратылып, оның орнына Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті құрылғандығын атап өткен жөн.

1992 жылдың маусым айында «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» Заң қабылданды. Ал 13 шілдеде Мемлекет басшысының жарлығымен Ұлттық қауіпсіздік комитеті құрылды.

Заңнамалық актілер аясында қабылданған отандық арнаулы қызметті құру туралы Президент Жарлығы жаңаша бетбұрыс болып, ҰҚК-нің одан әрі дамуын айқындады. Бұл жердегі маңызды мәселе бұрынғы одақ жүйесінен бас тартуда немесе мемлекеттік орган атауын жай ғана өзгертуде емес еді.

Ұлттық және мемлекеттік қауіпсіздік деген категориялардың арасында көптеген мән-мағыналық айырмашылық бар. Ал Қазақстанның мән-мағынасы кең бірінші категорияны таңдауы тарихи жолайрық болғандығы анық еді.

Мұндай түбегейлі бетбұрыс еліміздің жаңа бағытына сәйкес келіп, Елбасының саясат пен экономикада жүргізіп отырған реформасымен үндесіп жатты. Елбасының нақты позициясының арқасында ықтимал ішкі және сыртқы қатерден қорғана білген Қазақстан барлық қауіптің алдын алды. Ең бастысы — республиканың болашақ өркендеуіне негіз қалайтын әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси салаларда түбегейлі реформаларды кедергісіз жүзеге асыруға болатын алғышарттар жасалды.

Ашығын айтқанда, егемен мемлекеттің тұтастығы мен болашағын сақтау талабы тұрды. Қалыптасу кезеңіндегі

ұлттық қауіпсіздік жүйесінің міндеті шын мәнінде осындай болды.

Барлық қиындықтарға қарамастан, бұл мәселе ойдағыдай шешімін тапты. Сарапшылардың әлеуметтік қақтығыстар, экономикалық күйреу, көліктік оқшаулану, аумақтық таластың туындауы салдарынан, ең соңында жас мемлекеттің өмір сүруі неғайбыл деген пессимистік сценарийлерінің бір де біреуі жүзеге аспады.

Елдің өзегі болып табылатын қазіргі жағдайдағы ұлттық қауіпсіздікті оның табысты дамуынан маңызды элемент ретінде бөліп қарай алмайсыз. Ұлттық қауіпсіздік жай ғана басымдықтардың қатарында емес, керісінше мемлекеттік саясаттың басты элементтерінің бірі болып отырған Қазақстан басқа елге үлгі-өнеге болуда, мемлекеттің өмір сүруі көп жағдайда соған байланысты екендігі маңызды.

## ҚАТЕЛЕСУГЕ ХАҚЫ ЖОҚ

Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 13 қаңтардағы Жарлығымен Мемлекет басшысына тікелей бағынатын «А» бөлімі құрылды.

Осыдан бір ай өткенде жаңа арнаулы бөлімшенің сарбаздары Шымкент қаласының әуежайында рейстегі автобустың кепілге алынған жолаушыларын босату бойынша іс-шараны өткізді. Арнайы операцияға генерал-майор Е.Ә. Мұстафетов басшылық етті. Жаңа ғана құрылған арнаулы бөлімше үшін бұл операция сынақ сипатында болды. Бөлімнің бұдан әрі өмір сүру құқығы оның нәтижесіне тікелей байланысты еді.





1992

Полковник А.Г. Баталовтың естелігінен: «...Біздің арнаулы жас бөлімшеміздің визиттік карточкасы болған Шымкент операциясы терроризмге қарсы күрестің классикалық үлгісі болды. Оның өз кезегінде теңдесі жоқ екендігін біз кейіннен білдік.

Бұл 1992 жылдың ақпан айында болды. Сол кезде рецидивистер тобы өздерін әкеле жатқан «Москва-Ташкент» пойызының арнайы вагонындағы айдауылға қайралған затпен шабуылдайды. Күзетшілерді жаралап, оқталған сегіз тапаншаны алып, бостандыққа шығады...

Қылмыскерлер тасжолға шығып, Қызылорда қаласынан Сарыағашқа кетіп бара жатқан «Икарус» автобусына отырады. Салонда отыз адам бар еді. Осы сәтте автобус жүргізушісі қырағылық танытпағанда қауіпті қылмыскерлер



1992

қашып, құтылуы мүмкін еді. Бейтаныс адамдардың жүріс-тұрысы күдік туғызған соң, жүргізуші Қызылорда облысының Шиелі ауылының маңындағы МАИ бекетінде өзі сақтана отырып, күдікті бес адам туралы хабарлайды. Бекеттегі қызметкер оған автобекетке бару туралы нұсқау береді. Жоспар бойынша ол жерде оларды милиция наряды күтіп тұруы тиіс еді.

Айтылған жерге келгенде жүргізуші барлық жолаушылардың салоннан түсуін өтінеді. Осы кезде ІІБ қызметкерлері «УАЗ» машинасымен келіп, аспанға ескерту оғын атып, оларға беріліндер деген талап қояды. Қашқындардың үшеуі бұйрыққа бағынады, бірақ олар қолдарын көтеріп, сыртқа қарай беттегенде олардың серіктестері атысты бастап жібереді. Атыстың кесірінен милиция қызметкері мен қашқындардың бірі ауыр жараланады, екі қашқын ұсталады. Салонда қалған екі бандит 12 адамды кепілдікке алып, терроршыларға «айналып» шыға келеді.

Бандиттер ұшақ және қомақты ақша талап етті — стандартты схема, егер олай болмаса кепілдегілерді жазалайтындығымен қорқытты. Олар қандарын іштеріне тартып тұрды.



Келіссөз барысында терроршыларды Шымкент қаласының әуежайына бағыттауға, яғни, тек сол жердегі ұшу-қону алаңдарына халықаралық рейстерге ұшатын үлкен ұшақтардың қона алатындығына сендірдік.

Осылайша ұтқан уақыт дабыл бойынша көтерілген біздің бөлімшеге тікұшақпен арнайы іс-шара өтетін жерге ұшып келіп, шабуылға нақты дайындалуға мүмкіндік берді.

Жағдайды алғашқы талдау іс-шараны әуежай маңайында өткізудің мақсаттылығын көрсетті. Кепілге алынған автобустың бағыты бойынша болжап білмейтін жағдай туындаған кезде қолдану үшін шұғыл шабуыл жасайтын жылжымалы топты алып жүру қажет болды.

Жағдайды зерттеп алған соң, әуежайға сыртқы қоршаудан кіретін қақпаның маңайында автобусқа шабуылдауды ұйғардық.

Жергілікті билік тауып берген кепілдегілердің автобусына ұқсайтын көлікте түні бойы дайындалдық. Шабуылдау тобындағы әрбір қызметкер өздерінің іс-қимылдарын нақты білді. Егер терроршылардың талабы қанағаттандырылып, олар шетелге ұшатындай шешім қабылданған жағдайда атқарылуы тиіс іс-шаралар да қатар жүргізіліп жатты. Бұл



1992

үшін «АН-26» ұшағы белгіленіп, экипажға нұсқама жүргізіліп, оның құрамына біздің қызметкер енгізілді.

Колоннада бірінші болып келе жатқан МАИ машинасында біздің қызметкер болды. Ол рация арқылы тактикалық топтың басшысына тосқауылға дейінгі «Икарустың» арақашықтығын хабарлап отырды. Әуежайдың қақпасының қасындағы «уазикте» шабуылдаушы топтар бастапқы позицияларында отырды.

Әуежай аумағына енген автобус «ЗИЛ-130» су шашқыш жүк көлігімен бетпе-бет соқтығысты. «Шабуыл» деген команда бойынша басып алу топтары жасырын орындарынан ырғып шықты. Траптары мен отты-шулы жарылғыштарын тастаған «Альфа» «тірі саты» көмегімен көз ілеспес жылдамдықпен секіріп, автобус салонына басып кірді. Атыс басталды. Тәулік бойы дайындалған операцияның негізгі фазасы бар-жоғы бірнеше секундқа ғана созылды. Кепілдегілердің ешқайсысы зардап шеккен жоқ, бандиттер бейтараптандырылды».

Сотталғандардың қашып шыққандықтары туралы хабар берілген сәттен бастап есептегенде «Набат» операциясы бір тәулікке де жетпейтін уақыт ішінде аяқталды. Автобусты



басып алғандардың екеуі өлтірілді. «А» бөлімінің офицерлері ерледі: әлемдік тәжірибеде олар алғаш рет кепілге алынған автобусқа шабуыл жасауды жүзеге асырды.

Операция нәтижесі бойынша Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «А» бөлімінің он үш қызметкерін Құрмет грамотасымен марапаттады — ол кезде Қазақстанның мемлекеттік наградалары жоқ болатын.

Марапатталғандардың ішінде — «А» қызметінің болашақ басшысы полковник А.Г. Баталов, сондай-ақ қазақстандық арнаулы қызметтің қазіргі құрметті ардагерлері А.Ф. Аблаков, В.С. Василенко, А.В. Волосников, А.В. Головин, С.К. Жұмабеков, В.П.Калиновский, И.В. Кочергин, В.И. Кузнецов, А.Е. Медетов, С.В. Семенов, И.П. Соловьев, В.В. Хохлов бар еді. 2012 жылдың ақпан айында операцияға тікелей басшылық еткен генерал-майор Е.Ә. Мустафетов Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін Қазақстан Республикасы егемендігінің 20 жылдығы медалімен наградталды.

Өз өмірін қатерге тіккен жүргізуші Александр Чехонин де назардан тыс қалмады, ол ҰҚК ведомстволық медалімен наградталды.

ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕН КҮНІ —  
13 ШІЛДЕ. ОСЫЛАЙ БАСТАЛҒАН

1992

---

---

---

1992 жылғы 9 мамырдағы Алматы таңы мерекеге мүлдем ұқсамайтын. МҚК ғимаратының қарсы бетіне жиналған қалалық агрессивті көңіл-күйдегі топ Ф.Э. Дзержинский ескерткішін қалайда талқандау керек деген бір ғана, бірақ «қызу идеяға» бекініп тұрды. Тез арада және бүгін! Қазір ғой, ата-тегіне деген соқыр сенім мен желікпе жүгіріс анахронизм ретінде қабылданады, ал ол кезде жағдай басқаша еді.


Трос дайындалып, жүк машинасы келді... Қарапайым мүсіннің мықтылығы шамалы болып шықты. Лақтырылған шалма Темір Феликстің «басын» жұлып түсіп, жиналғандар бір шулап басылды.

Одан кейін қысқаша сипатта митинг өтіп, МҚК Орталық апаратының ғимаратына шабуыл жасау керектігі жөнінде үндеу тасталды. Агенттердің тізімін көрсетуді, Ішкі істер халық комиссариатының құжаттарын толық жариялауды талап етті.

Жағдай ушығып бара жатты. МҚК ғимаратына арнаулы жасақ бекінді, дегенмен...

Ел басшыларының жағдайды қантөгіске жеткізбеуге деген күш-жігері мен саяси көрегендігі осы жерден көрінді.

Бүгінде, Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы Қазақстан стратегиясы бірегей деп танылғанда... Заңнамалық және нормативтік база дайындалып, ҰҚК органдарының қызметін азаматтық ашық алаңға алып шыққан кезде... Біз сол бір аласапыран жылдардағы Тұңғыш Президенттің іс-қимыл қисынын дұрыс түсініп, еңбегін лайықты бағалауымыз керек.



Сондай-ақ ғаламат өзгерістер мен адамзат аңсауының елесінде өмірге келген еліміздің басты арнаулы қызметінің қайталанбас тарихына заман лебімен шолу жасап көрейікші. 1992 жылғы 13 шілдеде ел Президенті «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қауіпсіздік комитетін қайта құру туралы» Жарлыққа қол қойды. Жаңа мемлекеттіліктің негізін қалай бастаған Нұрсұлтан Назарбаев ондағы арнаулы қызметтің функционалдық міндетін нақты белгілеп, түсіне білді.

Осы бір ғажайып құжаттың өмірге келу тарихы да есте қаларлықтай еді.

Сол бір алыс та, беймаза уақытта дұрыс және лайықты шешім қабылдап қоя салу жеткіліксіз болатын. Оны жүзеге асырып, өркениетке лайықты тұрмыстық бейнесіне келтіру бәрінен де маңызды еді. Тәтті қиялды жүзеге асырудың әрдайым сәті түсе бермейтін. Қайта құру халықтың сана-сезімінің оянуына жылдам әсер етіп, қоғамдық белсенділігін айтарлықтай өсірді. Жаңаөзендегі қоғамға қарсы қимылдар, Қарағанды көмір бассейндеріндегі кеншілердің ереуілдері, кейбір кәсіпорындардағы жұмысқа топ-тобымен шықпай қою, міне, осындай эмоциялық оқиғалардың барлығы шын мәнінде талай жылдар бойы шешілмей қалған мәселелер жиынтығымен астарласып жатты... Ұзақ жылдар бойы шешілмеген проблемаға халық шыдамады. Сезім жетегінде көп нәрсеге дайын еді...

Еліміздегі бірқатар партиялар мен қозғалыстардың демократияландыру мен жариялылық процестерін өздерінің имидждерін жасауға пайдаланып жатқан кезде конструктивті реформа жүргізу тіпті күрделі еді. Мұндай қайраткерлер ұлттық мүдделерді басшылыққа алмайтын. Елімізде



1992 жылдың ортасына таман 150-ден астам қоғамдық бірлестік бар еді. Олардың сапында 500 мыңға жуық адам тұрды. Олардың бірқатарының іс-қимылы мемлекеттілікті нығайтуға, экономикалық және саяси мәселелерді шешуге бағытталса, басқа қозғалыстар, партиялар, топтардың көңіл-күй ауаны барлық мәселені рұқсат етілмеген митингтер, аштық жариялау арқылы және әкімшілік ғимараттарында пикет ұйымдастыру секілді қысым жасау жолымен шешуге арналып, жедел жағдайды ушықтырып жіберді. Ақылға сыймайтын талап қояушылық, негізсіз айыптаулар, популистік ұрандар, қарсы қимылға шақыру — осының барлығы қазақстандық қоғамға, әсіресе жастардың ортасына өшпенділік уытын сеуіп жатты.

ҰҚК қызметкерлері бейберекеттікті болдырмау үшін қолдан келгеннің бәрін қолданды. Осындай айтып болмас шиеленісті жеңіп шығуға ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың үлгі-өнегесі ықпал етті. Бұл туралы генерал-лейтенант Б.А. Баекенов өзінің естеліктерінде, сұхбаттарында және мақалаларында талай мәрте атап өтті:

– Әсіресе тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Нұрсұлтан Әбішұлының тынбай еңбек етуіне тура келді, өйткені шешілмеген мәселе шаш етектен болатын. Не болып жатқанын көзбен көру үшін ол кісі жиі-жиі ел аралады. Күндіз жұмыс істеу үшін көбінесе түнде ұшатын. Тынымсыз еңбек етті: ұшақта, пойызда. Барлығын өзі арқылы өткізді, бұл дегеніңіз жүйкені жейтін жұмыс болатын!

Күрделі мәселеміз болса Мемлекет басшысы әрдайым шешуге тырысатын, сонымен бірге талапшыл еді, оған түсініксіз және нақты байламы жоқ нәрсені баяндау мүмкін емес-ті, ол біздің қызметтің барлық қыр-сырын жетік білетін.

\*\*\*

Реформаторлық кезең аяқталған соң, 1992 жылғы 22 қаңтарда Б.А. Баекеновтің төрағалығымен Комитет алқасының бірінші отырысы өтті.

Бірінші кезекте, МҚК-нің 1991 жылы мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша атқарған жедел-қызметтік жұмысының қорытындысы қаралды және 1992 жылға арналған тапсырмалар нақтыланды... «Ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» Заңның әлі қабылданбаған кезі, сондықтан еліміздің басты арнаулы қызметінің қызметкерлерінің алдында тұрған міндеттер алқа шешімінде белгіленді. Оның ішінде, «күш-жігерді арнаулы қызметтердің бүлдіргіштік іс-әрекеттерінен республика халқын арашалауға жұмылдыру туралы» бұйрық берілді. Мемлекеттік және коммерциялық құпияларды қорғауға, маңызды деген халық шаруашылық нысандарындағы төтенше оқиғалардың алдын алу туралы қатаң талаптар қойылды. Алқа мәжілісінің қатысушылары республиканың егемендігі мен аумақтық тұтастығын сақтау, терроризмге қарсы күрес, ұлтаралық негіздегі жаппай тәртіпсіздіктердің алдын алу, республика азаматтарының конституциялық құқығы мен бостандығын қорғау бойынша жұмыстарды ерекше бақылауда ұстауды талап етті.

Комитеттің құрылымы да сол кезеңдегі күн тәртібінің басты мәселелерінің бірі болды. Сыртқы барлау қызметін ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлінді. 1991 жылғы 18 қазанда Б.А. Баекенов сол кездегі Қазақ КСР МҚК Төрағасы болып тағайындалды. Ал жиырмасыншы қазанда Республикааралық қауіпсіздік кеңесінің (РҚК) мәжілісіне қатысу үшін Мәскеу қаласына ұшып келді.

РҚК-нің бірінші мәжілісінде республикалық комитет пен Республикааралық қауіпсіздік қызметінің өкілеттіктерін өзара ажырата отырып ынтымақтасу туралы келісімге қол жеткізілді. Барлау саласындағы ынтымақтастықты қамтамасыз ету қиындық туғызды, себебі, МҚК тарап кеткен, ал бұрынғы барлау басқармалары дербес қызметке айналып үлгерген.

— Біз КСРО РҚК құзырына кадрлар дайындау, арнайы техниканы өндіру мен жабдықтау және Мәскеуде орналасқан жалпы ақпарат банкін қолдану мәселесін қалдырдық, — деп Б. Баекенов ол күндерді еске алады, — өз тарапымыздан қарсы барлау, ұйымдасқан қылмыс және есірткі бизнесіне қарсы күрес саласында өзара ынтымақтасуға сөз байластық.

Бір қарағанда Келісім бар секілді, бірақ өмір заңы тез арада барлау қызметін құру керектігін білдіріп тұрды. Әрине, Комитетте барлау бөлімшелері болды, бірақ олар, жалпы айтқанда, жергілікті жердің позициясынан жұмыс істейтін. Тәуелсіздік жарияланып, ҰҚК құрылғаннан кейін Б.А. Баекенов әріптесі Е.М. Примаковқа хат жазып, кәсіби мамандардың ұшқан ұяларына оралуына рұқсат беруін өтінді. Барлаудың қыр-сырын білетін адамдар арнаулы қызметке ауадай қажет еді. Әрине, олар да Отан-ананың шақыруына үн қосты.

\*\*\*

1992 жылы 5 желтоқсанда ҚР Жоғарғы Кеңесінің депутаттары дайындаған анықтама қағаз ҰҚК-ге келді. Әрине, онда ешқандай да қолпаштау жоқ еді.

Ал арада екі күн өткенде Жоғарғы Кеңестің Қауіпсіздік және қорғаныс жөніндегі комитетінің мәжілісінде Б.А. Баекеновтің баяндамасы тыңдалды. Арада бір жыл өткенде, 1993 жылдың

қазан айында ҚР Жоғарғы Кеңесінде тағы бір рет баяндама жасауына тура келді.

Комитеттің бүкіл құрылымын құраған идеологиялық платформа әрдайым сындарлы сынға ұшырап отырды.

ҰҚК Төрағасы Б.А. Баекеновтің әрдайым өз сөзінде ҚР ҰҚК-нің ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерін қатаң құқықтық шеңберде шеше алатын дербес мемлекеттік орган екендігін айтып, дәлелдеп отыруына тура келді. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін ҰҚК құрылымы мен функционалы түбегейлі өзгерді. Оның ішінде, сыртқы барлау қызметі қайта құрылды, қарсы барлау, жедел-техникалық және басқа да басқармалар нығайтылды. Ішкі резерв есебінен Экономикалық қауіпсіздік бас басқармасы, Сыбайлас жемқорлық пен контрабандаға қарсы күрес басқармасы құрылды.

Комитеттің жаңа міндеттері мен құрылымын ескере отырып, әскери қарсы барлау басқармасы, Шекара әскерлері бас басқармасы, Үкіметтік байланыс бас басқармасы және тиісінше оларға бағынысты әскерлер құрылды. Нормативтік актілер тиісінше Заңның және ҰҚК-ге жүктелген міндеттердің талаптарына сәйкес келтірілді: мыңнан астам осындай құжат қайта өңдеуден өткізілді.

\*\*\*

ҰҚК мен ПМ-ді біріктіру туралы ақылға қонымсыз бастамалардан да Комитеттің қорғануына тура келді.

– ҰҚК құрамы Алматы қалалық ПББ құрамынан да шағын. Ал біріктіру дегеніміз не? Арнаулы қызметті төмендету, құпияларды ашу, мамандарды дағдарысқа түсіру еді. Шамам келгенше қарсы күрестім. «Құпияларды көрсетіңіз», — деген

талаптар қойылды. Мен айттым: көрсетейік, бірақ сіздер одан бәрібір ештеңе де түсінбейсіздер, ештеңені де қолдана алмайсыздар, тек беделін түсіресіздер. Комиссия біздің ғимаратымызды аралап жүргенде, біз олар туралы деректі репортаж жүргізіп жаттық. Артынан оны бірден өздеріне көрсеттік. Комиссия бізді мойындады. Әрине, олар бөлмеде техника бар екендігін білді, бірақ қайда екенін таба алмады. Арнаулы қызметтер — плащ пен қанжарлы рыцарьлар. Алдымен — плащ, ал содан кейін ғана — қанжар, — деді Баекенов.

Жоғарғы Кеңестен тағы бір ұсыныс түсті: «...ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметіне қатысты үкіметтің және ҰҚК-нің заңға тәуелді актілерінің жобалары әуелі Жоғарғы Кеңестің Ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс мәселелері жөніндегі комитетінде зерттеліп, талқылансын...».

Мұндай ұсынысқа Шекара қызметінің басшысы Б.С. Зәкиев түбегейлі қарсылығын білдірді. Ол мұндай қадамның әскери және мемлекеттік құпиялардың таралып кетуіне әсер ететіндігін сөзіне негіз етті.

Оны ҰҚК Төрағасының орынбасары Л.С. Дагаев қолдады. Ол кісі АҚШ Конгресінде арнаулы қызметтің жұмысын бақылайтын, Орталық барлау басқармасының бұрынғы қызметкерлерінен құралған арнайы топтың бар екендігін тілге тиек етті. Егер аса қажет болса америкалықтардың тәжірибесін пайдалануға шақырды.

\*\*\*

Неліктен Ұлттық қауіпсіздік комитеті деген атау тандалды? Бұл сауалға жауапты талдаушылар әлі күнге дейін іздеп келеді.

Сонау 90-шы жылдардың басында ерінбеген адамның бәрі барлық кінәні МҚК-ге артатын. Бұрынғы Одақтың аумағында болып жатқан қысымшылыққа, жүгенсіздіктер мен арсыздыққа қызметкерлердің барлығы төзе алмады. Бұл сапта Қазақстанда бар еді.

Пікір жүгенсіздігі мен бейбастық жайлаған сол жылдардағы қоғамда Комитет үшін басты жұмыс азаматтардың МҚК-ге деген теріс көзқарасын жеңіп шығу болды. Қызметтің шектен тыс жабық жағдайда атқарылуынан МҚКде, одан кейін ҰҚКде ойларына келгендерін істейді деген пікір қалыптасқан еді.

Жаңа Заңды дайындау барысында МҚК атауын өзгерту туралы мәселе қойылды. Бұл аббревиатураның Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті деп оқылатындығын бәрі білетін, яғни, елдің және мемлекеттік органдардың қауіпсіздігі қамтамасыз етілді. Ал Ұлттық қауіпсіздік комитеті (ҰҚК) деген атаудың мән-мағынасы айтарлықтай ауқымды, ол — елдің, барлық халықтың, әрбір азаматтың мүддесін қорғау дегенді білдіреді.

Қалыптасудың алғашқы жылдарындағы Қазақстан таңдаған мемлекеттік құрылым моделін, яғни — қуатты президенттік билік, оған қоса батыл экономикалық реформаларды әлемдік қоғамдастық лайықты бағалады. Қазақстанның Тұңғыш Президентінің басшылығымен жүргізілген реформалармен синтездеуден туындаған қазақстандық арнаулы қызмет моделі де посткеңестік елдердің қызығушылығын тудырды.

Комитет қызметкерлерімен болған бір кездесуінде Н.Ә. Назарбаев былай деп атап өтті: «... Осы отырған барлығымыз «бір шинельден шыққанбыз» — дәстүріміз болды, оның

барлығын қолдандық, бірақ осы түсініктерімізді өзгертуге тура келді. Комитет қызметкерлеріне оңай соққан жоқ. Қазақстандық арнаулы қызметтің жұмысын реттейтін құқықтық базаның жасақталуына ерекше көңіл бөлдім. Ұлттық қауіпсіздік органдары құқық қорғау құрылымдарымен бірлесе отырып, заңның үстемдігін, жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің мүддесін қорғауды сенімді түрде қамтамасыз ете білді. Жаңа, тәуелсіз Қазақстанның ҰҚК түбегейлі өзгерісі де осы болды. Қазіргі таңда сіздер ең күрделі деген мемлекеттік міндеттерді шешуге тиіссіздер, ал қауіпсіздік органдарының алдында тұрған ондай міндеттер аз емес. Заманға байланысты жаңа қауіп-қатер түрлері пайда болуда, арнаулы қызмет олардың барлығына тиісінше жауап беруі керек».

Елбасының ерік-жігері мен қолдауының арқасында ҰҚК шешімін күтпейтін мәселелерге күшін шоғырландырып, ыңғайлы құрылым қалыптастыра білді. МҚК-ден үйренетін нәрсені үйренгені де күдік тудырмайды. Жаңа заманның дамуына қайшы келетін нәрселерді өкінбестен өткеннің еншісіне қалдырды. Біз «тарихтың ымырашылдығын» жеңіп, одан әрі адымдап барамыз.

1992 жылғы 13 шілдеде «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қауіпсіздік комитетін қайта құру туралы» Жарлыққа Ел Президентінің қол қоюы отандық арнаулы қызметтің бай тарихының бастауы болды.

# СЭТТИ ӨТКЕН «САПФИР» ОПЕРАЦИЯСЫ

1994

---

---

---





КСРО құлаған кезде Қазақстан өте күрделі ядролық арсеналды иемденді, ол қуаты бойынша тек АҚШ, Ресей және Украинаны ғана алдына салатын еді.

Жас мемлекеттің қолында ядролық соғыс жүргізу үшін қажеттінің барлығы болды: құрлықаралық баллистикалық зымыранды ұшыратын қондырғылар, бомбалаушы ұшақтардың авиациялық базасы және саны ұшан-теңіз оқтұмсықтар. Қолда тұрған «қызыл түйме» басқа әлеммен қарым-қатынас орнату үшін берілген әдемі «шанс» еді.

Бірақ Қазақстанның саяси басшылығы басқаша шешімге келіп, қару-жарақ тайталасынан бас тартуға шешім қабылдайды.

Қабылданған бұл шешімді жүзеге асыру оңай болмады.

«Темір перденің» күйреуі, ғаламдық катаклизмдердің түсініксіз ағыстары ядролық қаруға қызығушылық



1994

танытқан саяси авантюристердің, арнаулы қызметтер мен қылмыскерлердің көп болуына әсер етті.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен АҚШ Президенті Билл Клинтонның шешімдері негізінде ядролық материалдар еліміздің аумағынан Америка Құрама Штаттарына әкетілді, сол бір 1994 жылы өткізілген «Сапфир» операциясы ҰҚК жылнамасына мәңгілікке жазылып қалды.

Ақпараттың таралып кетуін болдырмау мақсатында операцияға қатысатындар мен ол туралы білетіндердің саны мейлінше шектелді.

Солардың бірі Владимир Божко еді: «Ядролық материалдар туралы мәселе қозғалғанда Қазақстан Президенті Ресей басшысымен келіссөз жүргізді.

Олардың өзара сенімді қарым-қатынастары көптеген мәселелерді шешуге септігін тигізді.

Олар мәселенің мәнісін біліп отырғандықтан, операцияға байланысты Ресей тарапынан ешқандай сын-ескертпе айтылмады».

Ресми келіссөздерден басқа, сырт көзге ресми емес сипат беретін, назар аудартпайтын іс-шаралар өткізілді.



Соның бірі Үлбі металлургиялық зауытының директоры (ҮМЗ, Өскемен) Виталий Меттені АҚШ-тың Қазақстандағы атташесі Эндрю Вебермен кездестіру болды, бұл кездесудің соңы үлкен достыққа ұласты.

Көпсатылы арнайы операцияның келесі бөлімі зауыт туралы ақпаратты америкалықтарға беруді көздеді.

1993 жылы Метте Өскеменде жоғары байытылған уранның запасы туралы жазылған бір жапырақ қағазды Веберге береді. Алдын ала болжағандай, атташе мұндай ақпаратты назардан тыс қалдырмай, ол туралы Вашингтонға хабарлады.

Одан кейінгі оқиғалар қарқын ала түсті: 1994 жылдың ақпанында Қазақстан Президенті Штаттарға ресми сапармен келіп, ядролық қаруды таратпау туралы келісімге қол қойып, Билл Клинтонмен бірге уранның тағдырын шешті.

Осы бір тарихи операцияның тағы бір қатысушысы Жеңісбек Жұманбеков былай дейді:

«...Атом энергетикасы бойынша халықаралық агенттікпен ядролық материалдар туралы мәселе түбегейлі шешілген соң, осы іске қатысатын екінші қатысушы туралы мәселе

келісілді: Америка Құрама Штаттарына ядролық материалдарды алып кетуге ресми түрде құқық берілді».

Ол кісінің әңгімесін Сұлтан Әдиқожаев жалғастырады:

«Жоғары байытылған уранды тасымалдау ісін қамтамасыз ету маған тапсырылды, бұл жұмыс Орталық барлау басқармасының қызметкерлерімен бірге атқарылды.

Бұған дейін біз бір-бірімізге «басты қарсылас» ретінде қарағандықтан болар, жағдай соншалықты қуанарлықтай емес еді.

Америкалықтармен ойдағыдай жұмыс істедік, ұйымдастыру мәселелерінің көпшілігі Вашингтонда бірлесе отырып, алдын ала талқыланды.

Іске асыратын жобамыздың атауы «Сапфир» болатындығын сонда келіскен едік (алғашқы нұсқасындағы коды «Реасеріре»-«Бейбітшілік түтігі» болатын).

Операциямыз алдын ала дайындықтан басталды. АҚШ-тың әскери-әуе күштерінің мамандары Өскеменге ұшып келді. Салмағы ауыр ұшақтарды көтере ала ма деген мақсатта олар ұшып-қону жолағын тексерді. Жасаған қорытындылары түбегейлі болды: көтереді.

Біз авиамамандардан тұратын топтың жұмысын, жалпы іс-шараны басынан аяғына дейін бүркемелеуді ұйымдастырдық. Мұндай тапсырманы Ұлттық қауіпсіздік комитеті ғана сенімді түрде орындай алатын еді.

Қолдағы ақпараттық дереккөздерін қолдана отырып, ядролық материалдар сақталатын Үлбі металлургия зауытының ұжымына кәсіпорын өндірісін зерттеу үшін МАГАТЭ тарапынан комиссияның келгендігі туралы мәліметті хабар-

ладық. Осылай түсіндіргеніміз шындыққа сай болып шықты, ешқандай ақпараттың жариялануына жол берілмеді».

Посткеңестік кеңістіктегі тұрақсыз жағдай америкалықтарды шынымен мазалап тұрды, терроршылардың шабуыл жасау мүмкіндігін олар жоққа шығармады. Жағдайды бақылау бойынша жұмыстардың сенімді екендігін айтып, Қазақстан жағының оларды сендіруіне тура келді.

АҚШ мамандары 1994 жылдың сәуірінен тамыз айына дейін жоғары байытылған уранды зерттеп, одан кейін оларды 448 арнайы контейнерге салды.

Жедел бақылауды қамтамасыз ету үшін ядрошы-мамандар ішінен тартылған агенттер жүйесі белсенді түрде қолданылды. Болуы мүмкін терроршылардан қорғанумен қатар, мемлекеттік құпиямызды америкалықтардан сақтау да керек болды: серіктестік пен бейбітшілік бағытындағы мүддеміз ортақ болғанымен — босаңсуға болмайтын еді.

Радиациялық қауіпсіздіктің ұлттық талаптары қатысушы-тараптармен бір мезгілде келісілді, радиациялық материалдарды сақтау және тасымалдау кезінде жоғалту немесе жымқырудың алдын алу бойынша кешенді іс-шаралар атқарылды.

Жүзеге асырылып отырған жобаның радиациялық қауіпсіздік жағынан өте зиянды екендігін ескеріп, ҰҚК органдары тарапынан жоғары байытылған ядролық материалдардың сақталуы мен бақылауын қамтамасыз ету бойынша айтарлықтай жұмыс атқарылды.

Барлығы жоспар бойынша жүріп жатты.



Кідіріс тек 16 қарашада, ауа райының қолайсыздығына байланысты америкалық ұшақтар Түркиядан ұша алмай қалған кезде орын алды.

Олар арада бірнеше күн өткеннен кейін келді. Ауа райының қолайсыздығы мен көктайғаққа қарамастан маңызды жүк түнделетіп Өскемен әуежайына жеткізілді.

Сұлтан Әдиқожаев былайша еске алады:

«Вебер екеуміз бір машинада келе жаттық. Жүктің жауапкершілігі оған да әсер еткені байқалып тұрды, толқып отырғаны сезілді.

Біздің команда тамаша жұмыс істеді, жүк ешқандай тосын оқиғасыз жеткізілді.

Келісімге сәйкес контейнерлерді ұшақ бортына америкалық сарбаздар тасыды, олардың арасында әйелдердің де бар екендігі көзге түсті. Барлығы есептілікпен атқарылғаны сонша, жұмыс жылдам аяқталды».

Дегенмен, ұшақ Қазақстанның әуе шекарасынан өтті деген хабар келгенде ғана Комитет қызметкерлері еркін демалды: тарих үшін теңдесі жоқ «Сапфир» арнайы операциясы осылайша ойдағыдай аяқталды.



Қазақстан осылайша батыл қадам жасап, әлемдік аренада жас мемлекет болғанымен, өзіндік шешім қабылдай алатын ерік-жігері бар мемлекет ретінде танылды. Ядролық қарудың таралуына қарсы күреске қосқан үлесі үшін еліміз сол 90-шы жылдары айрықша маңызды экономикалық және гуманитарлық көмекпен қатар қауіпсіздігіне кепілдік алды.

Екі елдің арнаулы қызметтері де ұтылған жоқ — алға қарай, өзара сенімді нығайтуға батыл қадам жасалды. Кейінгі жылдары америкалықтармен бірлескен операциялар өткізу дәстүрге айналды. Бірақ олардың бастауында әрқашанда сәтті өткізілген «Сапфир» операциясы тұратындығы анық.

# НИГЕРИЯЛЫҚ ІЗ

1996






Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары ұлттық қауіпсіздік органдары үшін шетелдіктер арасындағы ерекше мазасыздық нигериялықтардан келді. Олар жергілікті криминалитетпен белсенді байланыс орнатты. Қаржылық мүмкіндіктері мол нигериялықтар Қазақстан аумағын есірткі тасымалы үшін жүйелі түрде пайдалануға және осылайша «бірінші скрипкасын» ойнауға ұмтылды.

Есірткі бизнесіне қатысы бар Нигерия азаматы туралы алғашқы мәлімет 1994 жылы тіркелді. Нақтырақ айтқанда, мәскеулік бір фирмаға тиесілі, ішінде 1260 кг марихуанасы бар контейнердің Антверпен (Бельгия) қаласында ұсталғандығы туралы ақпарат Ресейлік ФҚҚ-дан келіп түсті. ФҚҚ-дан келген мәлімет бойынша, жоғарыда аталған есірткі арнасы жойылғаннан кейін қылмыскерлер есірткіні Қазақстан арқылы тасымалдау жолын қарастыра бастайды.

Қазақстандық жедел қызметкерлер тек екі жылдан кейін ғана Нигериялық есірткі сатушылармен бетпе-бет кездесті, бұл кезде олардың тәбеттері де айтарлықтай ашыла түскен еді. Осыған байланысты Комитет басшылығы кеңес өткізіп, тәжірибелі жедел қызметкерлерден жасақталған жедел топ құрады.



1996

Шетелдіктерге қатысты үлкен көлемдегі ақпаратты зерттеп, есірткі қылмысына қатысы болуы мүмкін деген күдікпен жоғары оқу орындарындағы шетелдік студенттерді тексеріп, ҰҚК қылмыстардың барлық тізбегін ашады. 1996 жылдан 1998 жылға дейінгі аралықта Ресей, Өзбекстан және Қырғызстанның арнаулы қызметтерімен бірлесіп жүргізілген тыңғылықты жұмыстың нәтижесінде нигериялық есірткі саудагерлерінің жолын кесу бойынша бірқатар операциялар жүзеге асырылып, қылмыстық әрекеттердің бүкіл тізбегін ашудың сәті түсті.

Осындай операциялардың бірі «Сафари» деген атаумен 1996 жылы Алматы қаласында басталды. Сол кезде «бақуатты» өмір салтын ұстанып жүрген нигериялық студенттер ҚР ҰҚК назарына ілігеді. Олардың тек Қазақстандағы, Нигериядағы ғана емес, сонымен бірге сонау Ресейдегі, Пәкістандағы, Таиландтағы, Үндістан мен Бразилиядағы байланыстары да нақтыланды. Оларға қатысты сипаттамалық материалдар жинақталды, олардың халықаралық заңсыз есірткі айналымына қатыстылығы туралы алғашқы мәліметтер алынды.

Бразилиядан Алматы қаласына, жалпы көлемі 2 кг кокаины бар екі бірдей пошталық жөнелтілім жіберілгендігі



туралы ақпарат 1997 жылдың шілде айында Ұлыбританияның Кеден қызметінен алынды. Екеуінде 2 кг кокаин болды. Қазақстандық жедел қызметкерлер өздерінің жедел болжамдарын ұсынды, яғни, аталған жөнелтілімдер Алматыдағы тасымалдау бекеті арқылы сонау Үндістаннан, Пәкістаннан және Бразилиядан Ресей Федерациясына есірткінің контрабандалық жолын ұйымдастырған нигериялық есірткі тобының жұмысы болуы мүмкін. ҚР ҰҚК мен Мемлекеттік тергеу комитетінің басшылары тарапынан аталған есірткіні «бақылап жеткізу» туралы шешім қабылданады. Алматы қаласында ҚР ҰҚК мен МТК бөлімшелерінің негізінде бірлескен жедел топ құрылады. Арнайы іс-шараны өткізу үшін РФ ФҚК-дан бір топ маман техникасымен бірге іссапарға жіберіледі. Бұл іске жалпы саны 50 шақты адам қатысады.


Алматы қаласында жөнелтілімдерді қабылдап алып, әрі қарай Нигерия азаматтарына беретін қазақстандық екі азамат белгілі болды. Аталған операция нәтижесінде 5 есірткі тасымалдаушыны ұстаудың сәті түсті. Пәкістан мен Бразилиядан Алматы қаласы арқылы Мәскеуге жеткізілуі жоспарланған 12 кг героин мен 2 кг кокаин алынды. Осы аталған есірткі арнасының ұйымдастырушысы «У» деген Нигерия азаматы өзінің сыбайластарының ұсталып қалға-



нын сезісімен Қырғызстан аумағында бой тасалауға тырысты. Дегенмен, қылмыскер қырғызстандық әріптестердің көмегімен Бішкек қаласында ұсталып, қазақстандық құқық қорғау органдарына берілді.

Нигериялық басқа азаматтарды зерттеу барысында олардың Ресейлік «К» деген азаматшамен байланысы бар екендігі туралы ақпарат РФ ФҚҚ-ға келіп түсті. Героинды Мәскеу қаласына жеткізу мақсатымен аталған азаматшаның 1997 жылғы 25-28 қазан аралығында Алматы қаласына келетін ойы бар екендігі мәлім болды. Аталған азаматшаны Шереметьево әуежайынан Алматыға дейін ФҚҚ қызметкерлері жасырын түрде бақылап келді. Алматыға келген «К» «Қазақстан» қонақүйіне орналасты.

Оның байланыстарын анықтау мақсатында қонақүйдің маңайына тәулік бойы жұмыс істейтін бақылау орнатылды. Қонақүйге орналасқан қыз жақын маңдағы дүкенге барды, айналасындағылармен байланыс орнататындай қимылы байқалмады. «К» қысылып-қымтырылмай, емін-еркін жүрді. Оның ертеңіне Мәскеуге қайтатындығы белгілі болғанда, қарсы барлаушыларда есірткі тасымалдаушы өзінің бақылауда жүргенін сезіп қойды ма деген болжам пайда болды.



Тек түн ортасында «Қазақстан» қонақүйіне екі африкалық келіп, «К» тұратын нөмірге кірді. Келесі күні есірткі тасымалдаушы қыз Мәскеуге баратын пойызға отырды. Оның артынша вагонға қазақстандық қарсы барлаушылар да мінді. Жөл-жөнекей жолаушылардың құжатын тексеру сылтауымен қарсы барлаушылар қыздың жеке заттарын тексереді. Алғашқыда оның заттарының арасынан есірткі байқалмады. Қыздың жүріс-тұрысы да ешқандай сезік тудырмайды. Іс-шараның тағы да сәті түспейтіндей болып көрінді, тек соңғы сәтте ҰҚК қызметкерлерінің бірі тапқырлық пен «жедел сезгіштік» танытып, багадағы шашқа арналған лактың аэрозольды баллондарының неге сынық екендігін тексере бастағанда «К»-ның жүріс-тұрысы өзгерді. Баллондар ашылып, оның ішінен бұлтартпас айғақтар табылғанда ғана қыз өзінің қылмысын мойындай бастады.

Олжаның табылғаны туралы Комитет басшылығына хабарланды, осыдан кейін барып «Сафари» операциясының белсенді фазасына көшуге, яғни есірткі тобының басқа қатысушыларын ұстауға бұйрық берілді.

1997 жылғы 29 қазанда өткізілген іс-шаралар нәтижесінде Нигерияның үш азаматы, Мали Республикасының бір азаматы және РФ бір азаматшасы ұсталды. Заңсыз айна-

лымнан жалпы құны 11 млн теңгеден асатын 3 кг героин алынды. Аталған дерек бойынша қылмыстық іс қозғалды. Тергеу барысында ұсталған үш африкалықтың төлқұжаттары жалған болып шықты. Аталған есірткі саудагерлері Қазақстанға ірі көлемде героин мен кокаинды жеткізіп тұрғандығы, одан ары қарай Ресейге және басқа елдерге бірнеше мәрте есірткі тасымалдаушыларды жөнелткені анықталды.

«Сафари» операциясы кезінде жинақталған тәжірибе қазақстандық чекистерге трансұлттық есірткі құрылымдарын анықтай білуде және жолын кесуде тиімді шаралар қолдануға, халықаралық есірткі арналарын жою бойынша бірлескен жедел іс-шаралар өткізу аясында шетелдік серіктестермен ынтымақтастық орнатуда пайдасын тигізді.



# АРАНДАТУҒА ЖОЛ БЕРІЛМЕДІ

Шетелдік диверсанттармен болған айқастағы  
жеңіс жайлы хикая

1997

---

---

---





Мергендер винтовкасынан атылған оқ 13 жасар тәжік қызының өмірін қиып түсті. Оның денесі тамыз айында таңертеңгі уақытта ол пісте терген тау бөктерінен табылды. Бұл оқиға «Висхаровское ущелье» деп аталатын шекаралық бекеттегі қазақстандық позициядан бір жарым шақырым қашықтықта орын алды.

Қазақстан шекара әскерлерінің он бесінші құрама атқыштар батальонының Тәжікстанға келгеніне бір айдай уақыт болған еді. Бөлімше РФ Шекара әскерлері тобының 136-шы шекара отрядының жауапкершілігіндегі бөлігінде Тәжікстан Республикасының Ауғанстанмен арадағы мемлекеттік шекарасының қорғалуын қамтамасыз етіп тұрды. Олардың жауапкершілік аймағында стратегиялық маңызы зор Висхара және Пшихарв шатқалдары бар еді. Аталған уақыт ішінде жас сарбаздар көп нәрсені бастарынан өткеріп үлгерді, ал 1997 жылғы жаздың сол бір күнін олар ұзақ жылдар бойы естеріне сақтап қалды.

Тоғмай ауылынан шыққан жасөспірімнің өлімі айтып болмас оқиғалардың бастауына айналып жүре берді. Жансыз дененің табылғанына бір сағат өтер-өтпес уақыт аралығында бүкіл қышлақ аяқтарынан тік тұрды. Әйелдер



1997

еңіреп, шаштарын жұлды. Еркектер қолдарына кетпен, шот, пышақ, тіпті жай ғана тас ұстап, қаруланып алды.

Ашу-ыза кернеген, кек қайтаруға ниеттенген топ қазақстандық шекарашылар орналасқан жаққа қарай бет алды. Олар тәжікше, орысша қарғыс жаудырып, кек қайтаруды талап етіп, шекаралық бекетке қарай мақсатты түрде келе жатты. Жолындағысының бәрін қиратып, талқандап, бәрін өлтіріп тастауға дайындалып келе жатқан ызалы топтың артынан бірнеше милиция қызметкерлері амалсыз ілесіп отырды...

Сол күні, нақтырақ айтқанда 21 тамыз күні қолына автоматын ұстаған қазақстандық әскери қызметші Фархат өзіне қандай айып тағыларын сезбестен жайбарақат бекетте тұрды. Жергілікті тұрғындарға несімен жақпай қалғанын түсінбеген сарбаз әуелгіде сасқалақтап, әрі үрейленіп қалды. Тобыр жақындаған сайын ол қолындағы автоматын арық қолдарымен сығымдай ұстады.

Қазбат орналасқан позицияға 10 шақты метр қалғанда аралық жолаққа ҰҚК әскери қарсы барлауының жедел тобы келіп жетті....

Әскери қарсы барлаудың үш қызметкерінен тұратын жедел топ Тәжікстанға 15-ші жеке құрама атқыштар бата-



льонының сапында келген еді. Топтың басшысы капитан В. Ким болды, жедел уәкілдер аға лейтенанттар Е. Кәрбозов пен Е. Жәкішев оған көмек көрсетті.

Сол бір жайсыз күні жедел топ ертерек тамақтанып, алда тұрған іс-шаралар жоспарын талқылады. Оның үстіне 2 күннен кейін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Мемлекеттік шекараны қорғау күштерінің қолбасшысы келуі тиіс еді. Жоғары басшылыққа учаскедегі жедел жағдайды баяндау үшін оны қосымша зерделеу керек болатындығы айтпаса да түсінікті еді.

Осы кезде рация сөйлеп қоя берді, кезекшінің толқыған дауысы бір баланың өлтірілгенін және жергілікті тұрғындардың Қазбат позициясына қарай келе жатқандығын хабарлады. Үш минуттың ішінде жиналып, бекітілген машинаға қарғып мінген жедел қызметкерлер оқиға орнына қарай зымырады...

Бұл кезде жергілікті тұрғындар Фархат тұрған бекетке жақындап қалған еді. Кенеттен тура екі ортаға қуатты «Урал» машинасы келіп тоқтай қалды да, одан әскери қарсы барлаушылар секіріп түсті. Жедел топтың командирі агрессивті тобырмен келіссөз жүргізіп жатқан кезде жедел қызметкерлер қорқыныштан дірілдеп тұрған Фархатты сүйреп

апарып, машинаға тоғытып жіберді. Автоматын қысып ұстап, кузовта сұлап жатқан 19 жасар жігітті жедел қызметкерлер жылдамдатып шекара отрядының аумағына алып кетті. Сарбазды талап еткен тобыр шулаған күйі арт жақта қалды...

Нақты айғақ болмаса да, жергілікті құқық қорғау органдары Фархатқа қатысты қылмыстық іс қозғады.

Сарбазды шекара отрядының гауптвахтасына жасырып, оған күзет қоюды ұйымдастырған әскери қарсы барлаушылар өздерінің жеке тексерулеріне кірісті. Алғашқы тексеру қазақстандық бекет пен позицияда оқ атылмағандығын көрсетті. Фархатқа бекітіліп берілген қарудан оқ атылмағандығы дәлелденді. Оқиға болған жерге және қыздың мәйітіне жедел қызметкерлер жіберілмеді. «Мұны кім істеді? Не үшін?» — деген басты сұрақтар туындады. Жедел болжамдарды пысықтау жұмыстары басталды.

Қазақстандық және ресейлік шекарашыларға қарсы әртүрлі арандатушылықты дала командирі, Тәжікстанның Қорғаныс министрлігінің бұрынғы полковнигі Джунай-

Пәкістан және моджахедтерді қолдайтын басқа да елдердің арнаулы қызметтері диверсиялық, арандатушылық және өзге де нұқсан келтіру акцияларын өткізу үшін құрған «Қара құтандар» тобы (арнаулы мақсаттағы бөлімшесі) Қазақстанның Шекара әскерлерінің батальоны күзететін тәжік-ауған учаскесінде әрекет етті. Осындай жағдайда қазақстандық батальонның құрамында ҰҚК әскери қарсы барлауының жедел тобы жұмыс істеді.

дулло Умаровтың басшылығындағы топтар жиі жүргізетін. Ауғанстан аумағындағы мемлекеттік шекара сызығынан 20 шақырым қашықтықтағы Шуриен қышлағына бекініп алған банда асқан қатыгездікпен қимылдайтын. Барлау деректеріне қарағанда олар жақсы қаруланған 150 содырдан тұрады.

Осы учаскеде Біріккен тәжік оппозициясының және Тәжікстанның исламдық қайта өрлеу партиясының мүшелері де барлау-бүлдіру жұмыстарымен белсенді түрде айналысты, олардың мақсаттары ахуалды шайқалту еді.

Бірақ бұл бандалық құрылымдар, басшыларын қоса есептегенде, негізінен тәжіктерден тұрады. Сондықтан жасөспірім тәжік қызын өлтіру олар үшін шектен шыққан қатыгездік болар еді, әрі мұндайға жол берілмес еді. Бұған қоса, қайтыс болған қыздың әкесі бандалық құрылымдар-





дың мүшелерімен байланысты қолдап отыратындығы анықталды. Бір сөзбен айтқанда, сансыз сауал қаумалап тұрды.

Қарсы барлаушылардың бағалы жедел дереккөздерінің бірі - «Висори» дейтін лақап аты бар жергілікті тұрғын еді. Үлкен отбасы бар, ал жалақысы тамағына жетпей отырған отағасы қазақстандық жедел қызметкерлердің азық-түлік түрінде беретін көмегін шын көңілмен қабылдайтын. Бұлар негізінен ұн, нан, консервілер болатын. Өзінің алғысы ретінде қажет ақпараттарды тауып беретін.

Қыздың өлімі кімге тиімді болады деген сұрақтың жауабын табуда «Висори» шешуші рөл атқарды. Одан оқиға болардың алдында аталған шекара учаскесін «Қара құтандар» деген ауғандық топтың кесіп өткендігі туралы ақпарат алынды.

Ол топ туралы ақпарат әртүрлі, тіпті бір-біріне қарама-қайшы келетін. Негізгі болжам бойынша, ол ауған соғысы кезінде құрылған арнайы мақсаттағы диверсиялық-жойғыш отряд. Отряд мүшелері әртүрлі қару-жарақ түрлерін, байланыс құралдарын кәсіби түрде білетін, топографиялық картаны оқи алатын, жақсы дайындалған әскери мамандар болатын. Олар жергілікті жерде бағыттарын оп-оңай таба



білетін және тұрмыста күй талғамайтын жандар еді. «Қара құтандар» тобының әр мүшесі әмбебап сарбаз болатын, бір мезгілде радистің, мергеннің, минашының міндеттерін атқара беретін.

«Висоридің» мәліметі бойынша, қыздың өлімі арқылы «Қара құтандар» тобы жергілікті халық пен әскери қызметшілердің арасында қақтығыс отын жақпақшы болған. Осыдан екі ай бұрын қарсылас жақтар бейбіт келісімге қол қойған болатын, ал осыны бұзу үшін, қазақстандық шекарашылардың бейбіт халыққа қарай «оқ атуы» таптырмайтын амал еді.

Қолдағы мәліметтерге талдау жасалғаннан кейін, жалған жаладан әскери қызметшіні арашалау үшін атқарылатын шаралар жоспары жасалды. Фархаттың қауіпсіздігін қамтамасыз ету басты міндеттің бірі болды, ол үшін оны шұғыл түрде елге қайтару керек еді.

Екі күннен кейін келген Қазақстан Мемлекеттік шекарасын қорғау күштерінің қолбасшысына жедел топ басшысы оқиғаның болжамдары туралы айтып, тергеудің аяқталғанын күтпестен сарбазды Тәжікстаннан әкету қажеттігі туралы ұсынысын баяндады. Әскери қарсы барлаушылардың тыңғылықты ұсыныстарымен келіскен генерал сарбазды астыртын түрде тікұшақпен әуелі Душанбеге, одан

әрі әскери ұшақпен Алматыға алып кетті.


Енді әскери қарсы барлаушылардың алдында сарбаздың кінәсіз екендігіне жергілікті халықты, оның ішінде қазақстандық шекарашыларды жазалайтындығын мәлімдеп жүрген қыздың әкесін сендіру міндеті тұрды.

Жедел қызметкерлер бұл үшін жергілікті басшылардың бірінің ықпалын қолданды. Ол сарбаздың кінәсіз екендігіне қышлақ тұрғындарын сендірді.

Жедел қызметкерлердің ой-ниетіне жергілікті ақсақалдармен байланысы бар, әрі ықпалы зор «Висори» да белсенділікпен қосылды. Оның сөзінен кейін ақсақалдардың бірі әскери қарсы барлаушылармен сөйлескісі келіп, оларды «Висори» арқылы қонаққа шақырды.

Ұзақ талқылаудан кейін аға лейтенант Е. Карбозов «Висориға» ілесіп қышлаққа барды. Әскери қарсы барлау офицерінің еліміздің оңтүстік аймағындағы ауылдан шыққандығы да рөл ойнады. Қарапайым диқанның өмірін жақсы білетін аға лейтенанттың әңгімесі, өзін мұқият бақылаған ақсақалдың құрметін оятты. Жедел қызметкердің өзі туралы, үйі, ата-анасы және бала кезінен егістікте атқарған жұмысы туралы айтқан естеліктері әңгіменің шырайын келтірді.

Қыз өлтірілген күні ауғандық моджахедтердің диверсиялық тобының шекараны бұзып өткендігі туралы жедел қызметкер айтқан дерек шырайы келген әңгімеге сенімділік бере түсті. Оны «Висори» да қолдады, ол қазақстандық офи-





цердің сөзін толықтырып, диверсанттардың қатыгездігі туралы әңгімеледі және олардың мақсаты тәжіктер мен қазақтарды араздастыру болғандығын айтты.

Ақсақал олардың әңгімелерін тындап, бір сәт қонақтарына өткір жанарын қадап, ойланып қалды. Бір кезде сәкіден баяу тұрып, үндемеген қалпы ауласының түкпіріне кіріп кетті де, бір уақытта қолына қоразын ұстап қайта шықты. Ол жедел қызметкерге тағы бір рет назар аудара қарап, ата-анасы тәрбиелі ұл өсіргендігін айтып, оған қолындағы қоразын берді. «Висори» бұған күлімсірей қарады. Жол-жөнекей келе жатып ол тәжіктерде ең құрметті қонағына қораз сыйлайтын дәстүр бар екендігін, бұл жақсы белгі екендігін түсіндірді.

Арада уақыт өткенде шекара отрядының басшылығы қыздың өліміне байланысты және басқа да арандатушылықтарға Ауғанстаннан келген диверсиялық топтың қатыстылығын дәлелдейтін айғақтарды ресми билік орындарына берді. Жағдай тұрақтанды.

Қазақстанның Мемлекеттік шекарасын күзету күштері әскери қарсы барлаушылардың әрекетін жоғары бағалады. Жедел топтың барлық мүшелері ведомстволық наградалармен марапатталды.



# «ВИКТОРИЯ» — ҚАРСЫ БАРЛАУДЫҢ АЛҒАШҚЫ ЕЛЕУЛІ ЖЕҢІСІ!

Жедел қызметкердің естелігінен



1996 жылдың аяғында тендесі жоқ операция өткізіп, бірнеше айдан кейін Комитетте алғашқылардың бірі болып «Айбын» орденінің иегері боламын деп ойлаған жоқ едім.

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін, кезінде тағдырдың тәлкегімен шетелде өмір сүрген біздің көптеген отандастарымыз өздерінің тарихи отандарына орала бастады. Барлығы өздері үшін, бала-шағалары үшін жақсы өмірді табуға ұмтылды.

Үлкен толқынмен ағылып келіп жатқан оралмандарға қатысты қарсы барлау қызметі сүзгіден өткізу жұмыстарын атқарып жатты. Елімізге терроршылар мен қылмыс әлемінің өкілдерін ғана емес, шетел шпиондарын кіргізбеу де маңызды еді.

Барлық аймақтардағы азаматтық алғысы келетін үміткерлермен жедел қызметкерлер жеке жұмыс істеді. Жұмыс



1998

нәтижесі әрбір қарсы барлаушының жедел қызметтегі тәжірибесімен ғана емес, сонымен бірге олардың әрбір адамның жеке өмірімен қаншалықты шынайы айналысатындығына байланысты болды.

Барлығы 1997 жылғы қаңтар айында ҰҚК Маңғыстау облысы бойынша департаментінің Орталыққа жіберген шифрлы жолдауынан басталды: сүзгіден өткізу кезінде екі адамнан ирандық барлаудың агентурасына қатыстылық белгілері анықталды.

Бұл хабардан төбе шашым тік тұрды деп айтпай-ақ қояйын. Ол кезде арнаулы қызметтер елімізде белсенді түрде жұмыс істеп жатты, сол уақытта да жағдайды бақылауға тырыстық.

Тәуелсіз Қазақстанның Қытаймен, Ресеймен ыңғайлы орналасуымен қатар, оның үлкен ресурстары, транзиттік және экономикалық әлеуеті бар екендігін бәрі түсініп отырды.

Бір-бірін танымайтын екі репатриантқа жүргізілген сауалнама нәтижесінде алдын ала дайындалған жаттанды жауап алынғандығы сол шифр-

лы жеделхатта айтылған болатын.

Олардың жүріс-тұрысында абыржушылық байқалғанына қарамастан, сауалнама алдында дайындықтан өткендіктері және бірдеңені шынымен жасырып тұрғандықтары байқалды.



Екеуі де Иранның әртүрлі екі аймағынан біздің елімізге әртүрлі уақытта, араға бірнеше ай салып келген: біреуі «Нұрлан» — жақсы білімі бар, орта жастағы, жігерлі, бірнеше тілде еркін сөйлейтін шашы ағара бастаған ер кісі, екіншісі «Азат» есімді жігіт оған түбегейлі қарама-қарсы тұлға — жас, спортпен шыныққан, жақында ғана этникалық иран қызына үйленген жігіт.

Екі азаматты тыңғылықты тексеруге осы белгінің өзі жеткілікті еді. Мүмкіндігінше тезірек, асқан ұқыптылықпен оларды «сүзгіден» өткізіп, олардың Қазақстанға келудегі негізгі ниеттерін анықтау керек болды.

Сыртқы бақылаудан бөлек, аталған адамдардың маңайына сенімді агенттер енгізудің сәті түсті, ал олардың телефондары мен пәтерлері бақылауға алынды. Сөйтіп «Нұрлан» мен «Азат» қарсы барлаудың «қырағы көзіне» түсті.

Біршама уақыт өткенде біз «Нұрлан» мен әйелінің арасындағы елең еткізерлік әңгімені «ұстадық». Ұйықтар алдында әйелі сыбырлап қана «ирандық достардың» байла-

нысқа шыққан-шықпағандығын сұрады. Әйелінің әңгімесін аяқ астынан үзіп тастаған ол тезірек ұйықтауын өтінді.

Бірақ «Нұрланның» соңынан қойылған ұзақ мерзімді бақылау оның жүріс-тұрысынан күдіктенетін ештеңе таппады.

Жұмыстан кейін отбасына қайтып, бұрыннан араласатын адамдарымен байланыс ұстап отырды, ал ол адамдарды біз тыңғылықты тексерген болатынбыз. Агенттер оларды тек жақсы жағынан ғана сипаттап отырды.

Алайда, әйелінің аузынан шығып кеткен сол бір ауыз сөз маған тыныштық бермеді. Оның тасасында бір құпия тарих, қорқыныш және қауіпті сезетін әйелдің сезімі жасырынып жатқандығын интуициям айтып тұрды.

Басшылықпен келісе отырып, бізге мәлім мәліметтерді білдірмей, «Нұрланды» мүмкіндігінше барынша ашық әңгімеге тарту керек деп шешілді. Психологтың көмегі арқылы біз оның жанындағы нәзік нүктесін табуға тырыстық.

Бізге бұл істің сәті түсті. Ширығумен өткен екі сағаттық әңгімеден кейін «Нұрланның» шын мәнінде кім екендігін мойындауына тура келді, Қазақстанға келердің алдында бірнеше жыл бұрын оны Иранның арнаулы қызметі астыртын жұмысқа тартып, барлау мүддесіндегі жауапты жұмыстарын орындағандығын айтып берді.

Біздің елге келердің алдында шетелдік жетекшісі алдағы құпия жұмысы, барлаушылардың жұмыс тәсілі туралы тыңғылықты түрде нұсқама береді.

Атап айтқанда, Ақтау қаласына орныққаннан кейін, біраз уақыттан соң ол алдағы кездесудің орны мен уақыты құпия

түрде жазылған хат алуы тиіс болатын. Қолына шартты белгі болып табылатын азық-түлікке арналған қызыл түсті пакет ұстап, кездесу орнына кешікпей келу жағы талап етілді.

«Нұрлан» жылап тұрып, Қазақстанға шын берілгендігін айтып қарсы барлаушыларды сендірді, ирандық арнаулы қызметке жұмыс істегісі келмейтіндігін білдірді. Осыншама уақыт қорқынышпен өмір сүргендігін, барлығын қалай мойындау керектігін білмегендігін айтып ақталды.

Келесі күні таңертең оның кінәсін мойындауы туралы қағаздарын ұқыпты оқи отырып, бейнежазбаны бірнеше мәрте айналдырып, әңгіме барысындағы оның жүріс-тұрысын зерттедік. Өтірік айтып тұрмағандығы байқалды.

Белгілі болғанындай, жағдайға байланысты қысым жасалып, тәуелділікке түсіп қалғаннан кейін барып ол жасырын қызметке көмек көрсетуге келісіпті.

Анықталған шетелдік агентті қайтадан жасырын қызметке тартып, бірнеше апта бойы қарсы барлау тарапынан тыңғылықты жұмыс жүргізілді. Ол енді біздің жіті бақылауымызбен ирандық барлаушымен болатын болашақ байланысқа дайындалып жатты.

Ирандық барлау біздің еліміздің аумағында қандай нақты жұмыс істеп жатқандығын білу маңызды болды, әрине ұлттық қауіпсіздікке келетін зиянды кез келген тәсілмен болдырмау керектігі айтпаса да түсінікті еді.

Ал «Нұрланның» өзі маған ұнады. Оның адамгершілік қасиеттері сенімді және шынайы екендігі ешқандай күдік тудырмады.

Осымен қатар, жоғарыдағыдай тәсілдің арқасында «Азат» та анықталды, ирандық арнаулы қызметпен болған байла-



1998

ныстарына қатты өкінбей-ақ, Комитет жағына өтуге ниетін білдірді.

«Нұрлан» секілді ол да ирандық барлау тарапынан келетін жасырын белгіні күтіп, іс-шараға қатысуға дайын отырды.

Шындығын айтқанда, біз «Азатқа» аса қатты сенбедік, сондықтан шартты сенім бойынша жұмыс істедік. Оның соңынан қойылған бақылау бір минут та үзілмеді.

1997 жылғы көктем күндерінің бірінде, кезекті демалысқа дайындалып жатқан кезімде, Қарсы барлау департаментінің бастығы Р.Т. Тілебалдинов кенеттен мені өзіне шақырды.

Бас изеп амандасқаннан кейін, отыруымды өтініп, «Өте шұғыл!» деген белгісі бар ҰҚК Маңғыстау облысы бойынша департаментінен келген шифрлы жеделхатты қолыма ұстатты. Мен оған қарамай-ақ ақпараттың мазмұны не туралы екендігін түсінгендей болдым.



Жақында «Нұрлан» ирандағы туыстарынан жөнелтпе алған болатын, оның ішінде барлау өкілімен болатын кездесудің уақыты құпиялы түрде жазылған еді: 12 наурыз, 19:00, «Шапағат» базарының кіреберісі.

Басым айналып кеткендей болды. Пойызға сатып алынған билеттерге, отбасымның үйде күтіп отырғанына қарамастан демалыс туралы ой солзаматта-ақ санадан ұшып кетті. Олардың мені түсінетіндігіне және қолдайтындығына сенімді едім.

Кабинетіме келе жатып бұл алда болатын күрделі, көпсатылы, құпия атауы «Виктория» деп аталатын операцияның басы ғана екендігін іштей сезіндім.

Жаңадан құрылған қарсы барлау қызметі шетелдік арнаулы қызметті қалай да жеңіп шығуы керек, сөйтіп Отанымды қорғауға нақты үлес қосуым керек деген таудай талап ішімде бұлқынып жатты.

Дайындыққа санаулы ғана күндер берілді. Аталған күні «Нұрланның» шетелдік барлаушымен кездескенін қарсы барлаушылар жасырын түрде жазып алды.

Бір ауыз сараң сөздің астарында мол мағына және интеллектуалды, қозғалысты талап ететін тынымсыз еңбек жатауындығын кез келген адам түсіне бермейді. Тынымсыз еңбектенуге тура келді.

Алдағы болатын кездесу орны толықтай бақылауға алынып, қалаға келетін барлық жолдар жасырын түрде «жабылды».

Кездесуге иран арнаулы қызметінің полковнигі «Абур» есімді орта жастағы адам келді, Ақтауға Түрікменстан арқылы бизнесмен кейпінде келіпті.

Ол адам бізге кәсіпкер ретінде бұрыннан таныс еді, бұған дейін елімізге бірнеше мәрте келіп, іскерлік байланыстар орнатқан болатын. Қалалық департамент оның байланыстарын тыңғылықты түрде зерттеген еді, бірақ ирандық барлаушы деген ой ешкімнің басына келмеді.

Сырттай қараған адам «Абурдың» шетелдегі барлау жұмысында мол тәжірибесі бар, мақсатына кез келген жолмен жетуге дайын адам деп әсте ойламайды.

Ақтауға әртүрлі жолдармен келген «Абур» екі әріптесінің жасырын көмегімен кәсіби түрде қимыл жасаған, агенттерді қаржылай қамтамасыз етіп отырған, құпия байланыс, жедел тапсырмалар мен жүріс-тұрыс тәсілдерін пысықтаған.

«Нұрланға» берілген тапсырма, тез арада тамыр-таныстарымен байланысын кеңейтіп, батыс бизнесмендері туралы және Қазақстандағы жағдай туралы мәлімет жинау болды.

Операция белсенді фазасына өтті. Арада бір ай өткенде бұл іске «Азат» та кірісті, онымен ирандықтар басқаша тәсіл арқылы байланыс орнатты.

Ирандық барлаушылар да «Азатқа» біз секілді толық сенбеді, сондықтан онымен өте абайлап жұмыс істеп, нақты мақсаттарын толығымен білдірмеді.

Ол Ақтауға келетін ирандық «бизнесмендермен» тұрақты түрде кездесіп, солардың тапсырмаларын орындап отырды.

«Нұрлан» мен «Азаттың» арқасында барлау орталықтарында дайындықтан өткен ондаған ирандық агенттер анықталып, олардың жолдары кесілді және шетелдік арнаулы қызметтің жасырын мақсатын толығымен түсінудің сәті түсті. Осы уақыттан бастап олардың іс-қимылы толығымен біздің бақылауымызға көшті.

Ирандық агентуралық жүйенің негізгі міндеті исламдық фундаментализм идеяларын насихаттау және біздің азаматтардың арасынан жаңа насихатшылар табу екен.

Алайда, «Абурдың» біздің «Нұрланмен» жүргізіп жатқан құпия жұмыстары бізді шынымен мазасыздандыра бастады. Сол уақытпен салыстырғанда оған қомақты қаржы төлеп отырды, сонымен қатар сыйлық алып беруге, басқаша да көңіл аударып отыруға сараңдық танытпады.

Қарсы барлаудың талдаушылары ирандық арнаулы қызмет агентті маңызды тапсырма орындау үшін дайындап жатыр деген тұжырым жасады. Менің өзімде де бұған ешқандай күмән болмады.

1997 жылдың ортасында, ирандық арнаулы қызмет «Абурдың» Ақтауға баратын кезекті сапары қарсы барлаудың күдігін тудыратын болғандықтан, олар «Нұрланмен» жүргізілетін жұмыстарды әсем қала Алматыда өткізу туралы шешімге келеді.

Қарсы жақтың көзқарасы бойынша, ол жақта елшілік резидентурасының қолдауымен және бүркемелеп отырумен жұмыс істеу жеңілдеу болатын еді. Бұдан былай «Нұрланмен» болатын кездесулер тек қана Алматыда, өте құпия жағдайда өтетін болды.

Оларды жасырын бүркемелеу іс-шараларына резидентураның барлық құрамы қатыстырылды. Резиденттің басшылығымен барлаушылар қарсы барлаудың назарын басқа жаққа аудару үшін түрлі амал-айла мен қулық-сұмдық ұйымдастырып отырды.

Сол кезде олар теңдесі жоқ «Виктория» операциясының басты орындаушысы «Нұрлан» екендігін, ол біздің бақылауымызбен қимылдап жүргендігін тіпті сезбеді.

Толығымен зерттеліп, бірнеше мәрте тексеруден өткендіктен біз оған толығымен сенім арттық. Бала-шағасының болашағын тек қана Қазақстанмен байланыстыруы біз үшін өте маңызды болды.

Бір күні «Абур» астанаға ұшып келді. Жалға алынған пәтерге орналасып алған соң, алдағы уақытта «Нұрланмен» болатын байланыс шарасының бағдарын тексеруге шықты.

Ол үшін соңында бақылаудың жоқ екендігіне көз жеткізу маңызды болса, біз үшін оның заттарын тексеріп алудың сирек мүмкіндігі маңызды еді. Пәтер кілттерінің көшірмесі дайын болып, кішкентай ғана шаруа қалған-ды.

Тәуекел етіп жүріп, оның заттарын жедел зерделеп, суретке түсіріп үлгердік, күдік тудыратын ештеңе таппаған соң шығуға беттеп бара жатқанбыз.

Кенет, қаламсаптың қалпағына жасырылған бір жапырақ қағазды байқап қалдық: агентке беруді жоспарлаған кезекті тапсырманың мазмұны екен. Біз жағамызды ұстадық. Бұл деген енді шектен шығушылық еді...

Біз ойлаған қауіп-қатер шындыққа айналды. Келесі кездесуінде «Абур» оған әрі жауапты, әрі қауіпті тапсырма берді.

Ол тапсырма ойдағыдай орындалғанда еліміз нақтылай зиян шегумен қатар, келеңсіз халықаралық себеп-салдарға ұрынған болар еді.

Мемлекет басшысына бұл туралы баяндалғаннан кейін басшылық ирандық барлаушылардың қылмыстық істерінің тез арада жолын кесу туралы шешім қабылдады. Мұндай

шешімді тек жақын арада айғақ заттарымен ұстау арқылы ғана жүзеге асыруға болатын еді.

Келесі күні полковник Тілебалдинов Р.Т. ҰҚК Маңғыстау облысы бойынша департаменті бастығының және Тергеу департаменті өкілдерінің қатысуымен шұғыл кеңес өткізді.

Мен оның кабинетіне қарсы барлау операциясының барлық томдарын көтеріп кіргеннен кейін арада төрт сағат өткенде бір-ақ шықтым. Алдағы уақыттағы ирандық шпиондарды ұстау іс-шарасының қыр-сыры «басты қатыратын» шиеленісті ауанда талқыланды, тіпті дауыстарымыз қатты шығып та кетіп жатты.

Мемлекет қауіпсіздігі тәуекелдің тұғырында тұрғандығын бәріміз де жақсы түсіндік.

Түнге дейін болған кеңестен кейін біз арнайы операцияны ұйымдастыруға аттандық. Екі күннен кейін барлаушының «Нұрланмен» кезекті кездесуі болатын еді.

Осының қарсаңында бізді алдап соғу үшін, әрі агентпен болатын маңызды кездесу кезіндегі біздің күшімізді алдарқату мақсатында елшіліктегі резидентура басшысы күтпеген жерден батыс аймақтарға ұшып кетті. Бірақ біз ол бойынша да, іс-шараның басты ойыншысына қатысты да сәтті жұмыс атқара білдік.

24 ақпан күні үйінен шыққан «Абур» екі сағат бойы бағыт-бағдарын тексеріп өтіп, Никольский базарының аумағына енді. Ол жерде оны екі әріптесі күтіп тұр еді, олардың негізгі жұмысы бастықтарының іс-қимылын жасыру болатын.



1998

«Нұрланмен» көз түйістіргеннен кейін, барлаушы оған ирандық дипмиссия жақтағы базардың шыға берісін нұсқады.

Олар шынымен-ақ елшілікке кетіп бара жатырма? Жон арқамнан суық тер бұрқ ете қалды. Айта кетейін, осы операция самайымдағы бірнеше шашымды ағартты.

«Нұрлан» ғимаратқа кіретін болса ұстау операциясының жүзеге аспай қалатындығы былай тұрсын, тіпті оның өзінің кім екендігі толығымен ашылатындай қауіп төнді. Әрине, оның бойындағы тыңдау құрылғысы тексеру барысында сөзсіз табылған болар еді.

Бір жағынан алғанда, заттай айғақ болмағандықтан, яғни кетіп бара жатқан барлаушыға негізгі құжаттарды әлі бермегендіктен оны ұстау да мүмкін емес еді.

Тағдыр бізге істің сәтін салды. Агентпен бірге базарды айналып келген «Абур» оны сырт көзден тасалау жерге бағыттап, әңгімесін жалғастырды. Бірнеше минуттан кейін ол агенттің берген құжаттарын қолында ұстап тұрды. Ұстау туралы бұйрық сол заматта берілді.

Жүгіріп келген ұстау тобы «Абур» мен оны жан-жағынан қорғап тұрған екі әріптесінің қолын қайырды. Оқиғаның



алдағы себеп-салдарын ойлаған шпиондар үрей мен қорқыныш құшағында тұрды.

Жарты сағаттай уақыт өткенде олар ҰҚК Тергеу изоляторында көңіл-күйлері болмай, ықыластыз түрде жауап беріп жатты.

Шындығын айтқанда, сыбайластар істің соңына дейін тергеуді шатастырып, жалған сурлеуге салғылары келді.

Ұстау кезінде көз қылып, «Нұрланның» өзін «мыжып» алуға тура келді, жаны шығардай көзі бақырайып, түрі саза-рып кетті. Ол көпке дейін бұл оқиғаны өкпелеп еске алып жүрді.

Сол күні ҰҚК Тергеу департаменті «Шпиондық» бабы бойынша қылмыстық іс қозғады. Айыптыларға қазақстандық түрмелерде ұзақ жылдар бойы отыру қаупі төніп тұрды.

Арнайы операция нәтижесінде ирандық барлау қызметінің толықтай шектелгендігін ескере отырып, Мемлекет басшысының ізгілікті ықыласының негізінде, істің фигуранттарына рақымшылық жасалып, республикадан шығарылды.

Арада екі айдай уақыт өткенде арнайы операцияның ұйымдастырушылары мен дайындаушылары, барлығы бес адам ҚР Президенті резиденциясының салтанатты залында демімізді ішке тартып, Нұрсұлтан Назарбаевтың келуін күтіп тұрдық.

Бес орден, екі генерал атағы, Президенттің қолын алу құрметі және алғыс алу — осы іс-шара барысында жұмсаған барлық күш-жігеріміз бен жұқарған жүйкеміздің өтеуі еді, ең бастысы тұрақтылықты сақтауға өз үлесімізді қосқанымыз үшін бойымызды мақтаныш сезімі кернеді.

Кейінірек көптеген шетелдің мемлекет басшылары теңдесі жоқ операцияның қорытындысына таңданыстарын білдіріп жатты, ал Иранмен қарым-қатынас аздаған уақыт шиеленісті болғанына қарамастан жаңаша тату көршілік деңгейіне көтерілді.

Қазақстандық қарсы барлау қызметі бір қарағанда жастау, тәжірибесіз болып көрінгенімен, қай жерден шыққанына қарамастан кез келген қаскүнемдік сипаттағы іс-қимылға тойтарыс бере алатындығын бүкіл әлемге паш етті.

Аталған операцияның нәтижесі мен үшін тек қана орден және отбасымның мақтаныш сезімі ғана емес, сонымен бірге алдағы жедел қызметте және күнделікті өмірдегі жеңістерге деген шабытымды оятты.

Отан игілігі үшін әлі де қызмет етіп келемін...





## АҢҒА ҚҰРЫЛҒАН ҚАҚПАН

Өткен ғасырдың соңында Өскеменде тұрақтылық болмады. Жалақы, зейнетақы және әлеуметтік жәрдемақы бойынша аймақтағы қарыздар мыңдаған наразы адамдарды алаңға алып шықты. Әрине, арасында азаматтық қарама-қайшылыққа ұшырауға сәл қалған аймақты өздерінің саяси дивиденттерінің табыс көзі қылғысы келгендер де табылды. Бұл оқиғалар қазіргі Қазақстан тарихында «Пугачев бүлігі» ретінде есте қалды.

## ПУГАЧЕВТИҢ ГАСТРОЛЬДЕРІ

Пугачевтің өзі Шығыс Қазақстанның тумасы емес және тіпті Қазақстанда да тұрмаған. Ол аласапыран 1990-шы жылдары пайда болған әдеттегі авантюристердің бірі және «сәттілік солдатты» болған.

*Казимирчук Виктор Владимирович*, 1947 туған. Лақап аттары - «Пугачев» және «Емельян». Поляк, Мәскеуде туып-өскен, РФ азаматы. 1965 жылы 3 жылға, 1970 жылы 10 жылға сотталған, 1987 жылы аса қомақты көлемдегі валюталық алыпсатарлықпен айналысқан. Жақын араласатын адамдар арасында «өте үлкен құпия» ретінде 1993-1994 жылдары Югославия аумағында соғысқа қатысқанын, ал оған дейін Бас барлау басқармасының подполковнигі шенінде әскери қызмет атқарғанын, бірқатар батыс еуропалық мемлекеттердің резиденті болғанын айтады. Ресейдің заманауи саяси элитасы арасында көптеген таныстары бар, көбінесе ұлттық-патриоттық секторда көрінеді. Көптеген Мемлекеттік





2001

Дума депутаттарымен және елдегі ірі кәсіпкерлермен жеке таныстығы бар.

1990-шы жылдардың аяғында Мәскеуде өзі ұйымдастырған, бірақ әділет органдарында тіркелмеген «Русь» қоғамдық-патриоттық ұйымын (бұдан әрі — ҚПҰ) басқарған. Шамамен 1997 жылы «Алтай құрылысшысы» облыстық газетінің бұрынғы бас редакторы В. Чернышовпен тағдыр жолықтырады. 1998 жылдың жазында Пугачев немесе Казимирчук бірінші рет Шығыс Қазақстанға келеді. Казактардың радикалды қанатымен байланысқан облыстың және қаланың саяси өмірінің атақты радикалдары облыстық мәслихаттың депутаты Н. Иванов және А. Дашков деген адамдарға ол Чернышовтан екі кепілдемелік хатты алып келеді.

1999 жылдың жазында Пугачев және Чернышов бірлесе отырып Шығыс Қазақстанға келеді. Ведомствоның орталық аппаратының үйлестіруімен ҰҚК ШҚО бойынша департаментінің қызметкерлері кейінірек анықтағандай, сол кезде-ақ «Русь» ұйымының көшбасшысы облысты Қазақстаннан бөліп алу жоспарын ойластырып жүрген. Бірақ ол оны қалай жүзеге асыру керектігін білмеген еді.

«Русь» ұйымы Казимирчук пен Чернышовтың Өскеменге келетін кезінде РФ Мемлекеттік Думасына, Шығыс Қазақстан облысының жұртшылығына үндеу дайындады, бұл үндеуде ШҚО-да қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайлардың негативті жағын тілге тиек етеді. Сонымен қатар бұл үндеу арқылы көмек те сұрайды... Ал Шығыс Қазақстан облысының билігін қарулы күшпен басып алу туралы ойы, өзінің айтуы бойынша, Казимирчук Мәскеуге келгеннен кейін пайда болған, сол үшін топ ұйымдастырады.

Топтың негізгі бөлігі Ресей азаматтарынан және біреуі Молдова азаматынан құралды. Өскеменде бұған Чернышовтың бірнеше әріптестері қосылды. Қару-жарақты Омбы қаласынан сатып алады: калибрі 5,45 мм болатын 270 патрон, Ф-1 гранатасы және Калашников автоматының 4 магазині — бұл мәліметтер істің материалдарында сақталған.

Путачев сол жерде «Омское время» газетінің тілшілерінің төрт жалған куәлігін жасаған. Осы куәліктердің көмегімен ұйым мүшелері облыс және қала әкімшіліктерінің, құқық қорғау органдары департаменттерінің және басқармаларының орналасу мекенжайларын, әскери бөлімдердің орналасқан орындарын, олардың жұмыс кестесі мен қарулануы бойынша нақты ақпаратты жинағаны, халықтан сауалнама жүргізгені жедел іс-шара барысында белгілі болады.

## ЖАУЛАП АЛУ ЖОСПАРЫ

Сол уақыттағы облыстағы жағдай шынымен де тұрақтылық ауылынан алыс еді. Ірі және орта кәсіптің,

облыстағы ұйымдардың төлем бойынша қарызы өте жоғары болатын. Сонымен қатар орыстілді халықтың көптеп көшіп жатқан уақыты еді. Адамдардың өмірі мен тағдыры арасында өрттің шығуына тек сіріңкенің жетпей тұрғанын ойлаған Пугачев, сол сіріңкені жағуға дайын болды.

Сол уақытта Пугачев тобы Өскеменге дейін жетті. Осы мезгілде көшбасшы өз командасының алдына нақты міндетті белгіледі: Шығыс Қазақстан облысының билігін қарулы күш қолдану жолымен басып алып, сол жерде «Русский Алтай» автономиясын құру. Өз мақсатына жету үшін Пугачев жан-жақты дайындалды. Топты басқаруда әскери элементтерді енгізді — баянат, бұйрық беру тәртібі, ұйым ішіндегі рөлдерді бөліп берді, өзін командир етіп тағайындап, орынбасарын штаб бастығы етіп белгіледі.

Ұсталғаннан кейін ұйым штабында тінту жүргізген ҰҚК қызметкерлері төңкерістің идеологиялық және теориялық тұрғыдан дайындалуына таңғалады. Алынған заттар арасында — анархизм жөніндегі тарихи және практикалық кітаптар, «Декларационные положения ОПО «Русь», «Русский национализм и национальный вопрос в России», «Декларация Национального блока» және т.б. тақырыптағы саяси оппозициялық зерттеушілердің жұмыстары табылады.

Пугачев штабының негізгі жұмысы қаланың стратегиялық объектілері, арнаулы қызмет жұмысы, қаланың және облыстың басшылары жөнінде ақпарат жинауға бағытталды. Ол үшін топ мүшелері әскери бөлімшелерде бақылау жүргізген, Қарулы Күштер және ІІМ офицерлерімен кездесу жолдарын тынымсыз қарастырады, олардың көңіл-күйлері жөнінде барлау жұмыстарын жүргізеді, қаруды сатып

алу немесе ұрлап алу мүмкіншілігін іздестіреді. Абырой болғанда, әскери қызметшілердің ешқайсысы Казимирчук және оның көтерілісшілерінің ұсыныстарына қызығушылық танытпағанын атап өту керек.

Бірақ Пугачев ешқашан үмітін үзбеді және әрқашан жаңа бірлестіктерді іздеді, әрі Өскемен аумағынан тысқары жерлерден де сыбайлас табуға тырысты. Төңкеріске деген халықтың пікірін анықтау үшін «Союз офицеров» қоғамдық ұйымының және «Омское время» газетінің журналистері ретінде топ мүшелері Семей мен Аякөзге де барады. Сапар барысында ҰҚК ШҚО бойынша департаментінің ғимаратына шабуыл жасауды Риддер бекетінің атаманына ұсынады.

Казимирчук жергілікті казачествоның қолдауына үлкен үміт артты. 1999 жылдың қазан айының ортасында Н. Иванов арқылы Жоғары Ертіс орыс казачество қауымдастығының мүшесі Ю. Бессмертныхпен хабарласады, бірақ ол сенімділік тудырмайды. Сол күні кешке Бессмертных жорық атаманы С. Чулковпен хабарласып, Пугачев деген біреудің түсініксіз мәселе бойынша келгендігін хабарлайды. Осы уақытта Сібірлік казачествоның әскери атаманы Кононенко арандатушы келгенін Чулковқа айтып үлгереді. Топтың мақсаты — ШҚО билігін басып алып, казачествоның беделін түсіру еді.

Жоғары Ертіс орыс казачествосы қауымдастығының басшылары кейінірек ресми түрде мәлімдеме жариялайды: «Пугачев және оның сыбайластарының казактармен ешқандай байланысы жоқтығын мәлімдейміз. Біз қандайда бір террорлық көріністерді айыптаймыз. Біздің қоғамдағы ұлтаралық келісімді және бейбітшілікті ешқандай арандатулар мен Пугачев сияқты арандатқыштар бұза алмайды...

Терроршыларды іздеу жөніндегі жұмысты Жоғары Ертіс орыс казачество қауымдастығының басшыларының өздері бастады. Бірақ та оларды ҚР ҰҚК ұстады. Сол үшін біздің тарапымыздан аталған ведомствоның қызметкерлеріне айтар алғысымыз шексіз...».

### **«ОРЫС АЛТАЙЫ» ТУРАЛЫ АРМАНДАР**

Казачество бас тартқаннан кейін Пугачев бизнесмендер, депутаттар және қоғамдық белсенділер арасындағы одақтас-тарын ұйымдастыруға тырысты. Қолдау көрсеткендерге болашақта құрылатын автономиядан қызметтер ұсынды. Бұл бағытта оның нақты болжамдары болды.

Казимирчук-Пугачевтің жоспары бойынша «Орыс Алтайы» автономиясы екі аумақтан «құралуы» керек еді — ҚР Шығыс Қазақстан облысы және РФ Таулы Алтай автономды республикасы. Автономия басшылығын Мемлекеттік Кеңес атқарады. Негізгі портфельдер де үлестірілген болатын: Иванов — төраға, Казимирчук — қауіпсіздік, Атяшев — экономика салаларына жауап береді.

Болашақ автономия басшыларының қолында ең бірінші кезекте сотталатын немесе жойылатын адамдардың тізімі болды. 28 адам терроршылардың құрбаны болу керек еді: облыстың жоғары басшылары, ШҚО және Өскемен қаласының құқық қорғау органдарының барлық басшылары, ірі бизнесмендер мен кәсіпкерлер, ұйымдасқан қылмыстық топ көшбасшылары.



Пугачевтің жоспары бойынша төңкеріс түнде, құқық қорғау құрылымдарына шабуыл жасаудан басталуы керек еді.



Терроршылардың есебі бойынша таңертең келген офицерлер ғимаратта тойтарыс бере бастағанда, Казимирчук тобы атысты бастайды. Әрі қарай алаңға қала тұрғындары шығады. Оларға қарай жөнсіз атыс немесе от шашуды тастау тобыр арасында жаппай тәртіпсіздікті арандатқан болар еді. Шартарапқа ақпараттық агенттіктерден хабарламаның таралуы: Өскеменде атыс-шабыс болып жатыр... Сараптамышылардың ойынша, мұндай жағдайды басуға тұрақты армияның да күші жетпей қалар еді.



Бірақ Казимирчук-Пугачев штабында ең басты нәрсе ескерілмей қалған еді: Өскеменге келгеннен бастап олар ҰҚК назарында жүрген болатын. Сондықтан болашақ төңкерістің тарихи жолы мүлде басқаша аяқталды.

1999 жылғы 19 қарашаның түнінде, Казимирчук жоспарлаған оқиғаның басталуына бірнеше сағат қалғанда, жергілікті уақыт бойынша 22 сағат 53 минутта топ штабының Алматы көшесіндегі 52-24-үйінде орналасқан мекенжайына Комитет қызметкерлері баса-көктеп кірді.

Ұйымның жолы бола қалған жағдайда жариялауға дайындап отырған жоспарларын, басқа да құжаттарын жедел қызметкерлер тәркіледі. Оның ішінде «Қазақстанның орталық билігі тағайындаған басшылардың барлық билік өкілет-



2001

тігін ШҚО аумағындағы мекендейтін халық өкілдігіне беру туралы актісі», «ШҚО аумағында менің қарамағымдағы шұғыл қызметтегі әскери қызметшілер және мерзімінен тыс әскери қызметкерлерді міндетті қызметтен босату және запастағы офицерлерді босату туралы бұйрықтары» алынды.

«Орыс Алтайының» басшылығы өздерін жоғары саяси деңгейде көрсетуді де жоспарлады, бұл туралы «Декларацияда» (Халыққа арналған үндеу) жақсы айтылады, «Қазақстан Республикасының құрамындағы өзін-өзі басқаратын автономды Орыс Алтайы аумағының мәртебесі туралы «Орыс Алтайы Мемлекеттік Кеңесінің №1 Жарлығының» жобалары, «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы-

ның басшылығы сегіз жыл бұрын қолданған...» деген сөздерден басталатын декларация, «ҚР шекарасында ШҚО аумағындағы автономды мәртебе берілген Орыс Алтайы



мемлекетін құру туралы» декларацияның жобасы, «Орыс Алтайы» мемлекеттік құрылымының бірінші кезектегі жарлықтарының тізімі және басқа құжаттар оқыған адамға ой салары анық.

Экстремистік әрекеттегі Казимирчуктың қарулы тобына айыптау үшін барлық жиналған материал жеткілікті болды.

Шығыс Қазақстан облысының әкімі В.Л. Метте арнайы операцияның нәтижесі жарияланғаннан кейін мәлімдеме жасады: «Облыс орталығында бірқатар экстремистік іс-әрекеттерді жүзеге асыруды жоспарлаған адамдар тобын ҰҚК анықтап, өз уақытында ауыздықтады. Оның жетекшісі Ресей азаматы. «Русь» ұйымы — Ресей Федерациясының мемлекет-

тік құрылымына ешқандай қатысы жоқ және тіркелмеген қоғамдық-саяси бірлестік болып табылады... Болған жайт халықтың және менің қатты ашуыма тиді. Шығыс Қазақстан тұрғындарының саяси экстремистік арандатушылыққа түсіп қалмауына даналығы жететініне және бәрімізге ортақ үйіміздің тыныштығы мен бейбітшілігін сақтайтынына сенімдімін».

ҚР Тұңғыш Президенті — Елбасы Н.Ә. Назарбаев өткізілген арнайы операция үшін алғыс айтып: «Бұл мәселені қылмыстық іс ретінде қарастыруды құптаймын, себебі саяси астарын көріп тұрған жоқпын. Қазіргі уақытта ресейлік және қазақстандық арнаулы қызметтері инцидент бойынша тексерулер жүргізіп жатыр. Бұл сұрақтың анық-қанығын айта тынына сенімдімін», — деп мәлімдеді.

XX ғасырдың соңында ресейлік және қазақстандық арнаулы қызметтердің көмегімен «Орыс Алтайы» деген тақырып осымен жабылды.

## ТАҒЫ БІР АРАНДАТУШЫЛЫҚ

Бірақ ХХІ ғасырда жағдайды қайта жаңғырту әрекеттері, ұлтаралық шиеліністі арандату және екі елді, екі халықты араздастыру пиғылы тоқтамады.

Бәлеқор ресей жазушысы, ұлтшыл, РФ-да тыйым салынған «Ұлттық-большевиктер партиясының» көшбасшысы Эдуард Лимоновтың да (нағыз тегі — Савенко) Казимирчук сияқты, Шығыс Қазақстанға көзі түсті. 2001 жылы Шығыс Қазақстан облысының аумағына қарулы қақтығыс жолымен күштеп кіруді ұйымдастыру және



«Екінші Ресейді» орнату ойын жетілдіре түсті. Осы мақсатпен РФ Алтай Республикасының Усть-Коксовский ауданындағы Банный селосының аумағында өз «партиясын» қолдайтын қарулы топты жаттықтыратын база құрады (Шығыс Қазақстан облысының шекарасы маңайында).

Бұл жерде жауынгерлік және тактикалық дайындық сабақтарын ұйымдастырады, оның ішінде ҚР аумағында жауынгерлерінің туристер кейпіндегі «барлау жорығын» өткізеді.

Ресейлік және қазақстандық арнаулы қызметтің бірлескен іс-шараларының арқасында Лимоновтың деструктивті ойы дер кезінде ашылып, жолы кесілді. Ол тұтқындалып, кейінірек қаруды заңсыз сақтағаны үшін және терроризм бойынша айыпталып, сотталды.

2003 жылы босап шыққаннан кейін, Лимонов бірнеше рет арандатушылық мәлімдемелер жасап жүргенімен, нақты қадамдарға бармады.

2020 жылы қайтыс болғанша ультрарадикалды шовинистік позицияда қала берді.

## БАРЛАУШЫҒА АРНАЛҒАН ЭНДШПИЛЬ

Тымық күз. Әуе базасының қасындағы кафе. Орта бойлы, шымыр денелі еркек темекісін күлсалғышқа салып, тез сөндірді. Толқып кеткені сонша, ерік-жігерін жоғалтып, алдында жатқан құжаттарға қарады — Қазақстанның әскери жойғыш ұшақтарының сызбалары оның дірілдеген қолында тұрды. «Қолым жетті-ау», — деп іштей күбірлеп қойды, шпиондық миссиясы шырқау шегіне жақындап қалған еді...



...Оқиғаның басталған уақыты 2001 жылдың шілде айы еді, сол күні Әскери қарсы барлау бөліміндегі телефон шырылдап қоя берген. «Мәке, шұғыл кездесуіміз керек. Кейінге қалдыруға болмайтын іс болып тұр», — деді тұтқадағы дауыс.

Арада 30 минут өткенде Марат құпия пәтерде «Бауыржан» дейтін жедел лақап аты бар агентін күтіп отырды. Шұғыл кездесуге шақырған сол болатын. Кездесу кезінде ұсақ коммерциямен айналысатын, «дөңгеленіп өмір сүріп» жүрген шетелдік туралы әңгіме өрбіді. Әртүрлі сылтау айтып, ұсынылған саудадан қашқақтай беретіндігі сөз болды. Әскери бөлімдердің іс-қимылына, әскери қызметкерлермен және олардың айналасындағылармен достық қарым-қатынас орнатуға ерекше тырысатындығы оны өзінің отандастарынан ерекшелеп тұрады екен. Отан қорғаушыларға қомақты соманы қарызға беріп, қайтарымын алуға асықпайтын көрінеді. Кәсіпкер ретінде бүркемеленген шетелдік тамыр-таныстарының санын арттыра берді. Жергілікті тұрғындар оның атын айтуға қиналатын болғандықтан, жай ғана Коля дейді.

Күдік тудырып отырған шетелдіктің ойында не барын білу туралы шешім қабылданды. Отандары ортақ болғаннан кейін «Бауыржанның» аталған шетелдіктің сеніміне кіруі

аса қиын болмайтын еді, әрі күдік те тудырмайтындығы анық. Оның үстіне күдіктінің елінде талай мәрте болып келген, сондықтан онымен әңгіме көрігін қыздыру оған түкке тұрмайтын еді.

Кездесудің әртүрлі нұсқаларын талқылағаннан кейін жедел қызметкер мен агент шетелдікті қонаққа шақыруға келісті.

Шағын пәтердің жинақы бөлмесіндегі дастархан басында екі еркек әңгімелесіп отырды. Арасында үйдегі әйел де кіріп-шығып жүріп, күнделікті тұрмысқа қатысты әңгімеге араласып отырды. Үстел үстінде буы бұрқырап асылған ет және бөтелкедегі жартылай ішілген арақ тұрды. Достық көңіл-күйдегі әңгіме арасында «Бауыржан» жаңа танысына бірігіп металлолом тасу туралы ұсынысын айтты, металло-






лом дегенің Қазақстанда жеткілікті, ал түскен пайданы қылдай бөліп алып отырады. Бірақ мұндай ұсыныс шетелдікті онша қызықтыра қоймады. Оның аңсары қала шетіндегі әуе базасына көбірек ауып отырды.

Өз елінде бағалы металға сұраныстың жоғары екендігін, ондай металл әскери ұшақтардың басқару блоктары мен аппаратураларында болатындығын айтқан Коля, шын мәнінде ойындағысын білдірді. Арақты көбірек ішкендігі және үй иесінің қонақжайлылығы сақтық сезімін ұмыттырып жіберді.

Шетелдікпен әңгіме барысында Бауыржан әуе базасында қызмет ететін өзінің досы Берік туралы сөз етіп, қажет болса таныстыруға болатындығын айтты. Осыдан кейін екі адам да бүгінгі кездесудің қорытындысына разы болып тарасты.





Қарсы барлаушылардың гроссмейстерлік жоспарлары жандана түсті...

Бұл оқиғаның жаңа кейіпкері Берік шетелдікке құжаттардың құпия екендігін бірнеше мәрте қайталады, бірақ мұндай әңгіме Коляны тоқтатпады. Қармақтағы жемді жұтқандай болды.

Орталыққа жасаған Мараттың толық баяндамасынан кейін ҰҚК жедел тобы шұғыл түрде келіп жетті.

Жедел топ шпион үшін екі пакет құжат дайындады. Біріншісі — «танысушылық» сипаттағы құжаттар, оның ішінде ресейлік мөр басылған құпия емес материалдар жатты. Құжаттарды қараған шетелдік разы болып қалды.

Екінші пакет құпиялылық белгісі бар құжаттардан құралған сияқты болып көрінгенімен, шын мәнінде олай емес еді.

Алда жедел қызметкерлерді жауапты сәт күтіп тұрды — шпионды ұстау керек. Кездесу орны ретінде әуе базасының қасындағы үлкен емес бір қабатты ғимараттағы 10 адамдық кафе таңдап алынды. Шпионды дәл осы жерде «алу» туралы шешім қабылданды: ғимарат жабық, көшеге



қарағанда ыңғайлы, көшеде ауа райының қолайсыздығы да әсер етуі мүмкін.

Ұстайтын уақыт жақындап, жағдай күрделене түсті. Жедел қызметкерлердің асығыс та қауырт жүрістерінің астарында іс-шараға жоспарлы дайын-

дық жасырынып жатты. Алғашқы сәттен-ақ олар іске белсенділікпен кірісті. Марат оларды ойша араның ұясымен немесе құмырсқа илеуімен салыстырды, әркім өз жұмысын нақты біледі және өз міндеттерін орындайды.

ҰҚК жедел қызметкерлері іс-шараны техникалық тұрғыдан сүйемелдеу мәселесіне жете назар аударды. Кездейсоқ оқиғалардан сақтану үшін кафенің маңайы қоршауға алынды, ал келушілерге қойылған үстелдерде киімдерін ауыстырып киген ҰҚК қызметкерлері отырды. Бір сөзбен айтқанда, жедел топ толық әскери дайындықта болды.

Міне, алыстан таныс бейне көрінді. Әшейінде асықпай жүретін шетелдіктің аяқ алысы өзгеріп, әлденеден дәмеленген адамның жүрісіне ауысқандай асығып келе жатты. Шетелдік қауіпті сезген жоқ: кафедегілер-әскерилер бұған назар аудармастан, жайбарақат тамақтанып отырғандай болып көрінді. Дегенмен аудио-бейнеаппаратуралары оның келгенін тіркеп алған еді.

Қонағын күтіп отырған Берік оны қарсы бетіне жайғастырды. Қысқаша әңгіме айтқаннан кейін уәделі папканы ұсынды. Шетелдік темекі шеге отырып, құжаттарды аша бастады, сонымен қатар өзінің барлау резиденциясына

құжаттарды беретін сәтін де ойша қиялдап кетті. Көзі жүгіріп, саусақтары дірілдеп қоя берді.

Бұл тыныштықты кенеттен тасырлаған дыбыс бөліп кетті. Қайдан шыға келгені белгісіз бетперде таққан, автомат кезенген ұстау тобы сау ете қалды. Қас-қағым сәтте бетімен құлаған шетелдік кафенің салқын еденінде жатты.

Шетелдік көпке дейін есін жинай алмады. Болған оқиғаны әрең есіне түсірді, әуелгіде тағылған барлық айыпты жоққа шығарды, жедел қызметкерлер мен тергеушілердің арандатқандықтарын айтып айқайлап та алды, халықаралық шу шығаратындығымен қорқытты.

Бірақ нақты айғақтардың ықпалымен шетелдік айыбын мойындады, яғни, өз елінің арнаулы қызметінің тапсырмасы бойынша қимылдағанын, әскери жойғыш ұшақтарға арналған техникалық құжаттарды сатып алу үшін Қазақстанға мақсатты түрде келгендігін айтты. Қазақстан Республикасына қарсы шпиондық жасады деп айыпталған шетелдік Әскери соттың шешімі бойынша 10 жылға бас бостандығынан айырылды.


Отандық әскери қарсы барлаудың ең алғашқы дербес те ірі операциясы қазіргі күнге дейін кәсібиліктің эталонына айналып отыр.



# АРДЫҢ ІСІ

Жедел қызметкердің естелігінен

2003



2003 жылы қызметке келген кезде бастаған ісімді аяғына дейін жеткіздім, бұл жыл мен үшін осымен есте қалды.

Сонау 1999 жылы шенеуніктер аппаратында сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс белсенділікпен жүріп жатты. Бұл уақытта мемлекеттік және құқық қорғау органдарында күйреген КСРО-ның салдарынан енді арылып, бірқатар кең көлемдегі реформалар жүргізілді, жыл өткен сайын жұмыс пәрменділігін арттырып жатты. Алайда проблемалар да жетерлік еді...

Міне, сол кезде мемлекеттік материалдық және жұмылдыру резервіндегі жағдай менің назарымды аударды. Ол жерде бір шикіліктің бар екендігін жас маманның ішкі сезімі айтып тұрды.

Есеп құжаттарының томдарын қырағылықпен, әрі тыңғылықты зерттей бастадым, нысанның жағдайын бағаладым, мемлекеттік мүлікке ревизия жасау туралы іс-шараларға бастамашы болдым. Әр саланың жауапты сарапшыларын қатыстыруға тырыстым. Қауіпсіздік органдарындағы

тәжірибемнің аздығына қарамастан, бұл мәселені жүйенің тасасында қалдыруға болмайтындығын түсіндім.

Мұндай қызығушылық танытуымның сыры неде деп сұрайтын шығарсыз?

Астаналық пункттердің бірінде жанар-жағармай материалдарының көлемі бойынша қарастырылған жауапты сақтаудың жоқ екендігі туралы агенттен алған ақпарат алғашқы «қоңырау» болды. Ведомосттарда, басқа да инвентарлық құжаттарда барлығы орнында тұр, бірақ іс жүзінде онда ешқандай да жанармай жоқ. Мұндай салақтықтың немесе жемқорлықтың көлемі менің жағамды ұстатты, өйткені мұндағы жанармай төтенше жағдайлар кезінде немесе халықты жұмылдыру жұмыстары жүргізілгенде ғана қолданылуы керек болатын.

Кейінірек, алынған мәліметтерді қосымша тексеріп, мәліметтердің дұрыс екендігіне көз жеткіздім, бұдан кейін басқа материалдық құндылықтардың аражігін тексеруді ұйғардым. Талан-тараждың көлеміне күдігім артып, аталған





мәселені зерттеу қажеттігі туралы тапсырмамды облыстардағы аумақтық бөлімшелерге жөнелттім.

Күн өткен сайын күдігім ұлғая түсті, дәлелдемелер келіп жатты. Мемлекеттік материалдық резервтегі болып жатқан былық жауапты адамдардың жұмысты құрдымға жібергендерін дәлелдеп тұрды, егер сындарлы жағдай туатын болса оның арты адам айтып болмас салдарға ұрындыратындығы сөзсіз еді.

Жағдай тек жанармаймен ғана шектеліп қалмады. Стратегиялық запастағы азық-түлікті әскери бөлімдерге қайтасату деректері белгілі болды (консервілер, макаронды өнімдер, жарма және басқалар). Тауарды жаңартуға қатысқан фирмалар тіркелгенімен, іс жүзінде ондай фирмалар мүлдем болмаған, яғни тек қағаз жүзінде ғана жұмыс істеген.

Мұндай мысалдардың шегі болмады.

Мен өскен отбасында үнемділік деген басты мәселе еді, сондықтан аталған деректерді түсіне алмадым. ҰҚК офицері ретінде ғана емес, сонымен бірге өз елімнің азаматы ретінде мұндай істің жалғасуына жол бере алмас едім.

Ол заманда экономиканың әртүрлі нысандарында сыбайлас жемқорлық деректері кездесіп тұратын. Бірақ сонау қиын-қыстау 90-шы жылдардың өзінде толықтырып, сақтауға тырысқан стратегиялық запасты талан-таражға салуды сыбайлас жемқорлар тарапынан төніп тұрған қауіп-қатер ретінде қарастырдым. Бұл қауіп-қатермен күреспекке бел будым.

Қолда бар материалдарды жинақтап, республикамыздың барлық облыстарында кең көлемді тексеру ұйымдастыруға басшылықтың рұқсатын алудың қажеттігін анық түсініп,

белгілі болған деректер бойынша көлемді баяндама дайындадым. Департаменттегі менің алғашқы ісім мен үшін ардың ісі болды.

Тікелей бастығымның және жасы үлкен әріптестерімнің қолдауымен кешенді түрде арнайы және жедел-ізвестіру іс-шараларын өткізуге санкция алынды. Жанар-жағар май сақтау пунктіндегі жетіспеушілік туралы материалдардан басталған менің тексеруім, соңында қылмыстық істердің қозғалуына негіз болды. Ол бір-біріне жалғасқан қылмыстық істердің алғашқысы еді.

Қысқа мерзім ішінде Қазақстанның әрбір аймағында мемлекеттік материалдық резерв нысандарын тексеруді ұйымдастыратын жұмыс топтары құрылды.

Барлық процестерді үйлестіріп отыру Орталықтан атқарылды, оған жетіспеушіліктер туралы анықталған барлық материалдар келіп жатты.

Арада жиырма жылдай уақыт өткеніне қарамастан, бұл ауыр кезең болды деп ойлаймын. Біз шын мәнінде жұмыста өмір сүрдік, «ұйқы», «демалыс» деген сөздерді ұмытып кеттік. Құжаттардың көптігі сонша, олар лек-легімен келіп жатты. Бізден оларды ұқышпен қарастыру, әрбірін өңдеу,





түгендеу, қорытынды жасау және шешім қабылдау үшін басшылыққа баяндау талап етілді. Сонымен бірге процессуалдық жұмыс та жүріп жатты.

Бірнеше айдың ішінде жауапты сақтаудың жалпы саны 280 пунктін тексердік. Операция жай ғана кең көлемдегі емес, тіпті халықтық сипат алды — жедел тапсырмаларды орындау үшін республика бойынша ондаған агент пен іске жаны ашитын адамдарды қатыстыруға тура келді.

ҰҚК-нің жас офицері ретінде бастаған жұмысымды көптеген қызметкерлер жалғастырды. 1999 жылдың жазында қылмыстардың жалпы нобайы көріне бастады. Біздің анықтағанымыз төмендегідей болды.

ҚР Мемлекеттік материалдық резерв комитеті басшылығының 1996-2000 жылдардағы қызметінің негізгі бағыты жоғалған материалдық құндылықтарды толықтыру және олардың сақталуына бақылау орнату болған.



Ал шенеуніктер бұл мәселені қағаз жүзінде ғана белсенділікпен шешіп тастаған. Шындығында бақылау дегеніңіз тіпті жүргізілмеген. Бұдан бөлек, қоймадағы сақтауда тұрған құндылықтар жеңіл сатылып, түскен пайдасын қалтаға басып алатын тауар ретінде қарастырылған. Жарамды тауарды жарамсыз тауар деп, немесе толығымен жойып жаңарту керек деп есептен шығарып отырған.

Нәтижесінде, қоймалар бос тұрды, ондағы бар өнімдер құнсыз болды, жұмылдыру немесе төтенше жағдай бола қалса халық пен мемлекеттің қажеттілігін қамтамасыз ете алмайтын еді. Мемлекеттік материалдық резерв нысандары археологиялық қазбалардан кейінгі шашылып жатқан «мысырлық мүрделерге» ұқсайтын.

«Астыртын бизнес» көлемінің екпіні мен арсыздығы, қазіргі «талаушылардың» ұятсыздығы мен тойымсыздығы тез арада шұғыл шара қабылдауды талап етті.

Біз батыл қадам жасап, Мемлекет басшысының атына хат дайындап, онда мемлекеттік материалдық резерв саласындағы жағдайды баяндадық және аталған дерек бойынша нақты шаралар қолданылмайтын болса, онда алдағы уақытта ұлттық қауіпсіздікке төнетін барлық қауіп-қатер айтылды.

Жіберілген ақпараттың жарылған бомба секілді әсері болды. Мемлекеттік материалдық резерв қоймаларында болып жатқан былық туралы адам шошытарлық деректер Қазақстан Президентіне де қатты әсер етіп, біздің жұмысымыз жоғары бағаланды. Үкіметтің кезекті бір мәжілісінде қалыптасқан жағдайды айтып, шенеуніктерді сын тезіне алды.

Бұл біздің тамаша жеңісіміз еді. ҰҚК ең жоғары деңгейден алдағы іс-қимылдарға «қолдау» алған соң, департамент басшылығы барлық кінәлі адамдарды ұстап, жауапкершілікке тарту бойынша кең көлемді арнайы операцияны бастау туралы шешім қабылдады.

Біз бір минут уақытымызды жоғалтпай, қылмысқа қатысқандарды «іздері суымай» жатып ұстадық. Бірнеше аптаның ішінде жедел-тергеу топтары Алматы мен аймақтарда ұстау жұмыстарын жүргізді. Біреулерін тура жұмыс орындарындағы кабинеттерінде, екіншілерін тұрғылықты жері бойынша ұстадық, кейбіреулерін тергеуден қашуға тырысып жүргенде құрықтадық. Сол күндері көптеген шенеуніктер мен күдікті бизнесмендер қолдарына тағылған кісеннің ызғарын сезінді.

Біздің жұмысымыз қайнап жатты. Құжаттарды алу және айғақтарды тіркеу бойынша жүргізілген іс-шараны ондаған жедел қызметкерлер мен тергеушілер атқарды. Банктердегі шоттар тұтқындалып, бірнеше миллиондаған келісімдер кейінге қалдырылды.

1999-2003 жылдар аралығында ҰҚК Экономикалық қауіпсіздік департаменті мемлекеттік мүлікті теріс пайдалану мен талан-таражға салу деректері бойынша барлығы 37 қылмыстық іс қозғады. Материалдық құндылықтардың жетіспеушілігінің жалпы сомасы 160 миллион теңгені құрады (1991-1992 жылдардағы баға бойынша, орташа нарықтық баға бойынша бағалағанда аталған сома 1000 есе, тіпті одан да жоғары өскен болар еді). Орта деңгейдегі басшылармен қатар Мемлекеттік материалдық резервтің қазіргі төрағасы мен бұған дейінгі екі басшысы түрмеге қамалды.

Алдағы уақытта мұндай оқиғалардың алдын алу үшін заңнамаға айтарлықтай өзгерістер енгізілді.

Қабылданған шаралар жауапты сақтау саласында жаңа жүйені қалыптастырып, Қазақстан резервінің жасақтау және сақтау процестерін одан әрі дамытуға әсер етеді деп үміттендім.

Болашақтағы жағдайды айтпаған күннің өзінде, бұл бағыт қашанда ҰҚК бақылауында болатындығын сезіндім. Тіпті мен зейнеткерлікке кетсем де, менің әріптестерімнің келесі буыны мемлекеттік резервті сақтау бойынша жұмысты жалғастырып, жаңа «талаушылардың» пайда болуына жол бермейтіндігіне сенімдімін.

Демек, менің ісім жалғаса беретін болады.



## «МАКСИМАЛИСТІҢ» АҚЫРҒЫ МӘМІЛЕСІ

2002 жылдың қазан айында бір шетелдік азамат ҰҚК Алматы қаласы бойынша департаментінің назарына ілігеді. Ресми дерек бойынша ол Қазақстанда сауда-экономикалық байланыстар орнату үшін келген, ал ҰҚК-дегі іс «шпиондық» реңкі бойынша қарастырылып жатты.





Қылмыс үстінде ұсталған «Максималист» объектісінің фотосы

Оған «Максималист» деген шартты атау берілді. Шетелдік азамат әскери техникаға ерекше қызығушылық танытып жүреді. Жедел қызметкерлер онымен осы бағытта «ойнауды» ұйғарады.

«Максималистің» қасына жедел қызметкердің басшылығымен «Темный» есімді агент жіберіліп, ол онымен танысып, соңында ол таныстық достық қатынасқа ұласады.

Ойлаған іс сәтімен жүре бастады. Көп ұзамай-ақ күдікті арнайы телеграфтық РТА аппаратының (шифратор) барлық модификациясын заңсыз сатып алғысы келетіндігін, ол үшін Қазақстан Қарулы Күштерінен таныс тауып беруін



өтінді. Жедел қызметкерлер бұл мүмкіндікті тиімді қолданды ұйғарды.

Агент пен шетелдік азаматтың келесі кездесуі 2003 жылдың басында Алматы қаласында өтті. «Максималист» агентке керекті шифратордың фотосуретін алып келді. Шетелдік азамат «Темныйға» нақты тапсырма берді: осы аппаратты тауып беретін әскери қызметші табу керек.

«Максималист» бұл «жұмыстың» ақысын өз елінің елшілігі төлейтіндігін, алдағы уақытта да өзара бірлесе жұмыс істейтіндігін айтты, күдіктінің бұл әңгімесі жедел қызметкерлерді таңғалдырды. Егер барлығы сәтімен болып жатса, осындай «тапсырыстарды» орындап отыруға ыңғайлы болу үшін агентке Алматыдан пәтер жалдауға ниеттенді.

Дегенмен, іскер шетелдік ҰҚК қызметкерлерінің қырағы бақылауында жүрді. Әртүрлі компаниялардың өкілі ретінде «Максималистің» Алматыға жиі келетіндігі анықталды. Жедел қызметкерлер күдіктінің жақын таныстарын да таныды, олар қарсы барлаудың басқа ісі бойынша, яғни шетелдік арнаулы қызметке қатысы болуы мүмкін деген күдікке ілінгендер еді.

Қазақша және ұйғырша еркін сөйлегендіктен, сондай-ақ ұйғыр және дүнген диаспорасындағы таныстарының арқасында шетелдік азамат Алматыда өз үйінде жүргендей болды. Солар арқылы ол оңтүстіктегі астананың құқық қорғау, кеден және салық органдарымен байланыс орнатты. Отставкадағы офицер деген әскери атағының болуы «Максималистің» беделін арттырды, осы арқылы ол шекарадағы бақылау қызметінің мамандары арасынан көптеген таныстарын тауып алды.

«Максималистің» өзі де жай адам емес-ті, құпия жұмыс талаптарын қатаң ұстанды. Өзінің айналасындағыларды үнемі тыңғылықты тексеріп отыратын, соңындағы бақылаудан оп-оңай сытылып кететін, бір сөзбен айтқанда арнаулы қызметтің тәсілдерін шебер пайдалана білді. Кезекті бір кездесуінде досымен бірге Әскери барлаудың резиденті орналасқан Бішкек қаласына барып қайтты.

Ал «Максималистке» РТА-7М шифраторы не үшін керек болды? Сараптама нәтижесіне қарағанда, шифратор «құпия» белгісі қойылатын заттардың қатарына жатпайды, алайда арнайы құрылғы көмегімен жабық байланысты ұйымдастыру үшін қолданылады, ал арнайы құрылғының «құпия» белгісі бар. Қорғаныс министрлігіндегі комиссияның қоры-




тындысы бойынша, арнайы құрылғы Т-206-3М1 аппаратының техникалық сипаттамасы мен нұсқаулығының «өте құпия» және «құпия» деген белгілері бар. Аталған аппаратты немесе оның техникалық сипаттамасын жоғалту дегеніміз ақпараттың жабық алгоритмдерін жария етуге әкеп соқтырады.

Осылайша, күдіктінің әскери барлауға қатыстылығы жөніндегі болжам расталды. Біздің әскери қызметшілермен ресми емес байланыс орнатуға тырысуы, әскери сипаттағы құпия мәліметтер жинауға деген ұмтылысы енді түсінікті болды.

Осы кезеңде жедел ойынға әскери қызметшілер тарапынан басқа бір құпия көмекші қосу керектігі туралы шешім қабылданды. Сонымен қатар агент «Темныйды» ойыннан шығару жоспарланды, өйткені, «Максималистің» елінде оның жақын туысқандарының бар екендігі, егер ісі жария болса оларға айтарлықтай қауіп төнетіндігі ескерілді.

Жедел ойынға Алматы гарнизонындағы әскери бөлімдердің біріндегі байланыс саласының маманы «Кайра» есімді агент қосылды. Алдағы операция үшін қарсы барлаушылар агенттерді өзара жариялауға тура келді, мұндай жағдай өте сирек кездеседі. Бірнеше ай бойы агенттердің психологиялық сәйкестілігі тексерілді, олардың қалай танысқандары туралы аңыз тыңғылықты түрде дайындалды, әсіресе «Максималистпен» кездесетін кездегі жүріс-тұрыстары пысықталды.

Қауіпке қарамастан «Кайраны» күдіктімен таныстыру сәті ойдағыдай өтті. «Максималист» те қырағылығын жоғалтпады, бұдан кейінгі кездесуде оның жеке бас деректерін



тәпшітеп тұрып сұрады: туған жерін, білімін, туысқандарымен байланысын, материалдық жағдайын, лауазымын, әскери бөлімнің орналасқан жерін және басқаларды. Жаңа танысының Алматы облысынан екендігін білгеннен кейін Талдықорғандағы өзінің таныстары арқылы қалада «кездейсоқ» кездестіру ұйымдастырып, бұл мәліметті тексеріп алды.

Агенттермен болатын кездесуге көп жағдайда ол 30-40 минутқа кешігіп келеді, ал кейбір кезде соңғы сәтте басқа уақытқа ауыстырады. «Максималистің» осылайша жаңа танысын тексергендігі, сыртынан қарсы бақылау орнатып тұрғандығы анық еді.


Осындай сақтық шарасын «Максималист» өзінің жаңа «досынан» да талап етті. Өзінің талабын орындау бойынша «Кайраға» нақты тапсырма берді, «тапсырыс берушінің» айтқанын мүлтіксіз орындауды талап етті және телефон



арқылы ашық талқылауға тыйым салды. Ерекше маңызды мәселелер болған жағдайда «Максималист» басшысының ақыл-кеңесін алу үшін еліне барып-келіп тұрды.

Шетелдік азаматтың шифраторды беру механизмін майда-шүйдесіне дейін ойластырғандығына таңғалуға болмайды. Ол Алматының халық тығыз орналасқан бір ауданынан пәтер жалдап, оның кілтін танысына беруді жоспарлады. Оның жоспары бойынша белгіленген күні «Кайра» шифраторды осы пәтерге әкеліп қойып, есікті жауып, одан кейін банкке келеді, сол жерде «Максималист» пәтер кілтін алып, оған ақша береді.

2003 жылғы наурыз айының соңында шетелдік азамат «Кайрамен» тағы кездесіп, аппараттың жұмыс істеуін, барлық сымдарының болуы қажеттігін және оны қолдану бойынша нұсқаулығын ұмытпауды ескертті. Қорқынышын білдірген агентке «Максималист» өзінің сенімді адам екендігін, құралдың Қазақстан аумағында қолданылмайтындығын, оның шекара асып кететіндігін мәлімдеді. Із жасыру мақсатында шетелдік азамат танысына жаңа телефон сатып



алып беретіндігін, ал жұмысын бастар алдында сим-картасын ауыстырып тастау керектігін ескертті.

Операция өткізілетін уақыт жақындап келе жатты. «Максималист» бұрынғыдан да сақтана түсті, тұрғылықты жерін жиі ауыстыратынды шығарды, белгіленген кездесу күндерін өзгертіп отырды, кездесетін орындарды тыңғылықты түрде таңдады, араласатын адамдарын азайтты. Шетелдіктің «Кайраға» жаңа телефон сыйлауы, сонымен қоса ақшалай қомақты соманы сыйақы ретінде беруі, іс-шараның іске асатын күні жақындап қалғандығын білдірді. Агент аппаратураны қалай әкелетіндігі жөніндегі жазбаша нұсқаумен бірге шығып кету жолы нақтылай көрсетілген пәтердің сызбасын алды. Бұл материалдардың барлығы кейінірек заттай дәлелдемелер ретінде пайдаланылады.

Екі елдің қарым-қатынасына келетін залал бағаланғаннан кейін ҰҚК жедел-іздістіру іс-шарасын аяқтау туралы шешім қабылдады. Шетелдік заттай дәлелдемелермен ұсталуы тиіс болды.

2003 жылдың 27 қазан күні «Максималист» «Кайрамен» болатын кезекті кездесуіне тағы бір отандасын ертіп келді,



Қазақстан азаматы, ұлты ұйғыр екен, оны аудармашым деп таныстырды. Осыдан кейін екі күн бойы «Максималист» пен оның «аудармашысы» құпия нұсқаулықты алудың шарттарын, оны Қырғызстан арқылы шетелге алып кету жолдарын «Кайрамен» бірге талқылады. Арасында агентке ынтымақтастықтың алдағы уақытта болатын перспективасын, оның ішінде әскери техниканың басқа үлгілері бойынша ойын айтты.

2003 жылдың 29 қазаны шешуші күн болды. «Т-206-3М1» құралына арналған құпия материалдарды алып жатқан жерінен «Максималист» пен оның серігі заттай дәлелдемелермен бірге сол елдің арнаулы қызметінің ресми өкілінің көзінше ұсталды. Қылмыс дерегін көрсету үшін ресми өкіл іс-шара өтетін орынға арнайы шақырылған еді. Осылайша, Қазақстанда шпиондық жасауға жол берілмейтіндігін ҰҚК шынайы түрде білдірді.

«Максималист» пен оның серігіне қатысты «Шпиондық» және «Мемлекеттік сатқындық» баптары бойынша қылмыстық іс қозғау үшін жиналған деректер жеткілікті болды. Салмақты айғақтардың әсерінен, айыптылардың өмірі





мен қылмыстық істері туралы тергеу орындарының мәліметтері нақты болғандықтан олар кінәларын мойындап, жауап берулеріне тура келді.

«Максималистің» ісі Әскери сотта қаралды. Шетелдік Қазақстан аумағында шпиондық әрекет жасаған

дығын мойындады. Тергеудің аяқ жағында айғақтардың нақтылығынан қашып құтыла алмаған оның қазақстандық серігі де кінәсін мойындады, яғни құпия ақпарат жинау бойынша шпионға көмектескендігін, Қазақстандағы жағдай туралы тапсырма алу үшін шетелдік арнаулы қызмет өкілдерімен бірнеше мәрте кездескендігін айтып берді.

2004 жылғы 27 сәуірдегі ҚР Әскери сотының үкімі бойынша «Максималист» пен оның «аудармашысы» тиісінше 13 және 10 жылға бас бостандықтарынан айырылды. «Максималистің» ақырғы мәмілесі осылай аяқталды.

## ЕШҚАЙДА АПАРМАЙТЫН ЖОЛ...

Астана, 2004 жылғы 31 шілде, ҰҚК ғимараты. Таң жаңа атқанына қарамастан Террорға қарсы департамент бастығының кабинетіндегі телефон шырылдап қоя берді. ҰҚК Төрағасымен және бір топ сарапшылармен бірге Шымкент қаласына ұшуға дайын болуы туралы бұйрық берілді. Одан әрі қарай Өзбекстан құқық қорғау органдарының басшылығы деңгейіндегі кездесуге қатысу үшін Ташкентке жүруі керек еді.

Сапардың мақсаты — бір қарағанда шындыққа жанаспайтын ақпаратты өзбекстандық әріптестермен бірге тексеру: бұдан бір күн бұрын көршілес Өзбекстанда болған терактілерді Қазақстан азаматтары істеген көрінеді.

Бұған ешкім де сенбеді. Бай-бақуатты елдің азаматтары қатысы жоқ басқа мемлекеттің аумағында өздерін жарып жіберуі мүмкін емес еді. Іс-қимылдарының мәні мен мақсаты түсініксіз еді.

2004 жылға қарай Қазақстан тұрақты экономикалық өсімді ұстап тұрды. Кәсіпорындар дамып, жаңа мектептер мен ауруханалар, әлеуметтік нысандар салынып жатты. Халықтың жағдайы жылдан жылға жақсара түсті.

Республикамыздың дін ұстанатын адамдары ешқандай қиындық көрмеді. Жаңа мешіттер салынып жатты, исламды ұстанатын адамдар саны да жылдан жылға арта түсті. Мұндай адамдардың көршілес елге барып, өздерін жарып жіберуінің ешқандай да қисыны жоқ еді.

Ол уақытта Қазақстан халқының көп бөлігі діндарлығымен ерешеленбейтіндігін де айта кеткен жөн. Газеттерде, қоғамдық басылымдарда бұл мәселе бойынша тиісті зерттеулер мен тұжырымдар жарияланып тұратын.

Еліміздің дін саласында фанатизм мен радикализмді жақтамайтын «далалық ислам» қағидаларының орныққандығын қазақстандық сарапшылар бірауыздан білдіріп жатты.

Өзбекстан астанасына барып, Ташкенттегі мәйітхананы және теракті болған орындарды көргенше бригада мүшелерінің стереотиптік ойлары осындай болды.



2004 жылғы 30 шілдеде  
Өзбекстан Республикасының  
Ташкент қаласындағы АҚШ,  
Израиль елшіліктерінің және  
Бас прокуратураның  
ғимараттары жанында  
террорлық акті жасалды.

2004

Алғашқы күні тергеу жинаған материалдар ондай ойлардың бәрін жоққа шығарды: 2004 жылдың 30 шілдесінде АҚШ, Израиль елшіліктерінің және Өзбекстан Бас прокуратурасының жанында Қазақстанның үш азаматы өздерін жарышты. Олардың екеуі Тараз қаласының тұрғындары болса, біреуі Семейден екен. Саусақ таңбалары бойынша криминалистер олардың жеке бастарын анықтады.

Жарылыстың күшін көрсету үшін өзбекстандық әріптестер ҰҚК қызметкерлерін Бас прокуратураның ғимаратына алып келді. Холлдағы мәрмәрдан қапталған қабырғаға үлкен болт мөр секілді басылып қалышты. Бұл жойғыш элементтің бірі болатын. Жантүршігерлік оқиғадан естелік ретінде оны осы күнге дейін қалдырып қойған.

Бұдан кейінгі бірнеше ай ҰҚК жедел-тергеу тобы үшін тынымсыз жұмыспен, ұйқысыз өткен түндермен есте қалды.



Шұғыл түрдегі жедел-іздістіру іс-шаралары Қазақстанның ондаған аймақтарында, сондай-ақ Өзбекстан мен Қырғызстанда бір мезгілде жүргізілді.

Күнделікті түсіп жатқан ақпаратты тексеріп, өңдеп отыру керек болды. Күдіктілер тізімінде біздің елдің және шетелдің жүздеген азаматтары жүрді. Еске сала кетейік, бұл уақыт құжаттардың қағазбен жүретін кезеңі еді, ол кезде интернет немесе WhatsApp-мессенджер секілді ыңғайлы техникалық құралдар болған жоқ.

Жөні түзу фотосуреттердің жоқтығы алыстағы ауылдардағы күдіктілерді анықтауда қиындық туғызды. Факсимильді байланыс бет-жүзін өзгертіп жіберетін.

«Козок-ака», «Коке» деген лақап аттары бар және басқалар жөнінде, терактінің ұйымдастырушылары туралы қарама-қайшы, бұлыңғыр түсінік болды. Біраз уақыт өткеннен кейін барып бірнеше лақап аттың артында бір-ақ адамның жасырынып жүргендігі анықталды.

Фигурант пен оның серіктері мекенжайларын үнемі ауыстырып жүрді. Өзара интернет арқылы ғана хабарласатын. Әңгімелерін немесе жазған хабарларын қармап алуға



Топ мүшелерінің жалған құжаттары

әрдайым техникалық мүмкіндіктер бола бермейтін. Тек телефон-автоматтан ғана хабарласатын.

Тәжірибелі жедел қызметкерлердің: «Шерше ля фам» деген байырғы мәтелінің көмегі тиді.

Көптеген фотосуреттер мен мекенжайларды қарастыра отырып, Оңтүстік Қазақстан облысында тұратын әйелдің деректеріне тоқталдық. Ол әйел ауылдың бір мектебінде ҰҚК-нің бір қызметкерімен бірге оқыпты.

Жедел жұмыс сәтімен келіп, қажет деген барлық ақпаратты қысқа мерзімде, шу шығармай жинап алудың түк қиындығы болған жоқ.

Дегенмен, көңіл-күйіміз кенеттен түсіп кетті. Онымен ұзақ әңгімелескеннен кейін «Козок-аканың» көптен бері мұсылмандық жолмен алған тағы бір әйелі бар екендігін білдік. Тек сонымен ғана араласады екен.

Іздеп жүрген күдіктіміз сырт келбеті сүйкімді, жас жігіт шығар деген ой қалыптасты. Көпшіл, әйелдердің көңілін таба білетін, бірнеше әйелі бар дегендей. Кейінірек сырт келбетіне қатысты бұл пікіріміз қате болып шықты.

Уақыт өтіп жатты. Объект шетелге шығып кетуі мүмкін, оны енді таба алмайтын шығармыз деген ой да туындай бастады. Нәтижесіз іздеуіміздің үшінші айы өтті.

Ауызша суреттегендердің негізінде фотороботтарды үнемі жаңартып отырдық. Ол уақыттағы бағдарламалар адамның тек еуропа-лық сипаттағы сырт келбетін қолданатын. Суреттегі сәйкессіздік айтарлықтай болатын.

Тергеу тығырыққа тірелді. «Козоканың» бірінші әйелінен басталатын қолымыздағы «жіп» ескіріп, үзіліп қалды. Екінші әйелі туралы бар білетініміз — жас, әрі сұлу көрінеді, Шымкентте тұрыпты, сырттай қарағанда «қалалық әйелге» ұқсайды.

Көптомды материалдар арасында әртүрлі қыздар жүрді. Біреуі жай ғана намаз оқыған, студент болған, базарда сауда жасаған немесе басқа жағдай бойынша назарға іліккен.

Деректерді қарап отырып, қыздардың бірінің ағасы құқық қорғау органдарында жұмыс істейтіндігін байқадық. Бірақ сол қыз бізді ізге түсіреді дегенге сену қиын еді.



**Жакшыбек  
Биймурзаев –**

«Орталық Азия моджахедтерінің жамағаты» халықаралық террорлық ұйымы террорлық тобының көшбасшысы. 2001 жылғы 11 қыркүйекте АҚШ-та ұшақтармен шабуыл жасаған содырлармен бірге «Әл-Каиданың» ауғандық лагерьлерінде диверсиялық-террорлық даярлықтан өткен.



2004

Қуәгерлердің бірі күнделікті, жаттанды тергеудің барысында байқамай, оның екінші әйелінің бауыры құқық қорғау органдарында жұмыс істеуі мүмкін екендігін айтып қалды.

Бұл ақпарат жедел жұмыстың ілмегіне айналды. Арада екі сағат өткенде екінші әйелі туралы деректер алынды. Оның жеке басы фотосуреттер арқылы танылды. Мекен-жайлары бақылауға алынды.

Сыртқы бақылау, жүргізілген жедел комбинациялар «Козок-аканы» екінші әйелімен байланысуына және белгіленген жерге келуге итермеледі, сол жерде ол ұсталды.

Іздеп жүргеніміз Қырғызстанда туған ауылдың қарапайым баласы Жакшыбек Биймурзаев болып шықты.

Ешқандай ерекшелігі жоқ, ақырын сөйлейтін, харизмалық сый жігіт.



Ешкім бұл жігітті «моджахед» деп ойламас еді, 1990 жылдары дінмен айналысып, одан кейін Тәжікстанда, Ауғанстанда соғысқа қатысқан.

Ал шындығына келгенде, өзінің дайындық деңгейі бойынша ол «Әл-Каиданың» өте қауіпті 20 терроршысының қатарына енетін еді.

Ислам мен психология бойынша жоғары деңгейдегі білімі арқылы ол кездестірген қыз-жігіттерін бірінші әңгімеден кейін-ақ жасырын қызметке тартып алатын. Биймурзаевпен екі-үш апта тығыз араласқаннан кейін олар «шаһид» болуға дайын тұратын, ол осыны қолдана білді.

Ең басты ұйымдастырушыны ұстағаннан кейін, екі ай бойы оның сыбайластары мен байланыстарын «тазалау» жұмыстары Алматы қаласында, Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан және басқа облыстарда, сондай-ақ Өзбекстан мен Қырғызстанда жүргізілді.

Бас-аяғы жасырын қызметке тартылған топтың 27 мүшесі ұсталды. Олар Өзбекстан, Қазақстан, Қырғызстан және Ресей азаматтары болып шықты. 2005 жылдың желтоқсан айында 16 адам ұзақ мерзімге бас бостандықтарынан айырылды.

Топтың Ауғанстандағы және Пәкістандағы көшбасшыларына қатысты жұмыс жалғасып жатты.

«Орталық Азия моджахедтерінің жамағаты» секілді мемлекетаралық террорлық ірі топтың ұсталуы, оның бұдан әрі нығаюына деген алғышарттарды жойып, әуелі Өзбекстан мен Қырғызстанда, содан кейін Қазақстанда кең көлемді террорлық актілер өткізу мүмкіндігінен айырды.

## ЕРЛІГІ ОНЫҢ ЕЛГЕ ҮЛГІ

Өткен ғасырдың 90-шы жылдары ҰҚК «Барлау» қызметінде Орталық Азиядан, соның ішінде Қазақстаннан шыққан радикалдардың ауғанстан – пәкістан шекарасы маңында – жиһадшыларды діни және әскери дайындықтан өткізетін содырлардың жергілікті лагерьлерінде шоғырланғандығы туралы мәліметтер болды.

2005

*«Ерлік жасауға ешкім оқытпайды, тек тиісінше жұмыс істе».*

*Ю. Батулин  
«Властелины бесконечности»*



Насихаттық торларына қазақстандық азаматтарды да түсіріп алған жиһадшылардың жоспары, біздің еліміздің және аумақтың қауіпсіздігіне тікелей қатер төндірді.

Алғашқы барлау ақпараттары біздің Отанымыз үшін зиянды идеялармен уланған қазақстандықтардың шоғырланған жерлері туралы, жеке бастары туралы нақты мәлімет алуға мүмкіндік бермейтін. «Барлау» талдаушылары қауіп-қатер ошақтарын ауыздықтау үшін шұғыл түрде шаралар қолдану керектігін түсінді.

Жедел қызмет қазанында қайнап шыққан полковниктер мен талдау жұмысына ерекше қабілеті бар лейтенанттардың қатысуымен шұғыл түрде «Айсберг» операциясының жоспары дайындалды. Олар жиналған ақпараттарды зерттей келе, барлаудың ысылған тәжірибелі жолымен жүруді ұйғарды. Жоспарды нақты орындаушылар белгіленді, рөлдер үлестірілді, дайындалған және енді қабылданған агенттерге айтарлықтай маңызды көңіл бөлінді.

Дайындық лагерьлерінің орналасқан жерлері, топтасу құрылымы және әскери дайындық әдістері туралы құнды

ақпаратты қазақстандық барлаушылар тыңғылықты жолға қойылған шетелдегі агентуралық жүйе арқылы Орталыққа жібере бастады. Осы мәліметтер іргелес елдердің аумағы арқылы терроршылардың тұрағына тыңшыларды жіберу бойынша «Айсберг» барлау операциясының белсенді фазасының басталуына әсер етті. Терроршылар іс-әрекетінің ұйымдастырылуы мен үйлестірілуін білу үшін олардың ортасына барлаушы жіберудің қажеттігі туындады.

Тәжірибелі жедел қызметкер Сапарғали Ұқтайұлы Әубәкіровке үміт артылды, оның өз өмірін тәуекелге тіге отырып, Отан алдындағы қойылған міндетті қалайда орындайтындығына сенім білдірілді. Жедел ой-ниет талабы бойынша Әубәкіров Оңтүстік Азияның бір еліне жіберілді.

Терроршы топтың арасындағы агентуралық-барлаушылық жұмысты ойдағыдай жүргізген ол теологиялық білімі бар және жиһад идеясымен уланған Қазақстан азаматтары туралы маңызды мәліметтерді жинау операциясын сәтті өткізді.





Біздің мемлекетіміздің аймағында теракті ұйымдастыруды жоспарлап жүрген ортаазиялық жиһадшылар тобының арасына ойдағыдай енді. Резидент құнды ақпаратты дер кезінде Орталыққа жіберіп, ондаған бейбіт адамдардың өмірін жалмауы мүмкін радикалдардың көптеген акциясына кедергі жасады.

«Шығыс Түркістанның ислам партиясы» халықаралық террорлық ұйымы мүшелерінің қатерлі мақсаттарын жүзеге асыруға подполковник Әубәкіров 2005 жылы қаңтар айында кедергі жасай отырып, радикалдардың қолынан қаза тапты. Қазақстандық барлаушының өміріне қастық жасаған терроршылар сол мезетте қандай қателік жасағандарын жете түсінбеді.

Тәжірибесі мол барлаушының терроршылардың қолынан қаза тапқаны туралы ақпарат Орталыққа түскеннен кейін ҰҚК Сыртқы барлау қызметі барлық басшыларды және жедел құрамды шұғыл түрде дабыл бойынша көтерді.

*«Ақылдылығы, мейірімділігі және адалдығы мені әрқашан таңғалдыратын, себебі бұл қасиеттің бәрі бір адамда болуы өте сирек, сондықтан өмірімде Сапарғалимен кездескенім үшін бақыттымын. Сүйетін адамды жоғалтуды сезімі қазіргі күнге дейін қайғылы, бұл өмірде әрбір адам бір іс үшін жаралғанын түсінесің. Өз жолын таңдай отырып, Сапарғали бар күш-қуатын Отанына, туған жеріне, ең жақын адамдарға, туғанына қызмет етуге, борышын өтеуге арнады...».*

**С.Ұ. Әубәкіровтің жұбайы  
Әубәкірова Тоғжанның естелігінен**

Арнайы жиналған жиналыста қайғылы жағдай талқыланды. Сапарғали Әубәкіровтің денесі арнайы бортпен Отанына жеткізіліп, офицерлік сый-құрметпен жерленді. Зират басында әріптестері қатты қайғырып, өлтірген адамды тауып кек қайтаруға ант берді.

Жас барлаушылардан және тәжірибелі жедел қызметкерлерден тұратын арнайы топ құрылды, «Нысан» деген шартты атау алған барлау операциясы, Сапарғали Әубәкіровтің өліміне қатысты барлық адамдарды іздеуге кірісті. Офицердің өмірінің соңғы күндері тыңғылықты түрде зерттелді, барлық байланыстарына талдау жүргізе отырып, оның өліміне қатысты адамдарды анықтап жауапкершілікке тартты.

ҚР Президентінің Жарлығымен батылдығы және көрсеткен ерлігі үшін барлаушы «Даңқ» орденімен, ҰҚК Төрағасының бұйрығымен ҰҚК құрметті наградасы — «Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен қайтыс болғаннан кейін наградталды.

Жедел қызметкерлердің келесі ұрпағына Әубәкіров Сапарғали Ұқтайұлының қаһармандығы, терроршылар арасына кірген кездегі атқарған жұмыстарының әдістері мен тәсілдері тәжірибе ретінде айтылуда. Оның қосқан үлесі барлаушылардың жаңа буынының қалыптасуына және жұмыс бағытына оң әсерін тигізіп отыр. Терроршылардың үнемі кеңейіп отырған географиялық дислокациясы қазіргі таңда ауған-пәкістан аумағы ғана емес, сонымен бірге Таяу және Орта Шығыс мемлекеттері, Солтүстік Африка аймақтары болып отыр.

Әубәкіров Сапарғали Ұқтайұлы 1959 жылы 22 қаңтарда Павлодар облысы Ермаков ауданындағы Қуйбышев атындағы кеңшарда дүниеге келген. Оның өмір жолы Отанға қызмет етудің жарқын үлгісі болатындығы анық.

Павлодар қаласындағы №8 мектеп мұғалімдері шәкірттерінің сыныпта көшбасшы болғанын, өзінің жетістіктерімен сыныптастарына үлгі көрсеткенін атап өтеді.

Мектепті бітіргеннен кейін «Октябрь» эксперименталды-тәжірибелік Павлодар зауытының механикалық жинақтау цехында кесуші болып жұмыс істеген.

Ол Отан тарихы бойынша ата-бабаларымыздың ерлігі туралы жазылған кітаптарды қызыға оқитын. Әсіресе біздің еліміздің басына түскен от жалынды соғысқа қатысқан Отан қорғаушы ардагерлермен, жерімізді келер ұрпақ үшін сақтап қалған адамдармен әңгімелесуді жақсы көретін. Отанына қызмет еткісі және оны жаудан қорғағысы келетінін сол кезде-ақ түсінген.

Мерзімді әскери қызметін теңіз флотында өткереді. Қызметтестерінің арасында өзінің сыңғырлаған даусымен және

2005



Отбасы архивіндегі фото




гитарада ойнап отырыстың сәнін келтіріп, әскери күндерді қызықты өткізетін. Қиын сәттерде қол ұшын беретін оның адалдығы әріптестерінің есінде. Флоттағы әскери қызметі кезінде ер азаматқа тән мінезін шыңдағандығы да шындық.

КСРО Қарулы Күштері қатарында мерзімді әскери қызметтен кейін Павлодар трактор зауытында еңбек етті. Сапарғалидың жұмыста жеткен жетістіктері, белсенді өмірлік позициясы арқылы КСРО МҚК назарына ілігеді. Жұмысшы жастар қатарындағы болашағы зор жігіт КСРО МҚК Ф.Э. Дзержинский атындағы Жоғары мектебіне жолдама алады.

Жоғары мектепте оқып жүргенде өзінің болашақ жары Тоғжанмен танысып, соңғы курста оған сөз салады, сөйтіп, оның ұйыған отбасын құру арманы орындалды.

Оқуды бітіріп келген Сапарғали КСРО МҚК — ҚР ҰҚК органдарының қарсы барлау және барлау бөлімшелерінде қызмет етті.

Әріптестерінің айтуынша, ол дипломаттық және барлау жұмыстарын шебер үйлестіре орындаған жарқын дипломат болды.



# «ТРЕСТ» ОПЕРАЦИЯСЫ НЕМЕСЕ ШЫН СЕҢІМНІҢ АТЫН ЖАМЫЛУ

2006

*Өздері түсінбейтін нәрседен әлемді құтқару үшін  
фанаттар оны жойып жіберуге дайын.*

*Мариан Добросельский*


---

1990 жылдардың басында, Қазақстан тәуелсіздігін алған соң, шетелдік талдаушылар мынадай пікір айтты: исламның агрессивті бағытының Орталық Азияда таралуына Кеңес өкіметінің қаталдығы ғана кедергі болып отырды. Халықтың тұрмыс дәрежесінің кенеттен құлдырауы, идеологиялық вакуум және әлсіз шекаралар радикалдар әсерінің өсуіне қолайлы жағдай жасады. Жас мемлекеттердің діни экстремизмге қарсы тұра алатындығына күдік-күмән келтіріліп жатты.

Қазақстандық қоғамды діни белгілері бойынша бөлшектегісі келген экстремистік ұйымның бірі «Хизб-ут-Тахрир» болды (ХТ), ал мақсаты бүкіл әлемнің мұсылмандарын біріктіріп, жер бетінде исламдық Халифат орнатуды көздеген ұйым 1953 жылы араб елдерінде пайда болған еді. Өзінің радикалды бағытын сақтаған «партия» ондаған жылдар бойы сын тезінен өте білді. Онымен бетпе-бет келген әлемнің көптеген елдері оны заңсыз деп таныды, әрине, Ұлыбританиядан басқасы, ал бұл елдің астанасында керісінше «Хизб-ут-Тахрирдің» штаб-пәтері қалыпты жағдайда жұмыс істеп тұр.

Біздің еліміздегі «хизбиліктердің» іс-қимылдарының алғашқы белгілері 2000 жылдың аяғында білінді. Оның ұйымдастырушысы және идеялық демеушісі «Абдулла Кари» деген лақап атты Өзбекстан азаматы болды. Ол ХТ





«Хизб-ут-Тахрир» ДЭП насихат журналы

қатарына Түркістан мен Кентау тұрғындарын жасырын мүшелікке тартты, одан кейін Қазақстанның бүкіл оңтүстік өңірі тез арада «хизбутшылардың» ықпалына түсті.

Сөйте тұра, олардың іс-әрекет тактикалары қауіпсіздік шараларын тыңғылықты түрде сақтауды көздеді. «Халок» деп аталатын бастауыш ұйымдарының жиындары тек жасырын пәтерлерде ғана өткізіледі. Қатысушылары жіті тексеруге алынады. Мүшелерін идеологиялық жағынан өңдеу үшін экстремистік әдебиет пайдаланылды, оны шетелден алдырып, астыртғын баспаханаларында көбейтетін. Насихаттық мәтіндер жергілікті тілдерге аударылды: қазақша, орысша, өзбекше.

Смартфондар шыққанша идеологиялық жұмыстың түрі парақшалар тарату болатын. ХТ идеологиясының көзқарасы бойынша Қазақстандағы қазіргі саяси-әлеуметтік жағдай қарапайым тілде түсіндірілетін, әрине, сыни бағытта екендігі айтпаса да белгілі. Барлық әлеуметтік-экономикалық мәселелерге «дінсіз» билік кінәлі деген біржақты тұжырым


2006

жасалды. Барлық мәселенің шешімі ретінде «халифат» құру ұсынылды, мемлекетке қарсы насихаттары америкаға қарсы, семитизмге қарсы ұрандармен үндесіп кететін.

Парақшалар үлкен көлемде мешіттерде, базарларда және басқа да қоғамдық орындарда таратылатын. Радикалдардың ақпараттық жұмыстары сырттай анайы болып көрінгенімен, өзінің пәрменділігін байқатты және халықтың өте әлсіз тобының көңіл-күйіне айтарлықтай ықпал етті.

2004 жылдың наурыз айында Өзбекстанда бірқатар ірі терактілер болды, олардың ұйымдастырушылары ретінде Ташкент «хизбутшыларды» кінәлады. Қуғындаудан жасырынып жүрген «партиялықтардың» және «хизбиге» жақтас Өзбекстан Республикасы азаматтарының толқыны өзбек билігінің қысымына шыдамай Қазақстанға ағылды.

### Структура «Хизб-ут-Тахрир» в Казахстане





Жедел жағдай аяқ астынан күрделеніп кетті.

Экстремистер батылданып, Алматы және Оңтүстік Қазақстан облыстарында өткізген шерулері мен митингтері қоғамдық пікірге ие болды.

Мұндай акциялардың сыртқы бейбіт сипаты тоғышарларды адастыра түсті. «Хизб-ут-Тахрир» көшбасшыларының күш-қуат жиналған кезде қарулы «жиһад» жасауға дайындалып жатқандықтары туралы деректер Комитетте болды, сондықтан да жағдайдың күрделі екендігін түсінгендіктен қатерді жою бойынша шаралар қабылдады.

Оның ішінде, Алматы, Шымкент, Кентау қалаларындағы бірқатар бастауыш ұйымдарын анықтап, жоюдың сәті түсті. Сондай-ақ 10-нан астам астыртын баспахананың жұмысы тоқтатылып, «хизбидің» 20-дан астам мүшесі сотталды.

Бірақ ХТ қызметін толығымен тоқтату мүмкін болмады.

Аңызда кездесетін жеті басты айдаһар секілді кесілген бастарына қарамастан ХТ қызметі тұрақты түрде қайтадан жанданатын. Оның үстіне эмиссарларының іс-қимылы діни емес аймақ болып саналатын Ақмола (астананы қосқанда), Павлодар және Қарағанды облыстарында тіркелді. Радикалды идеологияның таралу жылдамдығы мен ауқымының



артқандығы соншалықты, 2-3 жылдың ішінде Қазақстанның «Хизб-ут-Тахрирдің» діни орталығына айналып кету қаупі шындыққа жанасып та тұрды.

Осындай жағдайды тыңғылықты талдаудың негізінде 2006 жылдың басында 3-департамент (Департамент бастығының орынбасары полковник Т.Б. Белесовтың басшылығымен) ХТ күрес тактикасын айтарлықтай өзгертудің қажеттігі туралы мәселе қойды.

Бастамашының ұсынысы бойынша «хизби» қызметінің жекелеген әрекеттерінің жолын жеке-жеке кесу тәсілінен бас тарту керек.

Оның орнына бір сәтте ұйымның барлық жоғары басшылығын жою ұсынылды: төменгі бастауыш ұйымдағы басшысынан бастап Қазақстан бойынша көшбасшысына дейін. Ұсыныстың түпкі ниетіне сәйкес бір де бір «мосул», «накиб» немес «әмір» жауапкершіліктен қашып құтыла алмайтындай және «партия» құрылымын қайта қалпына келтіруге мүмкіндік алмайтындай болуы керек.

Қызу талқылаудан кейін Комитет басшылығы мұнымен келісті, сондай-ақ маңызды толықтыру қосты: пәрменділігінің ұзақ болуын қамтамасыз ету мақсатында оған Өзбек-



стан мен Қырғызстандағы әріптестерді қосып, болашақ операцияның шекарасын кеңейту ұсынылды.

Іс-шараның әртүрлі аспектілері 3 ай уақытты қамтып, 2006 жылдың мамыр айында «Трест» деген құпия атаумен басталды.

Міндет күрделі еді, себебі табысты түрде іске асыру үшін берілген ұсыныстар бұрын еш жерде қолданылмаған еді. Жоспарлау және есеп беру жүйесін толығымен өзгертуге және сол кездегі жұмысты сандық көрсеткіштер бойынша бағалайтын жүйеден де бас тартуға тура келді. Полковник Белесов келісуді, бір бағыттылықты және іс-шараның мамандануын қамтамасыз ететін бірегей жедел ой-ниет іс-шарасын дайындауды ұсынды.

Қазақстан аймақтарында ғана емес, сонымен бірге шетелде де жұмыс істейтін айтарлықтай саны бар бөлімшелердің іс-қимылын үйлестіруді қамтамасыз ету ерекше күрделі болды. Күш-жігерді үйлестіру көбінесе Т. Белесовтің басшылығындағы 3-департаменттің жедел тобының есебінен атқарылды, ал олар Қазақстан астанасы мен Ташкент, Бішкек, Ош қалаларының арасын жол қылды.





Операцияға қатысушылардың ауқымды жұмысы өз нәтижесін берді.

Бірінші кезең іс жүзінде дайын болды. Бірнеше айдың ішінде ХТ-ның негізгі функционерлері мен белсенділерін жедел бақылауға алу міндеті орындалды: бастауыш ұйымдардың жұмыс істеу механизмі және әдебиетті жеткізу бағыттары белгілі болды. Басты міндет курьерлерге бөлінді, бастауыш ұйымдардың жиыны өтетін орындарға аудио-бейнебақылау құралдары секілді техникалық құрал-жабдықтар орнатылды.

Қорытынды кезеңге дайындық ойдағыдай болды. ХТ әрбір мүшесін ұстау үшін жеке топ құру ұйғарылды, оның құрамына іс-шараны дайындаған жедел қызметкерлер, тергеушілер, сыртқы бақылау, техникалық, арнайы мақсаттағы бөлімше қызметкерлері кірді. Әрбір атқаратын жұмысының тізімін, баяндаудың тәртібі мен түрін нақты білді.

Ұйымның басшылары мен мүшелерінің заңға қайшы әрекеттері туралы толық картина алынғаннан кейін операцияның екінші кезеңіне кірісу туралы бұйрық берілді.

2006 жылғы 7 желтоқсанда таң алакеуім кезде ҰҚК жедел топтары Алматы, Астана, Қарағанды, Павлодар, Екібастұз,

Тараз, Қызылорда, Байқоңыр, Арал, Кентау және Сарыағаш қалаларында операцияның белсенді фазасын жүзеге асыруға кірісті.

Бірнеше айға созылған арнаулы қызметтің тынымсыз жұмысы өз нәтижесін берді: «Хизб-ут-Тахрирдін» 73 көшбасшысы мен белсенді қатысушылары бір мезгілде ұсталды.

Қырғызстандық әріптестермен бірге Ош қаласында ұйымның Орталық Азия бойынша ақпараттық орталығының басшысы Өзбекстан азаматы О. Муминов пен партияның аймақ бойынша көшбасшысы Қырғызстан азаматы М. Мамасадықов ұсталды.

«Трест» операциясының ең басты мақсаты — «Хизб-ут-Тахрирдін» Қазақстандағы экстремистік жасырын ұйымдарының көзін жою шарасы ойдағыдай аяқталды.

Тергеу нәтижесінде ұсталған 73 адамның 24-і экстремистік ұйымға қатысқаны үшін, тағы 15 адам діни араздықты қоздырғаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Қалған адамдарды партияның мүшелігінен шығару бойынша іс-шаралар кешенін атқару ұйғарылды.

2006





ҰҚК ұйымдастырған мұндай пәрменді соққы діни радикалдар үшін көп жылдар бойы ескерту әсерін берді. Ұйым қаншама тырысқанымен Қазақстандағы өздерінің ықпалын қайта қалпына келтіре алмады.

Халықаралық терроризм мен діни экстремизмге қарсы тұру бойынша жедел қызметте қазіргі уақытқа дейін «Трест» операциясының баға жетпес тәжірибесінің қолданылып жүргендігін атап өту қажет.

## РАДИАЦИЯ «ДЕЛДАЛДАРЫ»

Ұзақ жылдар бойы «құпия» белгісімен сақталып келе жатқан істі арнаулы қызметтің қызметкерлері өзара «Уран мәмілесі» деп атайтын. Арада 12 жыл өткен кезде ғана ҰҚК Павлодар облысы бойынша департаменті бұл іс-шараның құпиясын ашты. Ірі қылмыстық топты ұстау үшін ұлттық қауіпсіздік офицерлеріне өздерінің денсаулықтарына келетін зиянды елеместен қылмыстық топтың құрамына енулеріне тура келді.

2010 жылы департамент қызметкерлері уранның әлемдік бағасын зерттеу қажеттілігін сезінді. Өйткені белгісіз адамдардың Қазақстаннан уран таблеткаларын сату үшін алып кеткісі келетіндігі туралы жедел ақпарат келіп түсті. Аумақтық органның сол кездегі бастығы Михаил Селевенко мен әріптестерінің киім-кешек немесе алтын сататын базарды емес, радиоактивті материалдар сататын жерді іздеуге тура келгендері еске түседі.

«Көпшілігіміз үшін мұндай тәжірибе бірінші рет болды. Ең бастысы, уран таблеткалары дегеніміз өзіндік сипаты бар тауар, оны сатып алатын адам табу да оңай емес. Біздің жағдайымызда әңгіме жалпы сомасы 125 мың АҚШ долларын құрайтын мәміле туралы болды. Сондықтан бұл әңгіменің жай ғана қалта қағатын ұрылар немесе алаяқтар туралы еместігін анық түсіндік», — деп әңгімесін бастады арнаулы қызмет ардагері.



Департаменттің аға лейтенанты Азамат Ертісов радио-активті материалдар партиясының қаскүнемдер қолына түскендігін алғашқылардың бірі болып білді. Күдіктілермен тікелей байланыс орнату үшін жедел қызметкерлер делдал рөлін ойнауды ұйғарды. Алайда, қылмыстық топтың құрамында Ішкі істер министрлігінің, Сыртқы істер министрлігінің бұрынғы қызметкерлері, жергілікті қылмыстық топтың мүшелері және этникалық топтардың бірінің өкілдері болды. Яғни, құқық қорғау органдарының жұмыс тәсілін білетін, ықпалы бар адамдар еді. Иә, адамдармен астарлап сөйлесу әдісін олар да білді.

2010



Департаменттің ең тәжірибелі қызметкерлерінің бірі, ведомствоның басқарма бастығы подполковник Қуат Қонаев делдал болып іске кіріскен аға лейтенантқа көмек ретінде жіберілді. Оған сатып алушы рөлін сомдау тапсырылды.

«Қылмыскерлердің мені өз адамы ретінде тануы талап етілді. Әйтпесе уран таблеткаларының қайдан шыққандығын, оны шығарып берген тізбекте кімдердің болғандығын білу мүмкін емес еді», — дейді бұл іс туралы Қонаев.

Біраз уақыт сырттай сөйлескеннен кейін екі жақ бетпе-бет кездесуге келісті. Кездесу орны ретінде Павлодардағы мейрамханалардың бірі белгіленді. Қуат Қонаев сонау Алматыдан келген бизнесменнің рөлін ойнап, талап етілетін соманы бірден тауып беруге дайын екендігін мәлімдеді. Алайда сатушылар жауап беруге асықпады. Сатып алушының сенімді адам екендігін тексергісі келетіндігі түсінікті болды. Бір рет «көріп» кету аздық етті. Қылмыскерлер әуелі өздерінің таныстары арқылы серіктесін тануға тырысты, ал кейінірек оның соңынан ілесіп отырды. Кафеде немесе ойын-сауық орындарында өткен кездесулердің бәрінде «құйыршық» подполковниктің соңында жүрді.

«Павлодар шағын қала, сондықтан сол мейрамханада отырғанның өзінде-ақ сені біреу танып қоюы мүмкін деген қауіп үнемі ойда жүрді. Сондықтан әрбір келіссөзді ұйымдас-тыру барысында біз майда-шүйденің бәрін есепке алдық: кім бірінші болып келуі керек, құпия қызметкер қай жерде отыруы керек. Тіпті столдың өзі көше терезесінен қаншалықты қашықтықта болуы керектігін есепке алмасақ болмады», — дейді Алмас Қатықбаев.

Іс-шараға қатысқан арнаулы қызмет қызметкерлері құпия пәтерде тұрды. Қызметтің мүддесі үшін олардың жұмысқа және жеке өміріне қатысты барлық байланыстардан бас тартуларына тура келді. Жедел қызметкерлер үшін бұл басты мәселе болған жоқ. Бірнеше рет уранның бақылаулы сатып алуына қатысуға тура келді. Кейінірек санэпидбақылау органдары және «Үлбі металлургия зауыты» АҚ мамандары, құқық қорғаушылар көрген материал шын мәнінде радиоактивті болғандығын растайды.

«Шындығын айтқанда, әрбір іс оның қатысушыларының денсаулықтарына айтарлықтай зиян келтірді. Өйткені олар қорғану киімдерін киместен сәуле көзіне өте жақын тұрды, ал радиация деңгейі белгіленген мөлшерден бірнеше есе артық еді. Бірақ қандай жағдай болса да жұмысты соңына дейін жеткізу керек болды», - деп еске алады Михаил Селевенко.

Ядролық материалдардың заңсыз айналымы мәселесінде қаскүнемдердің бағыт-бағдарының анық екендігін ұлттық қауіпсіздік қызметкерлері операция барысында байқап үлгерді. Олар бір ғана саудамен шектелгілері келмейтін сияқты, Таяу Шығыс елдеріне уран сатудың тұрақты арнасын ұйымдастырғылары келетіндіктері аңғарылды.

Бақылаумен сатып алғаннан кейін жедел жете тексеру аяқталды. Сатушыларды шошытып алмас үшін сатып алушының төлем қабілеттілігін іс жүзінде дәлелдеу керек болды. Ол үшін ҰҚК департаментінің басшылығына банктердің бірінен қажетті соманы шетел валютасымен, әрі кепілімен алуға тура келді.

2010 жылғы 10 ақпанда қылмыстық топтың негізгі қатысушыларын ұстау операцияның соңғы кезеңі болды. Іс-ша-



раны Ұлттық қауіпсіздік комитетінің қызметкерлері полициялық ведомстводағы әріптестерімен бірігіп жүзеге асырды. Күдіктілерде қару болғандығы ескеріліп, іс-қимыл жоспары сол қаруды қолдануға тырыспайтындай етіп құрылды.

Бұл операция белгісіз сипатта және болжап болмайтын жағдайға департамент қызметкерлерінің қысқа мерзімде дайын бола алатындығын көрсеткен кезекті, бірақ үйреншікті емес ісі болды.

«Уран ісі» Павлодар мен Семей арасындағы тасжолда аяқталып, бірден 11 адам ұсталды. Олар қылмыстық істегі өздерінің ойнаған рөлдеріне байланысты әртүрлі мерзімге бас бостандықтарынан айырылды.



## БАСЫН БӘЙГЕГЕ ТІККЕНДЕР...

Боралдай кенті, 2011 жыл

2011

2011 жылғы 5 желтоқсанда екі майор жерленді. Қоштасу өтетін ҰҚК Шекара академиясында шұбатылған кезек тұрды. Майор Долговқа, майор Алпысовқа және жалпы «А» қызметіне құрмет көрсету үшін келген адам легінде есеп болмады.

*Ерлік дегеніміз «қалыпты өмірден», оның барлық қуаныштары мен рахатынан ерікті түрде бас тарту.*

*Ю. Батулин. «Властелины бесконечности»*

Роман мен Тахир парадтық мундирде жатты, олардың жүзінен жайбарақаттылық байқалып тұрды. Отан үшін иық тіресіп соғысқан аталары секілді, қазақ пен орыс қатар жатты.

Қаралы гүлдестелерінде «Батырларға мәңгілік тағзым», «Сіздер біздің жүрегімізде өмір сүретін боласыздар» деген жазулар болды. Әйелдері, балалары, жауынгер достары жылап, генералдар мен офицерлер көздеріне жас алды.

Боралдай кентіндегі операцияға қатысқаны үшін майор Долгов пен Алпысов қаза тапқан соң ІІ дәрежелі «Айбын» орденімен наградталды.

«Self-made man» деген ағылшынша тіркес бар. Өзін-өзі қалыптастырған адам. Әдетте, ешкімнің көмегінсіз табысқа жеткен адамдарға қатысты айтылады. Табыстың көрсеткіші ретінде жай ғана қарапайым да түсінікті сөз қолданылады — байып кетті...

Долгов және Алпысов үлкен байлыққа кенелген жоқ. Бірақ жеткен биіктеріне өздері жетті. Шындығында олар өздерін өздері қалыптастырды.

Роман Ресейде туғанымен, әкесінің қызметі бойынша отбасы Қазақстанға көшіп келді. Балалық шағы-





2011

ның көп бөлігін кітап оқумен өткізді, арасында бокспен айналысты. Ол заманда алматылық жасөспірімдер аудан-ауданға бөлініп жүретін — бұл романтика болып көрінетін. Ал Романға мұндай нәрсе қызық емес еді.

ҰҚК Әскери институтының Командалық факультеті оның талдау қабілетін, психологиялық талантын, тіпті театралдық дағдыларын дамытты. Ол тамаша актер және отырыстың сәні еді.

Ал содан кейін ең үздіктерін таңдап алу үшін училищеге «А» қызметінің адамдары келді. Ол бірден түсінді, күткені де осы болатын. Ерекше адамдар, құпия батырлар, мықтылардың мықтысы. Іріктеу қатаң өтті, шақырымдарға созылған кросс, тартылу, жекпе-жек бойынша күш сынасу. Ол бәріне шыдады, өтті.

«А» қызметіне келген соң Роман өзінің барлық қабілетін көрсетті, қысқа мерзім ішінде жауынгерлік топқа жетекшілік ете бастады. Жауынгер достарының арасындағы

Басын бәйгеге тіккендер...



«Рауль» деген шақыру белгісі сенім мен құрметтің нышанындай болды.

Өмір өтіп жатты. Жұбайы Наталья оған періштедей Анастасия мен София есімді өзі шексіз сүйіп, өбектейтін екі қыз сыйлады.

Тахир арнаулы бөлімшеде сәл аздау қызмет етті. Батыл да батыр, өмірге құштар, елпiлдеген жолдас еді.

Алматы қаласындағы Туризм және спорт академиясын бітіргеннен кейін әскери жолын бастады. Білекті боксшы



2011



өзінің қабілетін әскери қызметте көрсете білді. «А» қызметіне Бас барлау басқармасының дайындығы мол офицері ретінде келді. Шетелдегі отты нүктелерде болған талай операциялардың ортасынан өткен еді.

Қызметтестері Ирактағы операцияларды еске алғанды ұнататын, жай ғана қазақ баласы, өз елін лайықты көрсете білді, онысымен әрдайым мақтанатын. «Қазбат» өзінің борышын өтеп қайтты, ал оның батырлар тізімінде Тахирдің есімі мәңгілікке қалатындығы сөзсіз.

Романдікі секілді, Тахирдің де Темірлан және Томирис есімді екі құлыншағы өсіп келе жатты, олар әкелерінің кенеттен қызметке қарай құстай ұшатындығына әбден үйреніп алғанды, ал Тахирді қызметке шақырған кезде әрдайым тамағына өксік тығылғандай болатын оның жұбайы Ләйлә туралы не айтарсың.

Қайғылы оқиға 3 желтоқсанда болды. Алматыдағы қарапайым сенбі күндерінің бірі еді. Қала мереке алдындағы қарбаласта болатын. Еліміз тәуелсіздіктің 20 жылдығын тойлауға дайындалып жатты, қырау басқан ағаштар мен көшедегі жаңа жылдық безендірулер сиқыршылар әлемін



еске салғандай еді, ойша балалық шаққа саяхат жасап кеткенінді байқамай да қаласың... Бұл күні «А» қызметінің жігіттері бірнеше айға созылған қауырт жұмыстан бір сәтке босап, үйлерінде демалып жатқан-ды.

Кешкі сағат сегіздер шамасында Қызметтің кезекші бөлімінде дабыл соғылып, жауынгерлік топтың Боралдай кентіндегі Шпак көшесіндегі 43-үйге бару керектігі туралы хабарланды. Роман мен Тахир жауынгерлік топтың құрамында алғашқылардың бірі болып аталған мекенжайға аттанды. Жолға шыққан көліктің ішінде шыбын ызыңы естілердей тыныштық орнады, тапсырманың күрделі болатындығын жігіттер түсінді, толқып отырғандықтары сезілді.

Осы кезде Романға жұбайы телефон соғып, Софаның балығы бар аквариумды сындырғандығын хабарлады. Кейінірек жігіттер айтқандай, бұл әлдебір нәрсенің белгісі еді. Рома да бірдеңені сезгендей: «Жігіттер аспай-саспай жұмыс істейміз, абайлап аламыз. Бізді үйде күтіп отыр...» - деді.

Боралдай кентіндегі әкімдікке жеткен кезде «Аян» есімді топ жетекшісі жедел топпен өзара хабарласып, ақпарат алады, яғни шағын үйде террорлық топпен байланысы бар ер



азамат отбасымен бірге тұрып жатыр екен. Жедел ақпаратқа қарағанда ол адамның басқа қылмыскерлердің мекенжайларын білуі мүмкіндігі және оның «Оса» деген травматикалық тапаншасының кәдімгі оқ атуға лайықталып жасалғандығы айтылды.

Бірақ шағын үйде террорлық топтың барлық 5 адамы да бар екен. Қылмыскерлердің қолында екі Калашников автоматы, екі Макаров тапаншасы және екі РГД-5 гранатасы болды. Осы кезде ұйымдасқан қылмыстық топтың алтыншы мүшесі азық-түлік алу үшін дүкенге шығып кетіп, ҰҚК қызметкерлерінің келгендігін сол хабарлап үлгерген болса керек.

Жауынгерлік сапқа тұрған топ қызметкерлері аулаға қақпа арқылы еніп, ақырындап шағын үйдің есігіне жақындайды.

Айналада өлі тыныштық орнағандай еді, тек әрі-бері өткен машиналардың дыбысы мен радиостанцияның сырылы ғана естіліп тұрды. Барлығы ойша өз қимылдарын пысықтап, барлық назарын осыған аударды.

«Алға!» деген бұйрық берілді. Романың тобы кішкентай ағаш есікке таяды. Бірінші болып қолына қалқан ұстаған



Тахир, содан кейін Рома жүрді.

Өзінен жарты метр жерде тұрған еркекті көріп, Тахир көзді ашып-жұмғанша қарғып барып, оны еденге алып ұрады. «Жат! Полиция!» деп айқайлайды.

Ол осылай команда берген кезде, басқа бөлмедегі қылмыскерлер қолдарындағы бар қаруларымен атысты бастап кеп жібереді. Тахир

иығынан жарақаттанып, алға қарай құлайды. Радиостанция арқылы Тахирдің жараланғандығы хабарланады.

Романның алдынан терроршылар тікелей ататын кеңістік пайда болды. Енді Роман жауынгерлік саптың біріншісі болып шыға келді. Кері шегінбей, бетпе-бет келген қашықтықтан ата бастады, терроршылар да оқпен жауап қатып жатты.

Бөлмеде тығылып жатқан терроршыларды көрген жаралы Тахир соңғы күшін жинап айқай салады: «Автоматы бар үш адамды көріп тұрмын!».

Осы сәтте Роман артында тұрған қызметкерге «Ронин, ат!» деп бұйырады. Екі жауынгер де қылмыскерлермен бетпе-бет келіп үздіксіз атысты.

Жағдай асқынып кетті. «Гранатаны лақтыр!», «Ронин, Таханы алып шық, мен жаба тұрамын!» - деп Роман атысқа басшылық жасап жатты.



Оқтың қарша жауғандығы сонша, Тахирді бірден алып шығудың сәті түспеді.

Терроршылар «Аллах Акбар» деп айқайлап, бір-бірін қолдап, автоматтан тоқтаусыз атып жатты.

Роман тізерлей отырып қалды, мойнынан аққан қан бронды кеудешесіне тамып, денесі босап бара жатты, өлімші болып жарақаттанған еді.

«Ронин» қылмыскерлері бар бөлмеге бірінің артынан бірі үш граната лақтырады. Ал Роман қимылсыз жатты.

Бір сәт тыныштықты радиостанция үні бұзды: «Эвакуация! Рома — 200, Таха - 300». Мұны естіген жауынгерлердің көздерінен жас тамды.

Бұдан кейін жауынгерлер газды және гранатометтерді қолданып, шешуші шабуыл жасады, нәтижесінде 5 қылмыскердің көзі жойылды.

Ертеңіне таңертең жүректері қарс айырылған жауынгер достары Роман мен Тахирдің үйлеріне келді. Наталья мен Ләйлә бәрін айтпай-ақ түсінді.

Күйеулерінің кештеп оралуы әдетке айналғандай еді. Шаршағанмен көңілдері көтеріңкі болатын олар әйелдерін құшақтап, аңгімелерін де айтып үлгеретін. Бірге қуанатын. Дегенмен, үнемі толқып жүретін — күндердің күнінде қағылған есікті ашып қалғанда... арғы жағында форма киген адамдар тұрса... бүгінгі таңдағы секілді...



# АҚТӨБЕДЕГІ ТЕРАКТИ: САБАҚТАРЫ МЕН ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ


2011



Қала көшесімен бір адам келе жатты. Сырттай қарағанда орта жастағы еркек ешкімнен ерекшеленбейтін. Балағы қысқа ебедейсіз шалбары, иегіндегі сақалы ғана оны топ ішінен ерекшелеп тұратын. Егер көшедегі адамдар көзіне қарайтын болса, оның көзінен ақыл-есі кемтар немесе жын соққан адамдікіндей түсініксіз бір сәуле көрген болар еді. Иә, бірақ көшедегі барлық адам өз жөнімен асығып кетіп бара жатады, оның үстіне біреудің көзіне кім қарасын.

Арада бірнеше сағат өткенде ҰҚК Ақтөбе облысы бойынша департаментінің ғимаратында жарылыс болды. Радикалды діни фанат жарылыс жасап, сол жерде өзі қаза тауып, үш адам жараланды.

Өткізу орнында Рахымжан Мақатовты бекет қызметкері тоқтатты, ол оны бұған дейін де көрген еді, әрине танығаны



да рас. Бірнеше діни фанаттар ұсталған кезде қозғалған бір шулы іс бойынша куәгер ретінде өткені бар.

Жүрісі біртүрлі адам жедел қызметкер Диясовты көргісі келді, осы кезде іздеген адамы да департаментке жақындап келе жатқан еді. Офицер де Мақатовты жай жұмыспен жүрген шығар деп ойлап үлгерді. Бірақ сыралғы көзімен қарап өткен ол бірден түсіне қойды, бұл адам басқа мақсатпен келіп тұр — күртесінің ішіне қолдан жасалған жарылғыш құрылғыны жасырып тұрғанын аңғарды.

«Мүмкін бұл біртүрлі болып көрінетін шығар, бірақ менде қорқыныш сезімі деген болған жоқ. Мен жағдайды бірден түсіне қойдым да, сол жерде тұрғандардың бәріне тығылыңдар дедім. Тұрғандар қауіп-қатерді түсіне қоймады, айтқанымды орындауға асықпады, тағы да айқайлап айтуыма тура келді. Ал өзім Мақатовтың қасында тұрдым, ал ол болса мені белдігімнен ұстап алған еді», — деп Азамат Диясов сол күндерді еске алады.

Таңқаларлық жағдай, қауіптің қақпанында тұрған офицер басқалардың амандығын ойлап, жасырынуға пәрмен береді. Кейінірек сарапшылар жарылғыш құрылғының



күшейтілген жойғыш күші болғандығы туралы қорытынды шығарды.

«Сараптама көрсеткендей, өзін-өзі жармақшы болған адам жарылғыш құрылғыны өзі үшін өте қауіпті адамның қасында, ҰҚК қызметкерінің қасында жаруды жоспарлаған. Офицер өжеттігінің және кездейсоқ жағдайдың әсерінен аман қалады: қылмыскер қолдан жасалған тумблерді алдын ала қосуды ұмытып кетіпті», - деп сарапшы-жарылғыш заттар маманы осындай қорытынды жасайды.

Өзінің және әріптестерінің өмірін өжеттігі, жағдайға байланысты тез бейімделгіштігі және терроршының қателігі сақтап қалды.

Офицер мен басқа қызметкерлерге төнген қатердің деңгейін түсіну үшін сарапшылардың сипаттамасын келтірейік:

«Қолдан жасалған жарылғыш құрылғының қуаты 400г тротилді эквивалентке тең. Жарылғыш аммоний нитраты, алюминді ұнтақ және сіріңке басындағы күкірт негізінде жасалған. Тұйықталу түймесін басу арқылы электрлік жүйелердің тұйықталуынан детонатор іске қосылады, детонатор есебінде биомаркер қолданылған. Жарылғыштың жой-

ғыш күшін арттыру мақсатында оған үлкен көлемде бұрандалар мен шойынды элементтер оралған».

«Бір кезде қарасам Мақатовтың толқығаны сонша есінен адасып тұрғандай, үздіксіз дірілдеп тұр екен. Бірақ жарылғыш құрылғысы жарылмаған соң, ол назарын төмендетіп, менің белдігімді жіберді де, беліне орап алған сымдарын шұқылай бастады. Қателігін түсінген ол енді тумблерді қосуға тырысты. Мен осы жағдайды пайдаландым. «Жатыңдар!» деп қатер туралы айналама ескертіп, Мақатовты жылдам фойенің адамы жоқ ортасына қарай итеріп жібердім (бекеттегі қызметкер де осы сәтте ескерту оғын атады), турникетті тасалауға тырысып, еденге жата кеттім», — деп еске алады жедел қызметкер Диясов.

Сол заматта-ақ жарылыс болды. Оқиға орнын алғаш қарағанда-ақ оның қауіпті болғандығы байқалды: жарылыс күші департамент ғимаратының бірінші қабатының барлық шынысын талқандап кетті, сыртта тұрған машиналардың дабылдатқыштары ойнап қоя берді. Мақатов сол тұрған орнында қаза тапты.

Адамдар терроризмнің тайғақ жолына қалай шығады және не үшін? Бөгде беделді адамдардың ықпалына қалай түседі? Жалған ұрандарға неге сенеді?

Психологтардың қорытындысы бойынша туған кезінде алған жарақаты Мақатовтың мінезінің психологиялық жағынан қалыптасуына айтарлықтай әсер еткен.

Бұдан бөлек ата-анасының тәрбиесінің ықпалды болғандығын жоққа шығаруға болмайды. Әкесі қатал мінезді болғандықтан, баласын жиі жазалап отырған. Баласына үнемі көңілі толмай, оған жылылық танытудың орнына,



керісінше оны ылғи қорлап, «ақылдырақ және жолы болғыш» жиендерін үлгі ететін.

Ақтөбедегі теракті қауіп-қатердің бар екендігін көрсетті. Теракті жүзеге асқанда, әрине, адамдардың сенімі жоғалып, бейбіт халық дүрбелеңге түсер еді, жалпы жағдай шайқалып, тізбектеліп кететін оқиғалардың орын алуы да сөзсіз еді.

Әрине, болған оқиға бірден төтенше жағдай сипатын иеленді. Отандық және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары болған оқиға туралы жарыса айтып жатты. Басылым журналистері оқиғаның бүге-шігесін білгісі келді, Мақатовқа қатысты әртүрлі теңеулер беріліп жатты: қазақстандық тұңғыш өзін өзі жарушы, тұңғыш шаһид және тағы да басқа салыстырулар.

Қоғамды дүр сілкіндірген оқиға болғандықтан, БАҚ бұл тақырыпты бірнеше ай бойы қайталады. ҰҚК департаментіне көршілес үйлердің тұрғындары өздерінің көңіл-күйлерімен, сезімдерімен бөлісті. Ал, болған оқиғадан көлемі әлдеқайда зардапты болуы мүмкін бұған дейінгі терактілердің тізбегін ауыздықтай білген офицерлердің бірнеше ай бойы күн-түн қатқан тынымсыз да ауқымды еңбегі кадр сыртында қалып жатты.

Жергілікті радикалдарды анықтау және ұстау бойынша операциялар ұзақ уақыттан бері дайындалып, жүріп жатқан еді. Нәтижесінде, «Аңсар-уд-дин» («Дін көмекшілері») террорлық бастауыш ұйымының мүшелері болған және жиһадқа дайындалып жатқан он шақты адам осы жарылыстың алдында ғана, екі апта бұрын ұсталған болатын.

Тергеу барысында жиһадшылардың жедел деректері мен жоспарлары мәлім болды. Олардың ойы сонау Ауғанстан

жеріне барып, радикалдар жағында америкалық сарбаздарға қарсы және Солтүстік Кавказға барып ресейлік әскерилерге қарсы жауынгерлік ұрыстарға қатысу екен.

Ақтөбелік радикалдарға «Исламдық жиһад одағы», «Кавказ имараты» секілді халықаралық террорлық ұйымдардың шетелдік эмиссарлары мен мүшелері жетекшілік еткен.

Жаңа келген мүшелерін жауынгерлік дайындықтан өткізу барысында қолданылған қару-жарақ пен оқ-дәрілердің айтарлықтай арсеналы олардың ойларының шындық екендігін, қоғам үшін қандай қатер төндіргендігін дәлелдейді: Калашников автоматы, Макаров тапаншалары. Тінту кезінде табылған арнайы техникалық құралдар олардың ерекше дайындық түрлерін де қарастырғандығын байқатты.

Сонымен қатар Ақтөбелік радикалдар халықаралық террорлық ұйымдарды қаржыландыруға да қатысып отырған, яғни ақшаларын банктер арқылы немесе байланысшылары арқылы жіберіп тұрған.

Шетелдік ақша алушылар бұған жауап ретінде өздерінің қозғалыстарына қосылуға үндеп алғыс айтқан роликтер жазған. Өз кезегінде, ақтөбелік «Дін көмекшілері» егер Ауғанстанға бара алмайтын болса, онда Қазақстанда террорлық шабуылдар жасайтындығын айтып ант береді.

2011 жылғы 4 мамырда ҰҚК департаменті ұстаған бастауыш ұйымның барлық мүшелерінің арасында Рахымжан Мақатов та бар болатын.

Тергеудің бас жағында ол өзінің өкінетіндігін байқатып, тергеумен белсенді түрде ынтымақтасты. Сондықтан оны куәгер ретінде қалдыру ұйғарылған еді.



Ол қатардағы куәгер емес еді. Мақатов бастауыш ұйымның басшысы Махуовтың оң қолы еді. Адам қасиеттерін шебер меңгерген ол жамағаттағы ең сезімтал бағыт болып табылатын идеология саласына жауап берді. Жүйедегі жалған діни мақалалар, кітаптар және бейнероликтерді жазып алып, оларды «бауырларының» арасында талмай, жалықпай таратып,

өз жұмысын «үздік» атқарды.

Осыған қарамастан, жедел қызметкердің жұмысты дұрыс ұйымдастыруының арқасында, Мақатовтан тергеу үшін маңызды мәліметтер алудың орайы келді. Кейінірек, діндес бауырларының алдында өзін кінәлі сезінуі теракті жасап өзін жару туралы ойға итермелеген.

Ақтөбе облысындағы жоғарыда айтылған қайғылы жағдай Қазақстандағы соңғы оқиға болмады. Өз заманы үшін мұндай оқиғалар айтарлықтай сипатта болғанымен, қатерлі жаумен бетпе-бет кездескен Комитет қызметкерлері қаймықпастан қажетті қорытынды шығарып, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін керекті шешімдерді қабылдай білді.

## МӘҢГІЛІККЕ ҚАДАМ

«Жығылсаң – тізерлеп шайқас, жүре алмасың – жатып айқас». Кез келген жауынгер білетін бұл өсиет шын мәнінде Қайрат Ибраимовтың ұранына айналды.

Қызылорда облысының шалғайдағы ауылы. Он төрт жасар жасөспірім бақшаға қарай құстай ұшып келеді. Таңертеңгі саф ауамен кеудесін кере демалып қояды. Жарты шақырымдай жолды артта қалдырды.

Бұл кішкентай Қайраттың күнделікті жолы. Көкесі Оңғарбайдың: «Қайрош! Егер әскери болғың келсе, онда күнде үш шақырым жүгіруің керек», — деп айтқаны бар.

Ай өткен сайын баланың жылдамдығы арта түсуде.

— Аға! Тағы не істеу керек? - деп сұрап қояды Қайрат.

— Төбелесе білуің керек, белтемірге тартыла білуің керек, - деп көкесі әзілдеп жымиды.

Ауылда еркін күрестен тек бір ғана секция болатын. Жаттықтырушы тыриған балаға қарап тұрып: «Балам, сен не, ет жемейсің бе?» — дегені бар.

Гонг соғылды. Рефери көк кимоно киген жауынгердің қолын көтерді. Жарыстың бас төрешісі микрофон арқылы: «65 килограмм салмақтағы Қайрат Ибраимов жеңімпаз деп танылып, ҰҚК Әскери институтының чемпионы атанды!!!» — деп хабарлады.



Аға лейтенант  
Ибраимов Қ.О.  
(04.02.1985-  
24.08.2011жж.)



Кішкентай Қайраттың табандылығы мен еңбекқорлығы өз жемісін беріп, офицер болып, «әкемнің мақтанышына айналсам» деген бала арманына жақындап келе жатты.

«Арыстаннан» келген «сатып алушылардың» оны байқамай қалуы мүмкін емес еді. Тексеру шараларының барлығынан мүдірмей өтіп, таңдалып алынған түлектердің ішінен бірінші болып ҰҚК-нің белді де беделді арнаулы бөлімшесіне қабылданады.

Арнаулы мақсаттағы бөлімше офицерінің естелігінен:

Қайрат мінезі жағынан көпшіл, еті тірі, әңгімешіл жігіт еді. Оның белсенділігі, әсіресе, спортта байқалатын: қуатты, сенбі күндері 10 шақырым кросстан кейін ол міндетті түрде футболдан матч өткізуді ұйымдастырушылардың бірі болып, ойын кезінде өз қақпасынан қарсы жақтың қақпасына дейін допты шаршамай қуалайтын.

Жаздың күндері, Каспий жағалауындағы далада, тіпті жартылай шөлейт далада оқу-жаттығулық көп күндік іссапар кезінде Қайрат ылғи да күндізгі патруль боп жүруге сұранатын.



Осындай патруль болып жүрген күндердің бірінде Қайраттың төзімділігінің арқасында суы бар құдықты іздеп тапқанымыз есімізде. Құрғақшылық, карта бойынша құдықтар көрсетілген, бірақ олардың көпшілігі құдық емес, ал жер астындағы тастан жасалған цистерналар, олардың өзі кеуіп қалған, бар тапқан суымызды өзімізбен бірге алып жүрдік. Үстел бетіндей теп-тегіс, кедір-бұдыры жоқ мидай далада су көзін табу дегеніңіз бақытты сәттердің бірі деуге болады, ал таптым деген құдығыңның өзі диаметрі бір жарым метр болатын жердің астында көміліп, тапталып қалған бөшке болып шығады, оның кішкентай тесігіне 1,5 литрлік пластикалық бөтелкені әзер тығасың. Бірақ ондай құдықтың суы өміріміздегі ішкен ең салқын да тәтті су болушы еді.

2011 жыл, тамыз. «Ибраимов, бастыққа кір!» - деген жедел кезекшінің дауысы естілді. Қайрат баспалдақпен көтеріліп келе жатып: «Қоян-қолтық ұрыс бойынша өтіп жатқан жиында жүрмін. Командирге не керек болды екен?» — деп ойлап үлгерді.

«Сені топқа қостық! Жиналуға 30 минут, Қостанайға барасың».

Міне, ақыры, көптен күткен жауынгерлік сапар! Автомобильге қару-жарақ артып жатқан жолдастарының қасынан өтіп бара жатып: «Жігіттер мен сендермен біргемін!» - деп айқайлады.

Есірткі трафигінің жолын кесетін нүкте Арқалық трассасы болып белгіленді. Бұл тапсырма «А» қызметіне жүктелді. «Қаскүнемдер» туралы ақпараттар әртүрлі, сонымен бірге қарама-қайшы болды. Бірақ олардың қаруланып алғандықтары, қауіпті екендіктері анық еді.

Қылмыскерлердің арсеналдарында кеңестік ескі карта, навигация құралдары болды, жасырына отырып, тектүннің бір уағында ғана жүріп отырды. Мақсаттарын жүзеге асыру үшін қылмыскерлер даланың ескі сүрлеулерін, сондай-ақ автобанға, жалпы қолданылатын жолдарға қиылыспайтын айналма жолдарды қолданды.

Әскери топ іс-қимыл жоспарын тыңғылықты жоспарлады, жеке құрам екі топқа бөлінді. Топтың бірі қылмыскерлерді тікелей ұстауға қатысатын болды, ал егер олар бұл құрықтан сытылып кететіндей жағдай болса деп екінші топ қалаға жақын маңдағы дала жолдарының қиылысында тұратын болды.

«Жалаңаш» трасса жасырыну тұрмақ, артық қимыл жасауға да ешқандай мүмкіндік бермеді. Бұлыңғыр, жауыншашынды, жігіттердің өздері айтатын тамыздың «қолайсыз» ауа райы жұмысты қиындата түсті. Мұндай жағдайда бір «аңыздың» керек екендігі айтпаса да түсінікті еді. Өзара ақылдаса келе, «жол жөндеп жүрген жұмысшылардан»



артық «аңыз» болмайтындығына жігіттердің бәрі келісті. Бұлар тұрған жол бөлігі тосқауыл қоюға да, «аңыз» айтуға да сәйкес келіп тұрды.

Қылмыскерлер келеді-ау деген уақыт сырғып өте шықты, жігіттер сонда да шыдап тұрды, тым-тырыс трасса да іш пыстыра бастады. «Аңыз» өмір сүруін тоқтатпады, ал тосқауылдағы жігіттер тығылуға мүмкіндік беретін барлық жерді қолдана бастады, оның ішінде жол жиегіндегі су құбырлары, бұталар назардан тыс қалмады. Түнгі сағат екінің шамасында сонау көкжиектегі түнгі аспанды жарық сәуле тіліп өтті, алғы шептегі радиостанциялар сырылдап, «қаскүнемдердің» келе жатқандықтарын хабарлады.

Қайраттың міндеті тоқтап тұрған трактор мен қолдан жасалған қоршаудың арасындағы тар жолға тікенек сымдарды төсеп жіберіп, қылмыскерлердің автокөлігін тоқтату болатын. Операцияның барысы осы іске тікелей байланысты еді.

Қылмыскерлердің автоколоннасы екі көліктен тұрды, оның бірі жол талғамайтын «BMW X5» болса, екіншісі есірткіні алып келе жатқан тент жабылған уаз-«буханка» болатын.

Қылмыскерлердің колоннасы ұстау тобына жақындап қалған ең бір жауапты кезеңде, жолдағы балшықтың әсерінен төселуі тиіс тікенек сым үзілген жерінен оралып, шатасып кетті. Тапсырманы орындауды ғана ойлаған Қайрат оқтай атылып барып, тікенек сымдарды бар күшімен жолдың екінші бағытына қарай тарта бастады. Не болып жатқанын түсіне қойған қылмыскерлер ештеңе ойламастан Қайратты қағып өтіп, ары қарай зымырады.

Көмектесуге жүгіріп келген қарулас жолдастарына жаралы, әрі қозғала алмай жатқан Қайрат «Қалдырыңдар мені, аналарды табыңдар, жібермеңдер» деп өзінің соңғы сөзін айтты.

Ол ауруханаға бара жатқан жолда көз жұмды. Әріптестері қарулас достарының, бауырларының құнымен өлшенген тапсырманы мүлтіксіз орындады.

Жылжып жылдар өтті. Шашы ағарған Оңғарбай көке асықпай басып бақшаға келе жатыр. Таныс жол. Жол шетіндегі жалғыз қараағашты қолымен ұстап жылап жіберді: «Мүмкін сонда мен текке...».

Біраз уақыттан кейін оның жүзі жадырап сала берді — даладағы жолмен бір жасөспірім жүгіріп бара жатты...

Иә, әлі талай батырлар шығады бізден...

\*\*\*

«Арыстандықты» өлтірген қостанайлық ұйымдасқан қылмыстық топ сицилиялық мафияның қағидалары бойынша ұйымдасқандығы белгілі болды. Оған қостанайлық ағайынды Бикаевтар басшылық етіпті. Еліміздің оңтүстігінен «тауар» жеткізуді қамтамасыз етіп келген олардың Жамбылда тұратын жақын туыстары Олжас пен Ғазиз Байғазиевтар болып шықты. Мафиялық есірткі тобына бұлардан басқа тағы алты адам мүше болды.

Қылмыскерлердің 7-8 жыл бойы ойларына келгендерін істегенін айта кеткен жөн. Тергеу кезінде осы Бикаевтардың есірткі қылмыстары үшін бұрын да жауапқа тартылғандықтары, бірақ қашанда сүттен ақ болып шығып отырғандықтары белгілі болды. Бауырларының бірі бұрын ішкі істер

органдарында қызмет істегенін еске алатын болсақ, онда жоғарыдағы сөздің жаны бар секілді.

Қылмыстық шлейф және қылмыстық топ мүшелерінің әдемі өмірге деген ұмтылысы құзырлы органдар назарынан тыс қалуы мүмкін емес еді. Ештеңеден тайынбайтын жігіттер еш жерде жұмыс істемейді, олардың ортасы басқалар үшін қашанда жабық, олар жиі-жиі оңтүстікке барып, жол талғамайтын машиналар сатып алады.

Жалпы айтқанда, жеткізу арнасын анықтау және жүретін жолдарын білу ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлеріне айтарлықтай қиындық туғызбады. Барлық жедел жұмыс зергердің қолымен атқарылғандай еді. Бірақ есірткі қылмыскерлерін осыншама шектен шыққан бұзақылар деп кім ойлаған...

Олар өздерінің ең соңғы істерін 2011 жылдың мамыр айында бастады. Бикаевтар Байғазиевтарды «сілтеп жібереді», ал олар болса Шуға барып, бір тоннадан астам марихуана сатып алады. Олардың іс-қимылдары мен жүрістерін





бақылаған жедел қызметкерлер қылмыскерлердің ірі көлемдегі есірткіні Қазақстаннан Ресейге жеткізуге дайындалып жатқандығын біледі.

Арада екі ай өткенде УАЗ машинасына 204 қапшық жасыл шөп артқан ағайындылар Қарағанды облысы арқылы Қостанайға қарай жолға шығады. Бикаевтар даладан жасырын орын жасайтын болады. Дамда ауылының маңайынан жасырын орынды жасап та қояды. Олар дайындаған шұңқыр айтарлықтай еді: ұзындығы екі метр, тереңдігі бір жарым метр. Бірақ жүкті күте-күте шаршайды.

Бикаевтар Байғазиевтарды қарсы алуға аттанады. Олар бірігіп құқық қорғау органдары өкілдерін сирек кездестіретін далалық жолдар арқылы жүріп отырады.





ҰҚК Қостанай облысы бойынша департаментінде мафия автокеруенінің жол бағдары туралы ақпарат келмей тұрып-ақ есірткі саудагерлерін айғақтарымен бірге ұстау туралы шешім қабылданған болатын. Жағдайдың күрделі екендігі, әрі қарсылық көрсетілуі мүмкін екендігі ескеріліп, ұстау үшін облысқа «Арыстан» арнаулы бөлімшесі жіберілді. Арнаулы бөлімше қызметкерлері жедел қызметкерлермен бірлесе ұстау іс-шарасына дайындалды. Автотрассаға екі ұстау бекетін қойып, іс-шараны түнде өткізу ұйғарылды. Арнаулы бөлімше қызметкерлері жүк машинасын және арнайы құралдарды дайындады, жол жұмыстары жүргізіліп жатқандығы туралы ескерту белгілерін қойды, жалпы айтқанда қылмыскерлерді қапқанға түсірудің барлық ама-лын жасады.

Қылмыскерлер Жезқазған-Есіл трассасының 13 шақыры-мына түнгі сағат екі жарымда келді. Басқа қылмыскерлерді үркітіп алмау үшін Департамент пен «Арыстан» қызметкер-лері «басты бақылаушының» машинасын өткізіп жіберуді ұйғарды. Ал жолға «УАЗ» көлігі шыққан кезде оның жолын «ГАЗ-3309» машинасы жапты. Бірақ «есірткітасығыш» Азамат Бикаев газды басып, кедергіні бұзып өтті.

Арнаулы бөлімше қызметкерлері аспанға оқ атып, жын ұрғандай зымыраған машинаның соңынан ілесті, бірақ жүгенсіз мафия мүшелерін бұндай қимыл тоқтата алмады. Осы кезде аға лейтенант Ибраимов бір тонна есірткісі бар, «ұшып» келе жатқан «уазикке» қарсы беттеді. Ол тікенекті лентаны тастап, машинаны жолдан шығармақ болды. Қылмыскер машинаны тура офицердің өзіне бағыттады...

Қайрат Ибраимов кеудесінен және ішінен ауыр жарақат алды. Әріптестерінің бірінің айтуынша, Қайрат өмірінің соңына дейін, есін жиған сайын қылмыскерлердің ұсталған-ұсталмағандығын сұрап жатыпты. Аға лейтенант ауруханаға бара жатқан жолда қайтыс болды.

Қуғынға шыққан арнаулы бөлімше қызметкерлері әуелі «УАЗ»-ды қуып жетті. Ол қатты жылдамдықпен келе жатып жолдан шығып кетті, оның жүргізушісі мен жолаушысы қараңғы далаға сіңіп кетті.

Автомобильдің қасында ішіне марихуана толтырылған екі қапшық жатты. Тағы да екі жүз екі қапшық машинаның ішінен шықты. Осы жерден әскери граната табылды. Артынан белгілі болғанындай, гранатадағы шығыршық толығымен тартылмағандықтан, ол жарылмай қалыпты. Екінші граната машинаның маңайынан табылды. Жол талғамайтын «БМВ» Амантоғай ауылынан он шақырымдай жерден табылды, ал «Ландкрузер» Арқалық-Есіл автотрассасына қатарлас теміржол бойынан табылды. Машиналар бос еді.

Осы оқиғаға байланысты ІІД жеке құрамы дабыл бойынша көтерілді. Бірінші қылмыскер (О. Байғазиев) «БМВ» машинасынан бірнеше жүз шақырым жерден ұсталды. Екі



Жауынгерлік міндеттерді орындауда көрсеткен батылдығы мен ерлігі үшін Қ. Ибраимов Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен II дәрежелі «Айбын» орденімен қайтыс болғаннан кейін наградталды. Жауынгерлік награда батырдың отбасына табысталды. Ал ҰҚК Қостанай облысы бойынша департаментінің музейінде батырдың құжаттары мен фотосуреттері ұқыпты сақталуда. Қайсар офицер жауынгер жолдастарының жадында, оның атын ҰҚК-нің барлық қызметкері біледі...

2011

қылмыскер зымырап бара жатқан «КамАЗ»-дан ұсталды, (олар осылайша Қостанайға жетпекші болыпты), қалғандары түз даладан ұсталды. Қылмыстық топ басшысы бір-неше ай бойы қашып жүргенімен, түбінде ұсталып, сотталды. Есірткі мафиясының мүшелері 16 жылдан 25 жылға дейін бас бостандықтарынан айырылды.

# 2012: ТЕРРОРДЫҢ ЫЗҒАРЛЫ ДЕМІ

Арнаулы мақсаттағы қызмет қызметкерлерінің естелігінен

2012

XXI ғасырда халықаралық терроризм қатерлі деңгейге көтеріле бастады. Оның салдарын Қазақстан да сезінді. Әсіресе 2012 жыл осындай оқиғаларға толы болды. Сол жылғы оқиғалар хроникасына қарайтын болсақ (олардың бәрі теракті ретінде танылған жоқ, олардың бәріне «А» Арнаулы мақсаттағы қызметінің қызметкерлері қатыстырылмады), экстремистік шабуылдар қазақстандықтардың үрейін ұшырды. Террордың ызғарлы демі барлығын алаңдатты.

Бүгінде ҰҚК-нің «жауынгерлік қанаты» болып табылатын қызметте тамаша өткізілген арнайы операциялар жетерлік, онда жауынгерлер алға қойылған міндеттерді тиімді орындауға қабілетті екендіктерін дәлелдеді.

Солардың бірқатарына толығырақ тоқталып өткіміз келеді.



### «КӨБІККЕ КӨМІЛГЕН»

«Куба», мені қорға!» — деп «Стамбул» жауынгер жолдасына қысқаша бұйрық берді...

«Стамбулдың» жүрек қалауымен келген «А» арнаулы бөлімшесінің жауынгеріне лайықты қасиеттерді бойына сіңіргеніне 6 жыл өтіпті. Шекарашылық әскери білімі бар қарапайым ауыл баласының өз-өзімен айналыспаған бірде бір күні жоқ. Жауынгерге сын сағатта өте қажет болатын денесі мен ойлау жүйесін шынықтырған ол мүлт жібермей атуды үйренді, қару-жарақтың жаңа түрлерін меңгерді. Түз баласының асау мінезін байқаған әріптестері оған «Стамбул» деген шақыру белгісін берді.

2012 жылғы 21 маусым «Стамбул» үшін қарапайым күндердің бірі болатын, яғни шабуылдау ғимаратындағы сабақта жігіттермен бірге «бөлмені тазалау» тақырыбын пысықтап жатқан-ды. Бөлім бастығы «Капралға» кезекші телефон соғып, «Жауынгерлік дабыл, бәрі жиналсын!» деген





2012

бұйрықты жеткізді, ал «Капрал» болса байсалды даусымен түк болмағандай: «Сабағымыз тағы да үзілді, тез жиналамыз, жігіттер!» - деді. Дегенмен, ол біздің барлық сабағымыздың емтиханы осы екендігін іштей түсінетін...

Басқарма бастығы «Найманның» жылдам жүрісіне қарап, акт залында отырған біздер оның көңіл-күйі салқын екендігін сезіндік, артық-ауыз сөзі жоқ құрғақ пәрмен берілді: «Жігіттер, шұғыл түрде Ақтөбеге ұшамыз, жедел жағдайды жол-жөнекей айтамын».

Арада үш сағат өткенде біз Ақтөбе қаласына жетіп, жедел қызметкерлермен бірге терроршыларды іздестіре бастадық. Бірінші кезекте қаладан қашпақшы болған олардың сыбайластарын вокзалда ұстап үлгердік. Осылайша терроршылар туралы алғашқы ақпаратқа қол жеткіздік.

Террорға қарсы операцияның басы осылай басталды...

Бұл күні жаңбыр құйып тұрды. Арнаулы мақсаттағы қызмет жауынгерінің күнделікті киім-кешегі 35 кг шамасында болады. Бронды кеудеше «РЭЙД-Л» костюмі су болып, тағы 10 кг-ға ауырлай түсті. Біз «Бүркіт» бөлімшесінің жауынгерлерімен бірге тізбекке тұрып, әрбір мазарды жігі қарап,



зиратты «тазалай» бастадық. «Тазалауымызды» аяқтап болмай жатып жаңа пәрмен келді: «Терроршылар техникалық қызмет көрсету стансасында», біз автобуска жүгірдік.

Иә, кейбір кезде жедел жағдай аяқ астынан өзгеретіндігі бар, әсіресе, қай жерден қауіп-қатер келетіндігін сезбей қаласың, әрине, бізді сол үшін де маман дейді, барлық жағдайға дайын болуымыз керек...





2012

Вокзалға келген кезде адамдардың көптігін көрдік: әскерилер, қарапайым адамдар. Полицейлердің бірі қолымен көрсетіп, соңымыздан айқайлады: «Олар ана жақта, олар ана жақта!». Әрине, барлығы үрей үстінде болды, қарулы терроршылар туралы жаңалық шағын қала үшін төбеден жай түскендей әсер етті.

Алғашқы пәрмен «Аулаға кіру!» болды. Ауладағы техникалық қызмет көрсету стансасының маңынан байқағанымыз, көршілес гараждарға тығылған адамдар болды, көздеріндегі қорқынышты айтпай білуге болар еді...

Айналаны бағдарлап болмай жатып кенеттен оқ атылып, қоршап тұрған топтағы СОБР-дың бір жауынгерінің құлағанын көрдік. Жарықшақ басына қарай ұшып, оң жақ қасының үстіне тиіпті. Барлығы бізге қарады, біз жауынгерді құтқаруға кірістік. Біздің жігіттер техникалық қызмет көрсету

стансасының терезесінен атылып жатқан оқтың астымен өтіп, жаралы жауынгерді алып шықты, осылайша оның өмірін арашалап қалды. Жағдайдың қиындығын байқаған соң, террорға қарсы операция өтетін аймақтағы барлық адамды эвакуацияладық.

Бұдан кейінгі жұмыс кәсіби жауынгерлерге берілді...

Техникалық қызмет көрсету стансасының ішінде не болып жатқандығын білу үшін топ командирі «Найман» жауынгер «Түрікменге»: «Техникалық қызмет көрсету стансасының терезесіне барынша жақындап, «Айсболды» лақтыр!» - деді. Аталған құрал үй-жайдың ішін бақылауға мүмкіндік береді, негізі осындай алдыңғы қатарлы технологиялар біздің қызметкерлердің өмірін сақтауға көмектеседі.

«Айсбол» қосылған планшеттің мониторынан «Стамбул» жаруға дайындалған оттегі баллондарын құшақтаған терроршыларды көрді. Шабуылдап кірудің мүмкін еместігін бәрі түсінді, ондай қимыл өзінді өзің өлтіргенмен тең еді...

Штабтан оларды қалайда тірідей алу керектігі туралы тапсырма берілді, ал арнаулы бөлімше қызметкерлері пікір таластыруды ұнатпайды...

«Брэйнштурмды» бастадық, терроршыларды үй-жайдан қалай шығарамыз деп ойлап қоямыз... Осы кезде күңкілдеп сөйлейтін «Түрікменнің» пікірі бәрімізге ой салды: «Кәнеки, оларды көбікке шомылдырайық, сол кезде жанатын компоненттер жарылмайды». Осы пікірдің негізінде қимылдай бастадық, яғни шабуылымыз оқулық бойынша өтпейтін болды.

Осы кезде топ командирі өз ұсынысын білдірді: «Мергендер топтың қимылын қолдап тұруы үшін стансаның қабырғасын БТР-мен қиратыңдар».

Әскери БТР гүрілдеп соғысқа кіріскенімен, өмірде бәрі басқаша болатындығы бар. Бірінші соққыны жасағаннан кейін-ақ ұрыс машинасының ілінісі жанып, БТР-дың жүргізушісі үрейленіп кетті. Бірақ «А» қызметі жауынгерлерінің «Қорықпа, біз сенімен біргеміз» деген сөзі оған тез әсер етіп, оның көңілі орнына түскендей болды. Жүргізуші өз-өзіне келіп, БТР-ды сөндіріп, рычагты екі қолымен бар күшін сала тартып, артқы жылдамдықты қосып, ұрыс машинасын оталдырды, біз жасырынатын орынға ойдағыдай жеттік. Жүргізуші бұзылған жерін ішінара жөндеп, «әзірге жүруге болады» деп мысқылдап қойды.

Мақсатымыз орындалды: 15 тонналық машинаның күшімен техникалық стансаның қақпасы майысып, саңылау пайда болды, енді оны толығымен ашу керек еді. Бізге есікті БТР-дың тросына ілу туралы жаңа міндет жүктелді.

«Хахим» қалқаншы «Бизонның» көмегімен қақпаны ілуге тырысты, осы кезде техникалық стансаның қараңғы бөлмесінен оқ атылып, «Хахим» жарақат алды. Бірақ соған қарамастан ол тапсырманы орындады.

Рупор арқылы қылмыскерлермен келіссөз жүргізушілер үнемі жұмыс істеп жатты, кейбіреулерінің ата-аналары да шақырылды.

Осы кезде біз жантүршігерлік көріністің куәсі болдық. Терроршылардың бірінің анасы қаруды тастауын өтініп еді, ал оған жауап қатқан баласы анасына: «Мыстансың,

кәпірлерге көмекші боп жүрсің!» - деді. Терроршылармен болған келіссөз нәтиже бермеді.

Операция басталғаннан бергі екі тәулік бойы біз экипировкамызды шешкен жоқпыз, мүмкіндігіміздің шегінде жұмыс істедік. Қалқан ұстайтын «Бизонның» кигені салмағы 50 кг болатын бронды кеудеше, қолына ұстап жүретін қалқанның салмағы 25 кг. Осындай ыңғайсыздықтарға қарамастан, «А» Арнаулы мақсаттағы қызметінің жауынгерлері үшін жеңбейтін қиындықтың жоқ екендігін әрқайсымыз білетінбіз.

Шабуылға дайындық барысында «Иртыш» заряд дайындап, оны жарды, нәтижесінде қабырғада тесік пайда болды. Терроршылар болған үй-жайға 3 тонна өрт сөндіргіш көбік құйылып, одан кейін осыншама су жіберілді.

«Шабуыл! Шабуыл! Шабуыл!» - деген «Найманның» пәрмені естіліп, ұрыс машинасының көмегімен операцияны бастадық. Біздің келе жатқанымызды байқаған терроршы-



лар «Аллах Акбар» деп айқайлап, оқ жаудыра бастады. Қарсыластың қарсы шабуылын тойтарғаннан кейін біз гараждың ішіне кіре бастадық. Қылмыскерлердің бірі босағадағы кірпіштің үстінде жатты, ал екіншісі бөлменің ішіне кіріп кетіп, көзден ғайып болды. Тобымыз тағы да жылжи бастағанда қарулы адам қайтадан шыға келді де, айқай салып, бізді ата бастады. Оны атып тастауға тура келді...

Террорға қарсы іс-шараның нәтижесінде екі терроршы қаза тауып, біреуі ауруханаға жеткізілді.

Астаналық бөлімшенің террорға қарсы алғашқы бір операциясы осылай өтті.

Халқымыз бейбіт аспан астында өмір сүруі үшін «А» қызметінің әрбір қызметкері өзінің өмірін өлімге байлай отырып, Отан күзетінде абыроймен тұруға дайын!

### **«КЕРІ ҚАРАЙ САНАУ»**

«Бағанашыл» деген мен үшін қалай болса солай соғылған коттеджді шағын ауданға айналған жай ғана саяжай массиві емес, көпшілігіміз үшін таң шапағын қарсы алатын соңғы орын болып қалуы мүмкін еді.

2012 жылы тамыз айында ешкімге ештеңе айтпастан бізді кенеттен күзет шарасынан шақыртып алды. Президент қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін біз Мемлекеттік күзет қызметін тұрақты түрде күшейтуге қатысамыз.

Базаға келген кезде бөлім бастығы айқай салды: «Ауыр жағдайда жұмыс істеуге дайындаламыз!».



Ауыр жағдайда жұмыс істеудің не екендігін бәріміз түсінеміз, Боралдайдың жарасы әлі жазыла қоймаған кез еді, өмірден ерте кеткен «Таха» мен «Рауль» есімізге түсті.

Жігіттер тұрған жерде шыбын ызыңы естілердей тыныштық орнады, амуницияның дайындық дыбысы мен қару-жарақтың сылдыры ғана естіліп тұрды. Осы отырғандардың барлығы бір-бірін қорғауы керектігін әрбір қызметкер іштей түсінді, ал үйлерінде оларды бала-шағасы, әйелі және туысқандары күтіп отыр.

Біздің қатарымызда жас жігіттер де көп болды, алғашқы тапсырмаға шығарда олардың қасынан өтіп бара жатқан кезде көздерінің оттай жанып, өз күштеріне сеніп тұрғандығын, есейіп ержеткендігін байқайтынмын.

Басыма бір ой келді: артқа қарай қайтуға жолың жабылған сол бір сәтте «қаның қайнайды» деген сөздің не мағына беретіндігін түсінесің, барлық қимылың рефлектор-





2012

лық түрде жүріп жатады, осы уақытқа дейін қан төгіп, тер төгіп не үйрендің, соны санаң атқарып жатады.

Операция саяжайда өтті, әрбір үйде ит бар, әдепкіде иттер үріп, ұстау тобының жүргендігін білдіріп қоя ма деп ойлағанбыз, бірақ әскери позициямызды нақтылап, бекініп алған соң командирдің дұрыс шешім қабылдағандығын түсіндік, яғни шабуыл таңертең ерте, бәрі қалың ұйқы құшағында жатқан кезде басталады.

Бұған дейін қаладағы жер үйде жарылыс болып, одан бір-неше адамның мәйігі, құқық қорғау органдарының нысанды киімдері, автомобильдің құпия нөмірлері, әртүрлі органдардың куәліктері табылғандығы хабарланған болатын.

Қылмыскерлердің қанды ізі Бағанашыл саяжайындағы бір үйге алып келді.

Менің тобыма үйдің тыл жағынан кіру міндеті қойылды. Ол жерге бел жазбай еңкейіп жүріп, терезелердің астынан өткенде қылмыскерлер шыға келмеуін, тіпті граната лақтырып жібермеуін бақылап өттік.

Менің тобымның оң жағынан өздерінің бар-жоқтарын білдірмей «Арал» тобы өтті, жердің ой-шұңқырын пайдаланып, объектіге мүмкіндігінше жақындады, ал объекті дегеніміз мансардасы бар екі қабатты үй, ол негізгі объектімен бірге бір учаскеде орналасқан.

Радиостанция сөйлеп қоя берді: «Қыпшақ, жауынгерлік жағдайға!», «Арал, жауынгерлік жағдайға!». Қас-қағым сәтті күткен менің тобымның командирі: «Үлкен, жауынгерлік жағдайға!» — деді.

Қайтып келер-келмесің белгісіз сәт басталды.

Адреналин қайнап тұрды, өзімнің бес саусағымдай білетін автоматты нығыздай ұстадым. Осындай сәттерде сені арқа жағыңнан жауынгер досыңнан басқа ешкім де қорғайтындығын анық түсінесің.

Оң жақ құлағыңнан дауыс естіледі, бұл команданы мен айна-қатесіз танимын. Уақытты кері санау басталды: «9,8,7,6,5,4....ШАБУЫЛ! ШАБУЫЛ! ШАБУЫЛ!».

Қалқаншы «Мирас» кіріп барғанда терроршылар біздің жаққа қарай оқты бората жөнелді. «Шегінеміз» деген команда берілді. Осы кезде екінші боп келе жатқан «Бриз» еш қорықпастан тез секіріп командирді ауыстырып, бораған оқты өзіне қабылдайды, нәтижесінде үш оқ бронды кеудешесіне, біреуі каскасына тиді.

Біздің тобымыздың шегінуі үшін «Найман» мен «Расул» бронды қалқандарын жігіттердің басына көтеріп, сол



арқылы оларға қауіпсіз дәліз жасады. Террорға қарсы операция режимі ресми түрде осындай эпизодта енгізілген.

Радиостанция арқылы ақпарат берілді: «Бізге қарсы оқ атылуда», «Қыпшақ тобы есікті аша

алмады». Осындай абыржыған сәтте «Аралдың» даусы естілді: «Менде жаралы бар». Басыңа бірден ой келеді: кім жараланды? қай жерінен жараланды? қалай жараланды? Тісқаққан мерген «Жора» жараланыпты. Станция тағы да сөйлеп қоя берді: «Жіліншігінен жараланған, өмір сүреді».

«Жораны» құрметтеймін, ол төзімді сарбаз. Мұндай жарақатпен оны қорқыта алмайсың. Ол жауынгерлік позициясынан кеткен жоқ, дәрігер жарақатын таңып жатыр.

Жақын маңдағы құрылыстарды тазалап жүргенде ұйықтап жатқан жеті жұмысшы кездесті, олар қауіпсіз аймаққа эвакуацияланды.

Атыс жалғасуда. Оқтың бірі газ құбырына тиіп, қалдық газдың кесірінен үй жана бастады. Терроршылар бұған қарамастан оқ жаудыруда.

Өрт сөндірушілер келді. Біз олармен қатар жұмыс істей бастадық.

Өрт сөндіру бригадасы үйдегі өртті сөндіре алмады. Оларды да ата бастады, ұстау тобының оларды да қорғауына тура келді. Кейбір сәтте оларды ауыстыруға мәжбүр болды.

«Аллах Акбар» деген дауыстар шыға бастады, «Аллаһтың» сарбазымыз, өлімге дайынбыз деген сипаттағы үндеулер тасталды. Келіссөзден бас тартып, қаруларын тастағысы келмеген терроршылар тірідей жанып кетті.

Түтінді жарып өтіп, өз тобыма келдім. Тосқауылда ұзақ болып шаршаған жігіттер қоршаудың түбінде үн-түнсіз отыр екен. Олардың жүзінен кір аралас тер тамып жатты, кейбіреуі ойлана темекі шегіп отырды.

Жауынгерлердің бірі бронды қалқанынан оқтың ізі көрініп тұрған «Мирас» пен «Садкоға» қарап басын изеді. Жігіттер шынымен-ақ «бронды кеудешемен» туылғандай еді.

Арада біраз уақыт өткенде операцияның аяқталғандығы туралы пәрмен берілді.

Көрсеткен батылдығы мен қайсарлығы үшін «Бриз» «Айбын» орденімен, ал «Найман» мен «Жора» «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен наградталды.

## **«ШАХИДТЕР АПАНЫНДА»**

2012 жылғы 11 қыркүйектің кеші. Хоккейден қалалық біріншіліктегі шешуші матчтың үшінші кезеңі өтуде. Екі кезеңнің қорытындысы бойынша біздің команда қарсыласты ұтып жатты.

Жеке құрамның жиналуы қажеттігін хабарлаған «А» қызметі кезекшісінің қоңырауы турнирдегі жақындап қалған жеңіс дәмін бұзып кетті. Команда бойынша асығыс-үсігіс жолдастарыма ескертіп, шұғыл түрде жұмысқа тарттым.

Кезекші толқып тұрды. Еліміздің батысынан терроршылар тобы анықталыпты.

Атырау облысы Құлсары кентіндегі тұрғын үйлердің біріне өздерін жаратын терроршылар тоқтапты.

База қайнап жатты. Жауынгерлер қаруланып, экипировкасын киінуде. Машиналар келді. Мұнда да, онда да командирлердің бұйрықтары естіліп жатты.

«Данс» (16 килограммдық кір тасы) пен «Балдырғанды» (күреске арналған манекен) алып шығып жатқан жауынгерлердің тірлігін көргендер: «Жаттығуға барамыз ба, не?» деп күлді. Осы заттардың бізге қалай қажет болатындығын ол кезде көбі түсінген жоқ.

Түн ортасында көтерілген ұшақ Атырауды бетке алды. Жауынгерлерге бортта ұйықтауға болатындығы айтылғанымен, ұйықтағандар аз болды. Командирлер операцияны өткізудің нұсқаларын талқылап жатты. Терроршыларды бес қабатты үйдің бір пәтерінен алатындығымызды біз нақты білдік.

12 қыркүйек күні таң ата «А» қызметінің 33 қызметкері Құлсарыға жеттік. Ақылдаса келе, сол маңайдағы тұрғындарды эвакуациялай бастадық.

Ұрейленген тұрғындар жауынгерлердің тасасына, бронды қалқандарға, жарықшақ тұтқыш жамылғыларға тасаланып шығып жатты.





Сағат таңғы тоғыз. Келіссөз жүргізушілер жағдайды бейбіт жолмен шешуге тырысып бағуда. Пәтердегілер оларға жауап ретінде «Аллах Акбар» деп қана жауап қатуда. Терроршылар уақытты соза түсуде.

Біз терезе және балкон арқылы шабуылдаудың имитациясын жасай бастадық. Осы кезде «Данс» пен «Балдырғанның» пайдасы тиді. Жоғарыдағы балконға шыққан жауынгерлер осы бұйымдар арқылы төменгі қабаттың терезелерін шағып түсірді.

Радиостанция арқылы шабуылдың басталғандығы туралы қатты естіліп жатқан дауыстар терроршыларды сендіре түсті. Бандиттер иланып қалды.

Бірінші фанат балконға шығып, ұстау тобын жару ниетімен беліндегі шаһид белдігін іске қосып жіберді. Жарылғыш гүрс ете түсті.

«Аллах Акбар!» деп айқайлаған екіншісі де балконға жүгіріп шықты. Онда ешкімнің жоқ екендігін көрген шаһид,

өрт сөндіргіш машина мен арнаулы бөлімше қызметкерлеріне қарай секіруге дайындалып жатты. Белдігіндегі фитиль тұтана бастады.

Секірейін деп тұрған жерінен оны мергеннің оғы тоқтатты. Бұл көрші үйдің шатырында жатқан «Хирургтың» «сәлемі» болатын.

Жансыз дене балконның шарбағына ілініп қалды. Артынша жарылыс болды.

Балконда ілініп тұрған осы сурет барлық жаңалық арналарынан көрсетілді.

Балконды мергеннің бағып отырғандығын сезген басқа қылмыскерлер пәтердің әр түкпірінен қорғаныс позицияларын дайындай бастады. Оған барлық жиһаздар, матрастар мен жамылғылар қолданылды.

«Аллах Акбар!» деген дауыстары қаттырақ, әрі анық шыға бастады. Жау тығырыққа тіреліп тұрды.

Келесі сәтте шаһидтер баспалдақ алаңқайына шығуға тырысты. Бірінен кейін бірі жүгіріп шығып, арнаулы бөлімше қызметкерлеріне қарай секіруде.







Шаһидтердің беліндегі шеге мен бұранда араласқан жарылғыш құралдары жарылып жатты.

Кіреберістің іші қан сасып кетті. Терезе мен есіктер үңірейіп қалған. Тіпті кәдімгі ауа да қайнап сала берді.

Арнаулы бөлімше қызметкерлері шегінбеді. Қарсы оқ атып, қылмыскерлердің бірінен кейін бірін сұлата бастады.

Жарылыстардың екпіні келіссөз жүргізушілерді есінен адастырды. Оларды қауіпсіз аймаққа алып кетуге тура келді.

Біздің бір қызметкер қолынан жараланды.

Бірақ пәтерде әлі де қылмыскерлер бар еді. Ішке кіргенде екі терроршының денесін көрдік, біреуі әлі тірі секілді.

Бөлмеде жарылғыш құрылғылардың компоненттері мен қолданылуға дайын жарылғыштар шашылып жатты.

Жаралы терроршы Құлсарының ауруханасына жеткізілді (одан кейін сотталып, қазіргі уақытта жазасын өтеуде).

Кейінірек тергеу тобы іс-шара барысында алты бірдей қолдан жасалған жарылғыштың жарылғандығын хабарлайды. Радикалды топтың алты мүшесінің бесеуі өзін-өзі жарып жібереді.

Күн кешкіріп келе жатты. Бронды кеудешелерін шешіп жатқан жауынгерлердің шаршаған түрінен ер азамат ретінде атқарған жұмыстарына көңілдерінің толып тұрғандықтарын байқадым. Тамаша жұмыс, жігіттер! Үйге қайттық.

# «ҚАРЛЫ БОРАН»

2012

2012 жылдың желтоқсан айындағы жаңажылдық көңіл-күй астананың таза ауасынан да сезіліп тұрды. Үйлеріне асыққан адамдардың қадамынан қиыршық қар сықырлап жатты. Ғимараттардың үстіндегі жиналып қалған қалпақ қар гирляндтармен, жаңажылдық безендірулермен үйлесіп, сиқырлы жаңа жыл түнінің тылсымдылығын арттырып тұрғандай.

Бірақ мұндай сұлулық алдамшы еді. Астаналық департаменттің қабырғасында асып-саспай, сабырмен, бірақ қысқа мерзім ішінде «Қарлы боран» операциясы дайындалып жатты. Себебі, астананың көрікті орындарының бірі боп саналатын, халық «Пирамида» атап кеткен Бейбітшілік және келісім сарайын терроршылардың жарғысы келетіндігі мәлім болған-ды. Радикалдардың өзіндік арам пиғылдары болды. Салынғалы бері астананың бет-бейнесіне айналып



ұлгерген ғимарат қазақстандықтар үшін қасиетті орындардың бірі екендігін олар түсінді.

Топ мүшелерінің шектен шыққан радикалды көзқарастары еріксіз назар аудартты, өздерінің әділдіктеріне деген фанаттық сенім жолында олар ештеңеден тайынбайтындықтарын білдіріп жатты. «Бауырлар» мұнымен де тоқтамай, ҰҚК-нің бірқатар қызметкерлері мен мемлекеттік қызметшілерді өлтіруді жоспарлады.

Бұл туралы ақпарат департаментке жаңа жылдың алдында келіп түсті.

Жедел хабарламамен келген соңғы ақпаратты тексеріп шыққан Ербол алдындағы «Құпия» деген белгісі бар істі түн ортасында жапты. Оның алдында терроршының сыбайластарының барлық байланыстарын анықтау және ең бастысы терактінің алдын алу міндеті тұрды.

2012



Қайтар жолда «Терроршыларға сыбайластар керек, ақша, қару-жарақ керек, онсыз олар қалай шабуыл жасайды? Олардың қайсысы қару-жарақ іздеп, сатып алады?» - деп ойлады.

Топ жетекшісі «Абдолланың» сонау Ауғанстандағы «Файзолла» деген содырмен телефон арқылы сөйлескендігі соңғы хабарламадан белгілі болды. Шетелдік терроршының есімі органдарға бұрыннан белгілі еді. Кезінде Қазақстанды тастап кетіп, Вазиристандағы терроршыларға қосылған болатын. Содан бері ол халықаралық іздеуде жүр. Енді ол Қазақстандағы жасырын радикалды бастауыш ұйымын тірілтуге тырысып бағуда. Ауыздарына асхана пышағын тістеп тұрып үш рет «Аллах Акбар» деп «байат» берген, яғни ант берген «ұйқыдағы» сыбайластары қашанда оның айтқандарын істеуге дайын тұрды. Өздері табынған адамға шын берілгендіктерін дәлелдейтін уақыт енді келген сияқты.

Алты радикалдың ішіндегі «Абдолла» «әмір» қызметін атқарды. Барлығы дінге есі кете құлаған фанаттар. «Әмірдің» кез келген бұйрығы мүлтіксіз орындалады. «Абдолла» мен «Файзолланың» жүргізген «ми тазалау» жұмыстары өз нәтижесін беріп жатты. Олардың бастарындағы бұған дейінгі адамгершілік қасиеттер адам танымастай өзгерді. Ойдан шығарылған діни қитұрқылар арқылы айналасындағы адамдарға деген жеккөрушілік сезімін тудыруға бар-жоғы үш ай жетіп жатты. Адамдардың кәдімгі қуаныштары, ағайын-туыспен араласуы, сәбидің пәк күлкісі, табиғаттың сұлулығы, көгілдір аспанның құны олар үшін бір тиын болып қалды.

«Абдолланың» өзі діни дәстүр бойынша үйленді. Ата-анасынан жасырын түрде қашып, басына хиджаб кийіп, содырға тұрмысқа шыққан кездегі қыздың жасы бар-жоғы он алтыда

еді. Өзінің күйеуі мен топ мүшелері оны шаһид ретінде дайындап жатқандығын ол әлі білген жоқ еді. Оның көзқарастарын өңдеу жұмыстары толығымен жүріп жатты.

ҰҚК департаментінде де бұған қарсы құпия атауы «Қарлы боран» деп аталатын операция қызу дайындалуда еді.

«Істің фигуранттары мен мән-мағынасы бізге белгілі, тек осыны қандай тәсілмен іске асырғылары келеді, соны анықтау ғана қалды, қалай болғанда да трагедияға жол бермеуіміз керек! Уақыт тығыз. Осы ұсынысты талқылайық!» — бастық таңертеңгі жиналысты осылай бастады.

Ерболға топтың ішінен адам табу керек болды. Бұл мәселені шетелдік содыр «Файзолланың» бұрынғы таныстары мен сыныптастарынан бастау керектігі туралы әріптес ағалардың пікірі ойға қонымды болып көрінді.

Уақыттың тығыздығы сағаттар мен минуттарға ауысты. Сенімді адам тапқанмен, оны осы бір қауіпті іске көмектесуге көндіру оңай шаруа бола қояр ма екен. Таразының бір басында өмір мен өлім айқасып тұрғанда, екінші басында ағайын-туыстың амандығы тұрғанда, осындай іс-шараға кім тәуекел дей қойсын?

Ербол отызға жуық іс қағаздарын қарап шықты. Бұлар «Файзолланы» баяғыда білген, баяғыда араласқан адамдар.

Бір кандидатты таңдап алып, сонымен кездесуге барды. Әңгіме ауыр өтті. Респондент алтын берсең де мұндайға көмектеспейтіндігін білдірді. Алайда Ербол оның бойынан намыс сезімін оятып, табыстың қол созым жерде тұрғандығын және қасиетті іске сену керектігін айтып, оны көндіргендей болды. Оны топқа қосу жұмысы бірнеше күнге

созылды. Айтатын «аңызы», атрибуттары — барлығы қолда тұр.

Қылмыскерлер ортасына кандидатты кіргізуге бәрі де дайын. Ендігі шаруа оны қалай таныстыру керек? Осы орайда бір оқиға өзінің сәтін салды.

Топ басшысы «Абдолла» оқу-жаттығуға арналған Калашников автоматын сатып алып, енді соны ұрыс қаруына айналдырып беретін сенімді адам іздестіріп жүргендігі белгілі болды.

Ербол осы сәтті тиімді пайдалануға тырысты. Ойша жоспар жасалды. Әдеттегідей таңертеңгі уақытта «Абдолла» такси ұстап тұрды. Ал оған тоқтаған такси Ерболдың адамы еді. Жол-жөнекей таксиші өзі жасап, өзі қайраған, сәнді оюлары бар пышағын көрсетіп мақтанды. «Әмірді» таксишінің өнері қызықтырғандай болды. Ары қарай барлығы май жаққандай сырғи бастады. «Абдолла» одан көмек сұрап, әңгіме барысында олардың ортақ танысы бар екендігі белгілі болғанда, «Әмір» оған тіпті сене түсті, сеніміне кіргені сонша, шеберді өздерінің «амолиеттеріне» қатысуға шақырды (Аллахтың разылығы үшін жасалатын іс-қимыл).

Қысқа мерзім ішінде Ербол топ ішіндегі дереккөзі арқылы топ мүшелерінің көршілес елден қару-жарақ сатып алу үшін шұғыл түрде қаржы іздеп жүргендіктерін білді. Олардың тіпті сол жаққа барып, арсеналды алып келетін курьері де дайын екен. Қаруды қалаға қалай алып келеді, сол күні олар террорлық акті жасауды жоспарлады.

Терактіден кейін қылмыскерлер жасырынып, Қазақстан-Қырғызстан шекарасынан өтуді жоспарлады. Одан әрі қарай өздері арман еткен жерлері - Сирияға барып,

терроршылар жағында азаматтық соғысқа қатысуды ойластырады.

Жедел қызметкерлер үшін Жаңа жыл деген мереке жайына қалды. Күндіз-түні аяқтарына тыным болмады. Жантүршігерлік оқиғаларды болдырмау үшін қылмыскерлердің іс-қимылын дәлелдейтін айғақтарды жинап үлгеру керек. Олардың қай жерге жиналып, қай жерге қару-жарақты жасыратындығын Ербол уақтылы біліп отырды.

Сәтгілік сәтін салам десе амал бар ма! Күтпеген жерден «Әмірдің» курьерді ауыстырмасы бар емес пе. Ербол дайындаған жігіт курьер болып тағайындалады. Жаңа курьер Қазақстанды артқа тастап, жауапты іске аттанады. Бұл уақытта жедел қызметкерлер қалада «құлақ-көзсіз» қалды. Жергілікті содырлар бақылаудан шыға бастады. Жедел жете тексеру құрдымға кеткелі тұр. Терроршыларды іштен бақылайтын адам жоқ.

Ербол терроршылардың арасына өзі кіруді ұйғарады. Бұл қалаға келгеніне көп бола қойған жоқ, оны ешкім тани қоймас. Тыңғылықты дайындалып, сақалын өсіріп, қару-жараққа кеткен жігіттің досы ретінде еш қиындықсыз олардың бандасына қосылады.

Осылай жасағаны өте дер кезінде болыпты. Өйткені «Абдолла» зергерлік дүкеннен барлық құнды заттарды ұрлауды, осы арқылы қару-жарақ ақысын төлеп, қаржының бір бөлігін «Имарат Кавказ» содырларына жіберуді және Сирияға баруды жоспарлап отыр екен. «Әмір» осындай ойы бар екендігін топтағы сыбайластарынан да жасырмады. Иә, шын мәніндегі әңгіме қалайда дүкенді тонау туралы еді.



Сәйкес келетін объектіні таңдауға «Абдолла» бар-жоғы жиырма күн берді.

Радикалдар үнемі бірігіп жүруге тырысты. Соңдарынан аңдудан қауіптеніп, мешіттерге бармады. Өздерінің ұстаздарының басшылығымен намазды қатаң түрде оқып тұрды. Түнде бір бөлмеде ұйықтады. Түн ортасында Ербол әлдекімнің тықырлаған дыбысынан оялды. Ақырындап қараса, «бауырларының» бірі мұның сөмкесі мен киім-кешектерін ақтарып жатыр екен. Тындау құрылғыларын іздеп жатқандығын бірден түсіне қойды. Ештеңе таппаған соң орнына барып, қайта жатты.

Таңертең «бауырлар» тонау мен терактіге байланысты дайындықтарын қайта бастады.

Жалпы жиналыстарында болашақ операцияларының нұсқаларын қызудалқылады. Терроршылар мешіттегілердің бәрін атуды, полиция қызметкерлеріне шабуыл жасауды немесе көшедегі жүргіншілерді өлтіруді ұсынды. Алайда олардың басшылары алғашқы жоспарды өзгеріссіз қалдырды: шаһид әйел Бейбітшілік және келісім сарайына барып, сол жерде жарылғыш құралды іске қосуы керек.

Бұдан кейін зергерлік дүкенді тонау кезіндегі рөлдерін бөлісті. Ерболға, топтағы ең жас жігіт ретінде, негізгі тонаушымен бірге үй-жайдың ішіне кіруді сеніп тапсырды.

Бір күні барлығының ұялы байланыс телефондарын жинап алды. «Бұл біздің қауіпсіздігіміз үшін! «Бауырлар, біз өзімізді сақтауымыз керек!» — деген әмір оларға жаңа сим-карталар берді. «Әрбір 2 күн сайын ауыстырып тұрыңдар!».



2012

Банда ішіндегі, бұларды енді банда деуге толық негіз бар еді, жағдай күннен күнге ушыға түсті. Басшылары тонайтын дүкенді тауыпты. Шабуылға дайындала бастады.

Осы кезде астанада террорлық шабуыл жасалғалы жатқандығы туралы ақпарат шетелдегі дереккөздерінен келіп түсті: «Жақын арада қалада теракті дайындалуда. «Файзолланы» Қазақстандағы терактілер бойынша басшы етіп тағайындады».

Терактінің қалай жасалатындығы, орындаушыларының кім болатындығы, нақты қай күні болатындығы туралы ештеңе айтылмаған. Шетелмен хабарласып, анықтайтын уақыт та жоқ. Жедел жағдайда мұндай мәселе жиі болып тұрады. Қысқа ғана қайырылған ақпараттан нақты картинаны жасау керек еді.

Қалада терроршылардың тағы бір астыртын бастауыш ұйымы болуы мүмкін деген ой Ерболға тыныштық бермеді.



Түнге қарай Ербол тәуекелге бел бумақ болды: басшының атынан «Файзоллаға» тікелей хабарласуды ойластырды. Бірақ оны қалай істеу керек? Содыр телефонын үнемі өзімен бірге ұстап жүреді. Тіпті оған пышақты қоса ұстайтындығы бар. Сәл қателесіп кетсе «Абдолланың»

қолынан ажал құшуы ғажап емес. Өткен аптада сыбайластарының бірі намаздың бір сөзін арабша дұрыс айта алмағаны үшін қылқындырып, өлтіріп қоя жаздады. Амал жоқ, тәуекел!

Барлығы ұйықтағаннан кейін жедел қызметкер «Әмірдің» кереуетіне еңбектеп жетті. Жастықтың астында жатқан телефонды мұқият алды. Едендегілердің арасынан абайлап өтіп, шығар есікке жақындап қалған. Күтпеген жерден біреу аяғынан шап беріп ұстай алды. Ербол тұрған жерінде тас болып қатып қалды. «Су ішіп келем!», ұстаған қол босап сала берді, Ербол терең демалып, бөлмеден шықты.

«Енді «Файзолла» деген контактті табу керек». Уақыт тоқтап қалғандай, жүрегінің дүрсілін естіп тұрғандай болды. Телефонның көгілдір сәулесі Ерболдың бетіне төгіліп тұрды. Басындағы ойларын қуалаған саусақтары телефонның бетінде жүгірді. Керегі бірден табылды. «Енді СМС жазу керек: «Бауырым, біз дайынбыз! Сұрайын дегенім, бұл қаладағы «бауырлар» тек біз ғана ма?» — басын өлімге тіккен Ербол адресатқа осындай хабарлама жіберді.

Өздерінен басқа ешкім жоқ деген хабар алған соң Ербол терең демалды.



2012

«Әмірдің» жоспары бойынша зергерлік дүкенге жаңа жыл түнінде баратын болып шешілді. Өйткені мұндай уақытта адамдар алаңдаулы болады. Құрылыс пышақтары, қолғаптар, пісіру аппараты, балға, шынысорғыштар, бұрауыштар алдын ала сатып алынды.

Желтоқсанның соңғы күні де келіп жетті. Қала араның ұясындай абыр-сабыр: ары-бері ағылған машиналар, адамдар үйлеріне, туған-туыстарына асығуда.

Банда мүшелері объектіге жақындау жиналды. Ербол да ширығып тұрды.

– Егер үлгермей қалсақ, бізді ұстап ала ма? — біреуінің толқып тұрғаны байқалды.

– Сенде пышақ бар емес пе, қорықпа! — деп «Әмір» зілді жауап қатты.

Шындығында оның қиялы шарықтап, ойша Сирияда Евфраттың жағасында, өзінің төрт әйелімен қыдырып, арасында кальян шегіп жүрген еді. Сыбайластарының баяу қимылдайтындығы оның жынын келтірді. Ербол ақырындап, басшының ту сыртына ойысты, ондағы ойы егер шабуыл



болып жатса қаруын алып үлгертпей оның аяғынан теуіп құлату еді.

Олардан таяқ тастам жердегі қараңғы үйде арнаулы мақсаттағы қызмет жауынгерлері орналасты. Банда дүкенге енген мезетте олар «жұмысын» бастауды күтіп отырды.

23 сағат 58 минутта жаңажылдық отшашулардың тарсылдаған даусы мен жарқылдаған сәулесін «жамылып», радикалдар, әрі тонаушылар дүкенге басып кірді. Олардың бар істеп үлгерген ісі осы болды. «Орындарыңнан қозғалмаңдар, ҰҚК!» деген команда оларды жіпсіз байлады. Еденге тұмсық тіреп құлаған банда мүшелері қарсылық көрсету туралы тіпті ойлаған да жоқ.

Фигуранттардың жолы кесілгенімен, жедел дайындық тоқтамады. Осындай шараны қолданғандықтары дұрыс та болыпты, оған әсіресе көп ұзамай ҰҚК тергеу изоляторынан қару қолданып қашпақшы болғандардың жолы кесілгенде, барлығының көзі жетті.

Осы жерде эпилог керек екені сөзсіз: «Абдолла» тобының барлық мүшелері әртүрлі мерзімге сотталды. Комитет мамандары басшының әйеліне психологиялық көмек көрсетті.

Арада үш күн өткенде шетелде жүрген басты үйлестіруші «Файзолла» да ажал құшты. Ауғанстанның үкіметтік күштерімен болған қақтығыс кезінде шөл далада, ішінде терроршы отырған машинаға ұшқышсыз ұшақтың соққысы тиді.

«Қарлы боран» басылып, барлығы ақ көрпе жамылғандай болды.

**P.S.**

«Абдолла» тобының жолын кесуші офицер Ерболдың кейінгі тағдыры не болды?

2010 жылы ҰҚК Академиясын аяқтаған соң таратылым бойынша астаналық департаменттің жедел бөліміне түскен Ербол тәжірибелі ұстаздармен кездесіп, қызметте жолы болды. «Сарыауыз» лейтенанттарға департаменттің тәжірибелі қызметкерлері көмек көрсетуге қашанда дайын еді, әрине арасында олардың қимылына қарап күліп те алатын.

Академияда оқыған жылдары туралы жас офицер әрдайым жылы пікір білдіреді: «Болашақ мамандығымызға бізді тыңғылықты дайындады. Жеке тәжірибелерін курсанттармен бөлісетін оқытушыларды әрдайым ілтипатпен еске аламын».

Тағы бір маңызды фактор: күрделі жедел жағдай кешегі түлектердің кәсіби жағынан тез шыңдалуына әсер етті. Жаңа ғасырдың алғашқы он жылдығында өзінің толеранттылығымен танылған қазақстандық қоғам діни радикалдар тарапынан беріктік сынағынан өтті.

Бөлімшелердің бірінің басшысы болған жедел қызметкер қызметін табысты жалғастыруда. Оның жасы отыздан сәл ғана асқанымен, негізі Комитеттің құрдасы.



# БАРСАКЕЛМЕСКЕ БИЛЕТ

2013



Қордайдағы суық әрі лайлы шағын өзенді Айман өмірінің соңына дейін есте сақтайды. Ол басқа әйелдермен бірге түн ішінде қазақ-қырғыз шекарасын заңсыз кесіп өтуі керек еді.

Бойын қорқыныш биледі. Суық судан тоңып барады. Мына әлемді бір сәтке ұмытып, ақыл-есін тұман басқан-дай болды. Бәрін еріксіз түрде істей бастады. Ол балаларды қолына алды. Жазира дірілдеп жылап жатты, кішкентай Болат қорқыныштан көздері бақырайып, суық судан аяқтарын тартып алды. Құдай Айманды бой жағынан кенде қылмағанына шүкір. Су белінен келетін еді. Басқа әйелдердің бойынан асады, құм араласқан лай суды әбден жұтты...

Балаларымен заңсыз шекараны кесіп өтіп бара жатқан әйелдер Сирияға, күйеулеріне асық болды, ол жақта Қордайдағы тау өзенінен де суық өмір күтіп тұрғанын қайдан білсін. Шындық олардың қиялы мен арманын бұзады. Ал күйеуінен, балаларынан, отбасынан айырылатындықтары осы оқиғаның ең қорқынышты жері.

Бұлуақытта Сирияда азаматтық соғыс қызу жүріп жатты, ал Таяу Шығыстағы саяси жағдай күрделене түсті. Сирия



Қазақстаннан алыс болғанымен кейбір отандастарымызды жат елдегі қарсыластар ортасы өзіне тартқан еді.

Бұл жағдайдың барлығы 2013 жылы болды, исламның радикалды жалған уағызшыларының ықпалына түскен Екі-бастұздағы жастар тобы мен өмірден түңілген ер жігіттер «тыныш» өмірлерін «қарулы жиһадқа» айырбастауға бел буады. Олар соғысты қызық нәрсе ретінде елестетті. Жалған ұрандар олардың көздерін байлап алған еді.

Дін жолында бастары айналған бір топ жас қалайда сол қантөгіске қатысып қайтуды ойлайды. Ол жақта болып жатқан оқиғаның мәні мен мағынасы оларды аса қатты толғандыра қойған жоқ, олар аты бар да заты жоқ халифат үшін соғысуға дайын еді. Оларды ешкім де, ештеңе де тоқтата алмады.

«ИГИЛ» терроршылар ұйымының айлакер психологтары арбауларына түсірген екібастұздық жастар 2013 жылдың наурыз айында «Қарағанды-Ыстанбұл» әуе рейсімен Түркияға ұшып келеді, жоспар бойынша одан әрі Сириядағы халықаралық терроршылар тобына қосылады. Шындығында олардың бұл сапары «барсакелмес» жол еді. Олар жұмаққа барып, қор қыздарын құшуды армандайды. Ал кезекті «соғыс құрбандарын» күтіп отырғандар бұларды қуана қарсы алды да, Сириядағы қайнап жатқан атыс-шабыстың ортасына апарып тоғытты да жіберді.

Содырлардың Қазақстандағы отбасы мен діндес достары алыстағы «батырларынан» хабар күтіп қала берді.

Ұлттық қауіпсіздік органдарының жедел қызметкерлері бұрын кездеспеген жаңа қауіп-қатермен бетпе-бет келді. Терроршы боламыз деп шетелге тентіреп кеткендер

өз алдына бір мәселе болса, енді соларға қосылуды ниет еткен олардың отбасы мүшелері мен діндестері қауіп-қатердің өзегіне айналды. Павлодарлық «жиһадшылар» өздерінің бала-шағасы мен әйелдерін де дінсіздерге қарсы тізе қосып соғысу үшін Шам шаһарына (Сирияға) шақыра бастады. Интернет желісі арқылы Сириядан түрлі-түсті суреттерін



жіберген жерлестеріміз мұндағылардың «миын айналдырып» жатты. Олардың мұндай әрекеттері нәтижесіз де емес еді, Сириядағы бір содырдың әйелі, бала-шағасы мен достары сол жаққа қалай жеткендерін сезбей қалды...

Тұйыққа тірелген мұндай тағдырларды арашалау үшін ҰҚК қызметкерлерінен жедел тәжірибе ғана емес, сонымен бірге батыл қадам, интуиция, жұмыстарына креатив керек еді.

«Жаман айтпай жақсы жоқ» деген. Жағдай жаттанды сценарий бойынша дами бастады. Бастарын қауіп-қатерге тіккен ұлттық қауіпсіздік қызметкерлерінің зергерлік ұқыптылықпен әрекет етулеріне тура келді. Себебі, олар мына өмірден баз кешкен «жиһадшылармен» жұмыс істеп жатқандарын бір сәт те ұмытпаулары керек еді. Өйткені содырлар әйелдерінің, қарындастары мен жақындарының басын айналдырып тастағандары сонша, ұлттық қауіпсіздік орган-

дарының қызметкерлерін көрсе жау келе жатқандай жиырылатын. Ал діни фанаттардың ойлап тапқан шарифат заңдары бойынша «Комитетшіні өлтіру» сауапты іс боп саналатын.

Әрине, ол әйелдер нағыз тозаққа түсетіндерін ойламаған еді, адам төзбес сынақтан өтетінін білмеді. Әңгімеміз осы әйелдер жайлы болады. Мүмкін, кейбірі ол жақта қаза тауып, жұмаққа түсетіні туралы ойлаған да шығар. Бірақ көпшілігі таяз діни білімі мен бұрмаланған көзқарасының негізінде «шарифат әлемін» армандайды. Шын мәнінде оларды ол жақта тозақ оты - әртүрлі аурулар, аштық, гүрсілдеген бомбалар мен қаңғыған оқтар күтіп тұр еді. Бөтен елде олар күйеулері мен балаларынан айырылды. Өздерін өздері танымай қалды.

Сонда да болса жедел қызметкерлер біраз адамдарды Сирияға барудан арашалап қалды. Олардың мемлекеттік шекараны кесіп өтуі мүмкін барлық бағыттарына тосқауыл қойылды, жедел қызметкерлердің «жасырын қызметке тартылған» әйелдер мен содырлардың діндестерін ұшқалы тұрған рейстерден алып қалу үшін көршілес республикаларға сапарға барған сәттері де жетерлік. Бір минутқа да кешігуге болмайтын еді. Өйткені ел басшылығы нақты міндет жүктеді — Қазақстан азаматтарын шетелдік қақтығыстарға қатысудан, терроршылар жағында соғысудан қорғау керек.

Осы бағытта жұмыс істеп жүрген майор Әділетов таңғала отырып былай дейді: «Әйелдер наша шегіп алғандай. Олардың өздерін және балаларын алда қауіп-қатер күтіп тұрғанын айтсаң, өздерін зомби тәрізді ұстайды. Көздері солып қалғандай. Балаларының болашағы оларды ойландыр-

майды. Олардың бастарының айналып қалғандықтары соншалықты, мақсаттарына жету үшін өз өмірлерін қиюға дайын».

Ол теріс жолға түскен талай адамдардың, оның ішінде тіпті «ИГИЛ»-дің содыры да бар, райынан қайтуына көмектесті. Мысалы, Ыстанбұлға ұшқалы тұрған ұшақ бортындағы болашақ терроршымен жеке сөйлесіп, оны теріс ойынан айнытты, нәтижесінде ол Сирияға бару ниетінен бас тартты.

Алайда содырлардың әйелдері алған бағыттарынан қайтпады, олардың сыртқа аттануы жалғасты. Терроршылар қатарына баратындардың саны артты. Екібастұз кішігірім қала болғандықтан, ондағы радикалдар мен ҰҚК офицерлері бір-бірін жақсы таниды, бұның өзі олардың арасындағы шиеленісті арттыратын.

Әлемде «ИГИЛ»-ға дем берушілердің саны артып, көрші елдердегі олардың серіктестері тұрақты жүйе құрды. Жағдай батыл шешімдер қолдануды талап етті. Сол кезде екі екібастұздыққа қатысты арнайы операция жоспары тыңғылықты дайындалды. Бұл жоспардың мақсаты — әйелдерінің Түркияға шығуына бақылаулы түрде рұқсат бере отырып, оларды күйеулерімен кездескен сәтте ұстау болатын. Арнайы операцияға ең тәжірибелі деген қызметкерлер іріктелініп алынды.

Арнайы операцияны Қырғызстан және Түркияның арнаулы қызметтерінің көмегімен жүзеге асыру жоспарланды. Логистикалық схемалар үш мемлекеттің шекаралары арқылы өтті. Бірақ бұл қиындықтар павлодарлық жедел қызметкерлерді тоқтатпады. Табандылық пен дипломатия-



2013

лық келіссөздердің, үлкен күш-жігердің арқасында олардың батыл іс-қимылдары жүзеге асты.

Еш нәрседен күдіктенбеген отбасы балаларымен Жамбыл облысындағы Қордай кентіне дейін жетіп алды, оларды сол жерде терроршылардың сыбайластары күтіп тұрды. Осы әңгіменің басында шағын өзендегі мұздай суды кешіп өткендер туралы айтқан едік, міне олар осылайша қазақ-қырғыз шекарасын кесіп өтеді. Осы жолдың барлығын жедел қызметкерлердің де жүріп өтуіне тура келді. Өйткені, олардың ізін жоғалтпау үшін осындай теріс іске көмектесіп жүрген әрбір адамды анықтау керек болды. Осыдан кейін олар «Бішкек-Ыстанбұл» әуе рейсімен Түркияға ұшып кетті. ҰҚК бірнеше аумақтық органдарында осы іс-шаралардың қайталануын қамтамасыз етті. Тәжірибеде алғаш рет Қырғызстанның арнаулы қызметі мен Түркияның құқық қорғау органдары бір мезетте үйлестірілді.

Әрбір қателік немесе кідіріс операцияны бұзып жіберуі мүмкін еді. Абайсыз көзқарас, болар-болмас ұсақ-түйектің өзі содырларда күдік тудырса, мақсатқа жету қиын еді. Әйелдерді кәсіби радикалдар жақсылап үйретіп қойғандары белгілі.

Әйелдерді Ыстанбұлда Түрік елінің құқық қорғаушылары күтіп тұрған, олар қазақстандық терроршыларды ұстап, оларды дереу Отанына депортациялады.

Бірақ бұдан келіп-кетер қауіп-қатер азаймады. Жергілікті радикалдар сыбайластарының ұсталғанын және тергеу изоляторында отырғанын білетін еді. Олар кек қайтару акциясын ойластырды. Бірақ радикалдардың ақыл-ойын сауықтыруға бағытталған дер кезіндегі «түзету» шаралары аймақтағы діни ахуалды қалпына келтіруге әсер етті. Халықаралық терроршыл ұйымдар мен Екібастұздық «такфир-жиһадшы» жамағаттардың арасындағы байланыс толығымен үзілді.

Атқарылған жұмыс нәтижесінде радикалды рекруттардың жақтас тарту әдістері мен түрлері анықталды, бұл терроризмге қарсы тұру тактикасын дамытуға мүмкіндік берді. Қазақстан, Қырғызстан және Түркия арқылы терроршыларды жіберу арнасын анықтап және бейтараптандырудың сәті түсті. Бірлескен операцияның нәтижесінде шетелдік әріптестер өз аймағындағы «ИГИЛ»-дің бастауыш ұйымдарын анықтап, жолын кесті.

Еліміздің Ұлттық қауіпсіздік комитеті үшін бұл халықаралық ынтымақтастықтың ғаламат тәжірибесі болды.

## ФЛЭШ-РОЯЛЬ: БАРЛАУШЫ «КЛАУСТЫҢ» ЖЕҢІЛІСІ

Карта ойынындағы флэш-рояль ең тиімді комбинацияны білдіреді: ол оңтайлы түсуі үшін үміт пен құмарлық дегеніңіз аздық етеді. Шыдамдылық, санай білу және қарсыластың ойын дәл табу, батылдық керек — батыстағы елдердің бірінің дипломаты және картақұмар ойыншы «Клаустың» бойында осындай қасиеттердің барлығы болды.



Алайда ҰҚК қарсы барлауын «Клаустың» картаға қатысты таланты қызықтырмады, әрине, бұл өнерін аттап кете алмайсың. Картаны ол кәсіби деңгейде: қайсарлықпен, қаталдықпен, ұтылып қалудан қорықпай ойнады, покерді ұнататын.

Оның ермегі тек карта ойыны ғана емес еді. «Клаустың» жеке басы қазіргі заманғы Джеймс Бондтар туралы қоғамдағы көрініске толығымен сәйкес келетіндігін атап өткен жөн..



Бой десең бойы бар, түр десең түрі бар, талғаммен киінетін — мұндай еркекті көргенде кез келген әйел баласы абдырап қалатын. Ақшасын оңды-солды шашпайтын, бірақ қажет жерінде «жағдайының бар екендігін» көрсетіп қоюды ұмытпайтын. Тамаша білім алған, төрт бірдей тілдің білгірі, үлкеннің де, кішінің де көңілін табатын қасиеті айналасындағылармен тез тіл табысуға көмектесетін.

Біздің отандастарымызды көргенде елшілдеп кететін осы мінезі қарсы барлаудың назарын «Клаусқа» еріксіз аудартты.

Батыс дипломатының қимылында криминалдық ештеңе де жоқ еді. Қазақстан азаматтарымен байланыс орнату, оны дамыту және кеңейту елшілік қызметкерінің міндеттеріне кіретін. Жедел жете тексерудің бастапқы сатысында қарсы барлаудың «Клаусқа» деген назары тек интуиция деңгейінде ғана болды.

Жұмыс өзінің жемісін бере бастады.

«Клаусқа» қатысты ақпаратты біртіндеп жинаған қарсы барлаушылар оның өмірбаянындағы бірқатар ойландыратын нәрселерге көңіл бөлді, әрине, әзірге алыстан болса да



2014

оның шетелдік арнаулы қызметке қатыстылығы жанама түрде ғана дәлелденгендей болды.

Мысалы, Сыртқы істер министрлігіндегі беделді қызметке тиісті білімі болмаса да бизнестен келіпті. Бір қарағанда майда-шүйде болып көрінетін шығар, бірақ қарсы барлау жұмысының көп бөлігі осындай түкке тұрмайтын деректерден басталады.

Университет дипломын алғаннан кейін екі жыл өткен соң барып «Клаустың» СІМ-ге қызметке келуі де күдік тудыратындай. Ой тастайтын нәрсе: бұл уақытта ол барлау мектебінде оқыған жоқ па екен?

Қаза берсең қазыла беретін секілді. Дипломаттың сауысқандай сақ жүретіндігі де назардан тыс қалмады. Сырттай бақылауды сезе қояды, орайын тауып құтылып кетеді, жалдаған пәтерінде де құпиялылық режимін сақтайды, сонымен қатар өз айналасынан ҰҚК агентурасын анықтауға

тырысады. Осының барлығы қарапайым дипломат туралы түсінікке сәйкес келмеді.


«Клаустың» Қазақстандағы негізгі министрліктердің бірінен жасырын қызметке агент тартуға тапсырма алғандығы туралы жедел ақпараттың қолға түсуі оған деген күдікті қоюландырып жіберді.

Кез келген арнаулы қызметтегі жедел жұмыстың биік шыңы агентуралық ену болып табылады, оның ешуақытта дайын сценарийі болмайды.

Қарсы барлаушылар да бұл мәселеге шығармашылық жағынан келіп, батыс дипломатына «бағалы ақпарат көзін» тауып беруді ұйғарды. Біраз ақылдасқаннан кейін бұл рөлді қарсы барлаудың жас офицері «Бекке» сеніп тапсырды. Адастырмайтын ақылы бар, мінезі жағынан еті тірі жігіт жұмыс десе жанып тұрады. Астанада аз қызмет еткені де есепке алынды, яғни ол әлі ешкімнің көзіне түсіп үлгерген жоқ.

Бірден айтайық: «Бек» берілген тапсырманы тиянақты орындады, тіпті өзінің әртістік қабілеті бар екендігіне өзі де таңғалып қалды. Қарсы барлаудың қызығушылығын тудырған әрі нақты, әрі маңызды объектімен байланыс орнатып, жедел тапсырманы жылдам жүзеге асыра білген офицер кәсіби жағынан да тез есейе бастады.

Ойластырылған «аңызға» сәйкес «Бек» жалпы негіздегі байқаудың іріктеуінен өтіп, «Клаус» қызығушылық танытып отырған министрлікке жұмысқа орналасқан, бірінші жұмыс күнінен бастап өзін тек жақсы жағынан көрсетіп келеді. Міндеттерін ойдағыдай орындайды, ал міндеттері күннен күнге көбейе түсуде, оны шетелдік делегациялар-



«Клаус» агентпен  
кездесуге бара жатыр



2014

дың қатысуымен болатын ресми іс-шараларға да қатыстыра бастады.

Қарсы барлаудың жедел «сыйлығы» сәтті өтті: дипломатиялық қабылдаулардың бірінде «Клаустың» өзі келіп «Бекпен» байланыс орнатты.

Жай ғана танысып қоя салмады. Шетелдік «Бекке» шын мәнінде көңіл аударып, келесі кездесудегі әңгімесін «салқын сыра» ішіп отырып жалғастыруды ұсынды. Бұл байланыстардың «достық» атмосферасында болатындығы жағынан қарсы барлау қателескен жоқ: шын мәнінде олар интеллектуалды нәзік қарама-қайшылықтың куәгері болды, бұған өздері де тікелей, әрі жасырын түрде қатысып отыр. «Бектің» қимылы тыңғылықты түрде талданды — осылайша ұйымдастырылған жедел ойын, шетелдік барлаудың құпия ынтымақтастыққа тартуды ұйымдастырудағы ерекшеліктері туралы бағалы ақпарат алуға мүмкіндік жасады.

Мұндай ерекшеліктер қашанда қызықты әрі назар аудартады.

Мысалы, қарым-қатынастың белгілі бір кезеңінде «Клаус» бірқатар айла-амалдарын қолданды, яғни «Бекке»

астыртын психологиялық қысым жасап, тәуелді етуге тырысты.

Өзара бір-бірін зерделеу айтарлықтай ұзаққа созылды.

Тек арада бір жарым жыл өткен соң ғана қарсы барлаудың көптен күткен сәт-тілігі күлімдегендей болды: «Клаус» бір ақпаратты жақсы гонорарға тауып беруін өтінді.



«Клаусты» ұстау

Бұл көптен күткен флэш болатын: «Бек» әлемнің жетекші арнаулы қызметтерінің бірінің агентуралық аппаратына енді!

Бұдан әрі оқиғаның желісі сюжеті тым шиеленіскен сценарийді еске түсіреді.

«Бекке» берілетін тапсырмалар біртіндеп күрделене түсті, анау-мынау құжатты алып барып, алып келіңіз деген өтініштер күрделі тапсырмаларға ұласты. Кездесулер қаланың шет жағында, классикалық шпиондық романдардағы секілді пароль мен шартты фразаларды қолдану арқылы өте бастады.

Ақырындап «Клаус» агенттің сенімділігіне көз жеткізді. 2014 жылдың наурыз айында «Бек» «Өте құпия» деген белгісі бар маңызды құжаттың көшірмесін түсіріп әкелу туралы тапсырма алды.

Осы сәттен дипломатты жедел зерттеу ісі шешуші кезеңге өтті. Қауырт жұмыс жүргізілді, онымен басқарманың барлық офицерлері бірнеше күн бойы айналысты. Қажетті

келісу жұмыстарының барлығы атқарылып, құпия құжаттың муляжы дайындалды.

«Клаусқа» қатысты жедел жете тексеру ісін жүргізген офицердің естелігінен:

«...«Икс» сағаты келіп жетті.

«Клаус» «Бекке» жақындап, паролін айтып, әңгімесін бастады.

Ол әдеттегідей өз-өзіне сенімді болып көрінді. Ары-бері өткен машиналардың жарығы оның ер тұлғалы жүзіне шағылысып, жеңімпаздық сезімін жымысқы жанары білдіріп тұрды.

Берілген құжатты қызығып оқи бастаған кезде қайдан шыға келгені белгісіз ұстау тобы сау ете қалды. Жасырын орнатылып қойылған софиттер айналаны жарқыратып жіберді.

Барлаушының қолындағы құжат түсіп кетті. Ол болған оқиғаны түсіне алмай тұрды, өзіне деген сенімділік пен харизмасы ғайып болды, абыржыған түрінен шошынғандық байқалды.

Менің де оған деген көзқарасымның өзгеріп кеткендігін байқадым. Бұған дейінгі сымбатты барлаушының орнында үміті үзіліп, сағы сынған, бірдеңеден қорқып қалған адам тұрды».

Барлаушыны «айғақпен» ұстау операциясы табысты аяқталды.

Дипломаттың мәртебесіне сай келмейтін қызметпен айналысқаны үшін «Клаус» персона нон-грата болып жарияланып, 48 сағаттың ішінде елден аластатылды.

Ал біздің Отанымыз, ойыншылардың тілімен айтқанда, дипломат келген елге қатысты қарым-қатынас мәселесінде қолына маңызды көзір ұстады.

Қазақстандық қарсы барлау осындай ойын өрнегін көрсетті.

Ойнайды, ойнайды да ұтады.

Постскриптум.

Комитет басшылығы «Клаус» жедел жете тексеру ісінің тиімділігін қамтамасыз еткен қарсы барлаудың «А» деген қызметкерінің қосқан үлесін лайықты бағалады: ол «Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін» ведомстволық медалімен марапатталды.

**«ӨТЕ ҚҰПИЯ» БЕЛГІСІМЕН.  
«НАЙЗА» БАРЛАУ ОПЕРАЦИЯСЫ**

2015





2015 жылы Сириядағы қарулы қақтығыстың қайнап жатқан кезеңінде, Сирия Араб Республикасының күлге айналған аумағында еліміздің беделіне дақ түсіретін «Қазақ ислам жиһады» (бұдан әрі — ҚИЖ) деген тағы бір террорлық ұйым пайда болды.

Аталған құрылымның басында Қазақстаннан шыққан діни фанаттар мен радикалдар тұрды, олар сонау 2000 жылдың аяғында терроршылар жағында ұрыс қимылдарына қатысу үшін әртүрлі жолдармен Ауғанстанға келгендер болатын. 2011 жылы «империялардың зираты» аталған сол аумақтағы содырлар шаһид-терроршы арқылы Қазақстанда теракті ұйымдастырған еді.

Орталық Азия мен Қазақстаннан шыққандарды Сириядағы рекруттар құрамына алу туралы ҚИЖ басшыларының пиғылы жайлы ақпарат Қазақстанның Сыртқы барлау қызметінің қолына түседі. Сонымен бірге, біздің республикамызда сериялық террорлық акциялар өткізу ниеттерінің бар екендігін содырлар жасырын өткен жиналыстарында айтады.

Топтың Қазақстанға қатысты іс-қимылы тіпті сақтандыра түсті. Сондықтан Сыртқы барлау қызметінің жедел құрамының алдына міндет қойылды — зорлық-зомбылық актілерін өткізуге қатысты содырлар жоспарының жүзеге асуына жол бермеу керек.

ҚИЖ-ға қатысты жедел жете тексеру ісін «Өте құпия» белгісімен «Найза» деген кодтық атаумен арнайы операция шеңберінде жүргізу ұйғарылды, оның мақсаты террорлық ұйымның басшы құрамының қатарына агентура енгізу болды.

2015 жылдың жаз айындағы дайындық шаралары аясында іс-шараны атқара алатын лайықты орындаушыларды іздеу жұмыстары жүргізілді. Таңдау «Қаһарман» және «Сұңқар» деген сыртқы барлаудың арнайы екі агентіне түсті, жан-жақты қарай келгенде олардың сол уақытта шетелдегі күрделі объектілерді жете тексеру ісіне қатысып, тәжірибе жинақтағандықтары ескерілді. Сонау Сирияға ерекше тапсырмамен кетіп бара жатқандарын бұл адамдар өте жақсы сезінді, оның ішінде қолдарындағы «билеттің мәңгілік бір бағытқа ғана» берілуі мүмкін екендігін де білді, өйткені бұлар бара жатқан орта, кірігу тапсырмасының аса қауіпті екендігі айтпаса да белгілі еді.

«Қаһарман» мен «Сұңқар» қысқа мерзім ішінде арнайы дайындықтан өтіп, жазға қарай тапсырма орындау үшін екеуі екі түрлі мерзімде шетелге шығып кетті. Әрбір агент өзінің жоспары бойынша жұмыс істеді. Бұлай істелу себебі, егер қарсылас елде форс-мажорлық жағдай орын алатын болса немесе агенттердің бірі ісін құрдымға жіберетін болса, ондай жағдайда екінші агентке зияны тимеуі керек.

«Қаһарман» арнайы дайындықтың арқасында, терроршыларға психологиялық әсер ету тәжірибесінің нәтижесінде, әрі осы істі қалайда атқару керек деген ниетінің арқасында ҚИЖ басшысының айналасынан өз позициясын таба білді.

Дұрыс пысықталған іс-қимыл нәтижесінде «Сұңқар» да террорлық топ белсенділерінің ішінде беделге ие болды.

2015 жылы күзге қарай агенттер ҚИЖ терроршылар ұйымының басшысын Сирияның аумағында ұстау туралы нұсқаны ойластырғандығын хабарлады.

Қолда бар жедел деректерді тыңғылықты талдағаннан кейін, аталған операцияның соңғы фазасын жүзеге асыру керектігі туралы шешім қабылданды. Бұл үшін қазақстандық тәжірибелі барлаушылар тарапынан арнайы үш топ құрылды. Бірінші топ шартты түрде «Штаб» деп аталып, Орталық позициясынан ұйымдық шараларды жүзеге асырып отырды. Екінші топқа содырды ұстайтын жердегі дайындық жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ осыған қатысқан агенттер мен қызметкерлердің кері шығып кетуі, соның қосалқы нұсқаларын пысықтау міндеті жүктелді. Ал Сирия жағдайында ҚИЖ басшысын тікелей ұстау міндеті сыртқы барлаудың жауынгерлік үшінші тобына жүктелді.

Белгіленген уақытта «штабтан» команда түсті: барлық топ операцияның басталуына дайындалсын! «Қаһарман» мен «Сұңқар» агенттеріне де әрекет етуге кіріссін деген тапсырма берілді. Операцияның әрбір қатысушысы өздерінің рөлдерін нақты білді, қателесуге болмайтындығын түсінді, операцияның кез келген кезеңіндегі қателік қызметкерлер мен агенттердің қазасына алып келетіндігі айтпаса да түсінікті еді.

«Икс сағаты» соққан кезде «Қаһарманның» ұсынысымен ҚИЖ басшысы өзі отырған жерден басқа жерге келуі керек, жоспар бойынша ол осы жерде ұсталуы тиіс.

«Штабтағылар» тым-тырыс отыр. Агент және екі қызметкер ҚИЖ басшысын ұстау орнына қарай «алып келе жатты». Болуы мүмкін форс-мажор жағдайға байланысты қойылған «Сұңқар» мергендер позициясынан әріптестерінің қимылын бағып тұрды.

Аталған шараның жау апанында өтуі, ал террорлық топтың жоспарын жақсы білетін содырды қалайда тірідей алу керектігі жағдайды қиындата түсті. Агенттер мен сыртқы барлау қызметкерлері ұстараның жүзінде жүргендей болды, ал Отан алдындағы борыш сезімі операцияның сәтті өтетіндігіне ешқандай да күдік келтірмеді. Барлығы да істің аяғына дейін баруға дайын еді. Радиобайланыс арқылы берілген сол кездегі «Алға, жігіттер!» деген сөз топ мүшелерін жігерлендірді.

ҚИЖ басшысы «өлі зонаға» кірген кезде, «Қаһарман» «Бәрі дайын, ұстау керек!» деген белгі берді. Ұстау тобы санаулы секундта содырдың қол-аяғын қайырып, жеміс-жидек таситын фургонның ішіне тығып жіберді. Жергілікті аэро-

дромдардың бірінде күтіп тұрған ұшаққа отырған топ ұсталған радикалды аман-есен Қазақстанға жеткізді. «Штабтан»: «Ең басты көкөніс тоңазытқышта! Сириядан шығамыз!» «Қаһарман» мен «Сұңқар» ерекше өкім болғанша осында қалады!» деген команда берілді.

Агенттер террорлық топтың құрамындағы белсенділерге, басшы болмаған жерде алдағы жұмыстың да мәні болмайтындығын насихаттап, осылайша содырлардың арасына сына қақты.

Нәтижесінде, 2015 жылдың аяғына қарай «Қазақ ислам жиһады» атты террорлық ұйым қызметін тоқтатты. Олардың басқа мүшелері сириялық қақтығыс аймағында қимыл жасап жүрген ұсақ топтарға бөлініп кетті. ҚИЖ басшысы ұзақ жылдарға түрмеге тоғытылды. Осыдан кейін Қазақстаннан барып, Сиридағы қарулы террорлық құрылымдардың құрамында ұрыс қимылдарына қатысқандар бірегей террорлық ұйым құруға талпынбады.

Агенттер «Қаһарман» мен «Сұңқар» 2016 жылдың ортасында үшінші елдің аумағы арқылы Қазақстанға оралып, арада бір ай өткенде басқа тапсырма алып, қайтадан шетелге шығып кетті.



## ОТАННЫҢ ДАҢҚТЫ ҰЛДАРЫ

Ақтөбедегі терроршылар бандасының шабуылына 5 жыл өтті. ДАИШ-тың насихатшысы Әбу Мұхаммед Әл-Аднанидің бейбіт адамдардың көзін жою туралы үндеуінен рухтанған радикалдар, көп ұзамай-ақ, 2016 жылғы 5 маусымда өлім себу үшін қала көшелеріне шықты. Олардың жолына нағыз батырлар — ҰҚК офицерлері тұрды.

...Әскери қарсы барлау офицері талғарлық Даниэль Майлыбаевты достары, курстастары және әріптестері ашық та жарқын мінезді және еңбекқор азамат ретінде біледі. Ол қашанда отырыстың сәні болатын.

Ол өмірге келмей тұрып-ақ, оның болашақта әскери маман болатындығы шешіліп қойған болатын. Ал басқаша

қалай? Өйткені болашақ әкесі — Ақарыс Майлыбаев — флотта қызмет етіп жүрген болатын. Отанға адал қызмет ету дегеніміз ол үшін жай сөз емес еді. Сондықтан тұңғыштары Даниэльді және кішкентайы Саянды әкесі Отанды сүйеге, қамқор болуға және оған залал келтірілуіне жол бермеуге тәрбиеледі. Сондықтан Даниэль мектепті бітірген соң Алматы қаласындағы әскери училищеге оқуға түсті, бұл ешкімнің таңданысын тудырмады.

«Ол үшін жай ғана офицер емес, үздік офицер болу маңызды еді», — деп еске алады курстастары мен әріптестері.

Оның бойындағы перфекционизм — қайырымдылықпен, идеялылық — еңбекқорлықпен, жауапкершілікпен, юморды сүю — қатаңдықпен және өзіне деген талапшылықпен үндесетін.

Оқу бітіргеннен кейін үздіктердің қатарында оның жаңадан құрылған Ішкі әскерлердің Петропавл әскери учили-





щесіне взвод командирі ретінде жіберілуі заңдылық болатын. Болашақ офицерлерді тәрбиелеу және оқыту ісі оған сеніп тапсырылды. Біраз уақыттан кейін, оның қабілетін байқаған басшылық ІІМ Ішкі әскерлері қолбасшылығының Бас басқармасына, жастармен жұмыс бойынша офицер лауазымына тағайындайды. Оның негізгі жұмысы ел аумағындағы әскери бөлімдерге инспекторлық жасау болатын, оның ішінде өзінің курстастары қызмет ететін әскери бөлімдер де кездесіп қалатын. Бірақ қызмет бабында ол бұған ешқандай да мән бермейтін, сапалы жұмысты қатаңдықпен талап ететін.

Ішкі әскерлердегі қауіпсіздікке жетекшілік ететін әскери қарсы барлауға Даниэль Астанадан кейін ауысты. Ол үшін ҰҚК оқу орнында арнайы дайындықтан өтті. Бұдан кейінгі өмір жолы оны Павлодарға, Қаракемерге және Ақтөбеге сүйреді. Барлық жерде кәсіби маман ретінде көріне білді. Осылайша Даниэль әскери қызметке 20 жыл өмірін арнады.

Сондай-ақ ол адал жар, ақылды әке бола білді. Жұмысбастылығына қарамастан ол отбасына да уақыт табуға тырысатын. Ақтөбеге ауысардың алдында жұбайы Ботакөз екеуі төрт бала тәрбиелеп отырған болатын.



Ал олардың алғашқы кездесуінің өзі жастарға мөлдір махаббат пен сый-құрмет ұсынды. Романтик, әдепті және батыл жігіт Ботаның жоғары оқу орнын бітіруін үш жыл күтті. Одан кейін көптен күткен той өтті.

Жас отағасы отбасының үлкен болғандығын қалады, сондықтан балаларының өмірге келуін құдайдың сыйы ретінде қабылдай білді. Даниэль балаларын көргенде әрдайым солардың деңгейіне дейін тізерлеп отыратын қасиеті айналасындағылардың есінде қалыпты. Оның бұлай істеуі олардың әңгімесін ерекше әсерге бөлейтін — ата-ана деген беделді болуы үшін ең алдымен ашық болуы керек, сонда ғана әке мен бала арасындағы өзара түсіністік нығая түседі.

«Ол тамаша ұл, дос, адал жар және әке бола білді. Барлығына үлгеруге тырысатын. Онда ұшқын бар болатын. Даниэль көп нәрсені істеп үлгеруге тырысты, болашаққа да тамаша жоспарлар құра білді», — деп жұбайы еске алады.

...Сол 2016 жылғы 5 маусымда, Майлыбаев 6655 әскери бөлімінде болғанымен, кезекшілікте емес еді. Сондықтан да оның қолында қару болмады. Қаскүнемдер әскери бөлімнің қақпасын соғып өтуге тырысты, сол кезде атыс басталды, өкінішке орай кейбір әскерилердің масқарасы шығып, штабтағы форточка арқылы қашқандығы шындық. Басқалары батылдықпен шабуылды тойтара білді. Ойланатын уақыт емес еді, Даниэль жалаңаш қолымен кірісті. Қарусыз болғанына қарамастан ұзақ шыдады. Отанға деген махаббат, табандылық, қаһармандық деген осы болса керек.

Батыл қарсы барлаушыны Талғардың қасында жер қойнауына тапсырды.



...Қабірдің басында тұрған қария жыламады. Тағдырын табаламады, ашуланбады, ешкімді сөкпеді. Баласының қысқа ғұмыры мәнді де мағыналы болды. Биік мақсаттар қойып, соларға қол жеткізіп кетті. Әкесінің өсиетіне, идеяларына адал болды. Өмірді сүйді, басқалардың тыныштығы үшін ойланбай өмірін қиды...

Қайтыс болғаннан кейін подполковник атағы берілді. Президент Жарлығымен ІІ дәрежелі «Айбын» орденімен наградталды.

Ақтөбе подполковник Майлыбаевтың ерлігін ұмытпайды. 2021 жылы қалада оған және қызмет кезінде қаза тапқан басқа да әскерилердің құрметіне арнап «Мәңгілік сапта» — «Вечно в строю» деген жазуы бар ескерткіш қойылды. Тыныштық үшін өмірін қиғандарды адамдар білумен қатар Отанды сүюдің не екендігін түсінуі тиіс.

...Терроршылар әскери бөлімге шабуыл жасағандағы мақсаттарына жете алмады — автоматтық қаруға қолдары жетпеді, екі адамын жоғалтты.

Қалған банда мүшелерінің ізіне түсу жалғаса берді.

Астанадан әуе бортымен «А» Арнаулы мақсаттағы қызметінің жауынгерлері, Террорға қарсы департаменттің жедел



қызметкерлері және Терроризмге қарсы орталық штабының қызметкерлері келді.

Арада бір сағат уақыт өткенде ҰҚК Ақтөбе облысы бойынша департаментінде Облыстық жедел штабтың жұмысы жолға қойылды.

ҰҚК жедел қызметкерлерінің белсенді жұмысының нәтижесінде, арада 3-4 күн өткенде содырлардың ұсақ топтары анықталып, жойылды. Бірақ қарулы топтың басшысы Д. Таңатаров пен оның жақын сыбайластары суға батып кеткендей болды.

Жаңа шабуылды мазасыздықпен күткен әрбір сағат өтіп жатты, алайда бұл тәулік бойы жүргізілген іздеуді күшейте түсті.

Ақыры, 10 маусым күні түнде Д. Таңатаров және онымен бірге тағы 3 терроршының Некрасов көшесіндегі жалдамалы пәтерге қонуға келгендігі туралы ақпарат түсті. Қателік болуы мүмкін емес еді — шұғыл тексеру алынған мәліметті растады.

Түнгі сағат бірге таяу содырлар келген үй, сонымен бірге қаланың осы ауданы бірнеше қабат «шеңбермен» жабылды.



Облыстық жедел штабта қызу талқылау жүріп жатты. Мәселе төтесінен тұрды: күтпеген соққы факторын қолданып, пәтерді мүмкіндігінше тезірек шабуылдауға бола ма?

Алайда бұл жағдайда 5 қабатты үйдің тұрғындарының өмірі үшін нақты қауіп бар. Түнгі шабуыл кезінде олар өздерін қалай сезінеді, осы жері түсініксіз, өйткені ол үйде балалар да көп. Ал эвакуацияға жоқ дегенде 3-4 сағат уақыт кетеді. Тұмсықтарының астынан адамдарды шығарып жатқан кезде содырлар тып-тыныш қарап тұрар ма екен? Келіссөздерді бастау туралы шешім қабылданды, осылайша терроршылардың қырағылығын басып, әрі уақытты ұту жағы ойластырылды.

Келіссөз жүргізушілер терроршылардың агрессивті көңіл-күйін біршама басып, олар үшін қалыптасқан жағдайдан ойдағыдай шығуға болатындай үміт отын жақты.

Бірақ мұсылмандарды қудалайтындықтары үшін Қазақстан билігін, оның ішінде ҰҚК-ні айыптауды жалғастырды. Сириядағы «жиһадқа» қатысу үшін өздерін жіберу туралы талап қоя бастады. «Азап шегіп өлуге дайын» екендіктерін мәлімдеді.

Кейінірек сараптама мынадай қорытынды шығарды: терроршылар психотропты препараттардың әсерінде болған.



Арнаулы бөлімше жауынгерлері шабуыл жасау үшін өздерінің позицияларына келді.

Күтпеген жерден тағы да 20 минутқа уақытты соза тұру туралы команда келді.

Қарт кісілер мен балалары бар соңғы 3 отбасын шығару керек екен. Міне, штаб баяндап жатыр: эвакуация аяқталды, аталған үйдің барлық 157 адамы қауіпсіз жерде.

Шабуылды бастау туралы команда берілді. «А» Арнаулы мақсаттағы қызметінің қызметкерлері 20 минут бойы қылмыскерлермен жан алысып, жан беріскен ұрыс жүргізді. Одан кейінгі 30 минут үй-жайды «тазалауға» кетті.

Кейінірек, таңертең қалада соңғы үш содыр ұсталды.

Жедел штаб қызметкерлері жұмысты аяқтауға және террорға қарсы операцияның аяқталғандығы туралы соңғы құжатты дайындауға кірісті.

Арада бір сағат өткенде бұл хабарландыру жаңалықтардан берілді. 2016 жылғы 5-15 маусымдағы оқиғалар ұлттық қауіпсіздік органдарының 30 жылдық тарихының бір беті болып қалды.

Арнаулы мақсаттағы бөлімше қызметкерінің естелігінен: «Жексенбі, 5 маусым күні Астана қаласындағы «А» қызметінің жауынгерлерінің көпшілігі отбасылық тірлікпен



жүрген болатын. Сағат 16.00-де күтпеген жерден жауынгерлік дабыл соғылып, содан кейін төрт сағат өткенде мен Ақтөбе көшелерінде жүрдім.

Жауынгерлер мен бронетранспортерлерді тез жеткізуді Президенттің Іс басқармасы қамтамасыз етті, өйткені сол арқылы Қазақстандағы жалғыз Ил-76 ауыр әскери-транспорттық ұшағы жедел түрде бөлінді.

Жігіттердің көпшілігі аяқ астынан келгендіктен, ұшаққа да кім не киіп үлгерді, сонымен отырды. «Рэмбо» есімді жедел жүргізуші БТР-ді ұшақ бортына сланцымен айдап келді. Асыққанымыз соншалықты, Ақтөбе қаласына қонғанша «Рэмбо» БТР-да сол күйі отырды.

Кеше ғана бейбіт өмір сүріп жатқан қала өзгерген, ұрыс қимылдары аймағына ұқсайды. Көшелерге полициялық бекеттер қойылған.

Маған ұсынылған құрғақ статистикада былай жазылған еді: «... 2016 жылғы 5 маусымда радикалдар бандасы қару-жарақ сататын екі дүкенді тонап, 17 қаруды алып кетті, бағыттағы автобусты басып алып, әскери бөлімнен қару-жарақ тонауға тырысты.

Сатушы, дүкенге келуші, күзетші, Ұлттық ұланның үш қызметкері қайтыс болды. Бір күзетші, дүкенге келуші, үш



полиция қызметкері және Ұлттық ұланның алты қызметкері жараланды.

Полиция он екісін жойды, үшеуі жараланған және ұсталды.

Басқа жасырынып жүргендердің жеке бастары анықталды, оларды іздестіру және залалсыздандыру бойынша күшейтілген шаралар қабылдануда...».

Айтпақшы, қылмыскерлер айдап кеткен патрульдік машинаны бір тәуліктен кейін Ақтөбеде демалыста жүрген «А» қызметінің қызметкері табады.

Өміріне төніп тұрған қауіп-қатерге қарамастан, ол әлгі машинаның соңынан аңдып, блокпостқа қылмыскерлер мінген машинаның жақындап келе жатқандығын хабарлап үлгереді. Осы кезде ұрланған «Нива» бекетке келіп, машинадан оқ атылады.

Демалыста жүрген жігітімізге арнаулы бөлімше жауынгерінің тәжірибесінің көп пайдасы тиді, ол кезекші нарядты ескертіп, олардың баррикадаға жасырынуын қамтамасыз етті.

Дабыл бойынша келген топ машинаны және бекеттен таяқ тастам жерде жатқан оның жүргізушісін көрді. Қылмыскерлерге қашып кетудің сәті түсті.

Ақтөбенің бос көшелерін күндіз-түні қуатты және арнаулы бөлімшелер күшейтілген түрде тексерді. Іздеу жұмыстары екі күн бойына жалғасты.

Ақыр соңында жедел қызметкерлер салынып жатқан көппәтерлі «Нұрсити Ақтөбе» зәулім үйлерінің бірінен күдікті адамдардың байқалғанын хабарлады.

8 көппәтерлі зәулім үйдің құрылысы жүріп жатқан жер жан-жағынан қоршалды, кіреберістерінің есіктері әлі орнатылмаған екі үйден қылмыскерлерді іздестіру басталды.

Жанды қажытатын көпсағаттық іздеу жалғасты, терроршылар кез келген жайға жасырынуы мүмкін еді, сондықтан өте жоғары сақтық шаралары талап етілді. Метрден метрді қуалаған барлаушылар тобы жоғары көтеріле бастады. Соңғы қабаттың терезесі арқылы көрші үйдің терезесіндегі қозғалыс байқалды.

Радиоэфирге бірден хабар жіберілді: «Үйдің ақ жағындағы жоғарғы қабатта қозғалыс бар. ...Соңғы қабатты қараймыз...». Көрші үйдің 9-қабатынан адамдардың сұлбасы көрінді.

Аталған үйдің төртінші қабатында жаңа ғана тамған қанның іздері байқалды, жоғары қарай бастайтын секілді. Сегізінші қабаттан «Аллах акбар!» деген дауыстар естіле бастады. Экстремистердің сонда екендігіне еш күмән болмады.

Пәтердің босағасына құрылыс қоқыстарынан баррикада жасапты. Өз еріктерімен берілу және келіссөздер жүргізу туралы талаптарына қылмыскерлер оқпен жауап берді. Оқ-дәрі иісі шаңмен араласты.

Жауынгерлер қаймықпады, командирдің «Тигізіп атыңдар!» деген бұйрығынан соң, көп жылдар оларды неге





үйретті, олар сол үйренгендерін орындап шықты. Қылмыскерлерге ешқандай жол қалмады.

Шатырдан мергендік қарудың гүрс еткен дыбысы естіліп, ол өзінің нысанасына дәл тиді — терезеден жарылғышты лақтырмақшы болған терроршы құлап түсті.

Осы бір секундтың ширегіндей уақытта баспалдақ қоршауларынан қарғыған топ баррикададан өтіп, қылмыскерлерді жайпап тастады, олардың төртеуі қаза тауып, екеуі жараланды.

«Объект тазаланды... зардап шеккен жауынгерлер жоқ... қалған жаңа құрылыстарды тексеруге кірісеміз...», — деп топ басшысы баяндады.

Тағы да іздестіру басталды. Арада үш тәулік өткенде, сағат түнгі үште Ақтөбе қаласының орталығындағы Некрасов көшесіндегі бес қабатты үйдің пәтерінде радикалды топтың іздеуде жүрген мүшелерінің, оның ішінде топ басшысының тығылып жатқандығы туралы ақпарат келіп түсті.

Штабтағы жұмыс тағы да қайнап сала берді. Штаб мүшелеріне өкім берген командирлер түскен ақпаратты талқылай бастады. Мен шаршағанымды сезіндім, бірақ олардың барынша жинақы жүргендерін көріп, бойыма күш құйылғандай болды, өйткені олар келгелі бері тіпті ұйықтаған жоқ еді.

Жедел ақпаратқа қарағанда, барлық қылмыскерлер әртүрлі атыс қаруларымен қаруланған, оның ішінде үш бірдей мергендер винтовкасы бар көрінеді.

Олар бір ғана мақсатты көздеп, яғни өздерімен «көбірек адам ала кетуді» ойлап, қиян-кескі қарсылық көрсетуге дайын еді...

Тапсырманы орындауға үш бірдей ұстау тобы аттанды.

Қылмыскерлердің екінші қабаттағы пәтерде жасырынып жатқандығын білген соң, шабуылды жоғарғы қабаттағы пәтерден бастау ұйғарылды. Еденде жасалған тесік арқылы жауынгерлер терроршыларға граната лақтыра бастады. Осы мезгілде арнайы топ БТР-дың қолдауымен пәтердің терезесін гранатометпен атқылады. Пәтерді ыстау «жұмысы» өзінің жемісін берді, терроршылар амалсыздан терезеге жақындады, осы кезде оларды мергендер атып өлтірді.



# ҚОЙ ТЕРІСІН ЖАМЫЛҒАН ҚАСҚЫРЛАР

Халықаралық терроризмнің қатыгез қармауыштары «шиеленіс аймағы» мен жанама қақтығыстардың шекарасынан асып, қиянға құлаш сермеді. Радикалды діни идеядан бастары айналған фанаттар біздің үйреншікті ар-ұят пен мораль туралы түсініктеріміздің шеңберінен асатын кез келген қылмысқа дайын еді. Өзінің көршілерімен тату-тәтті тұратын біздің көпұлтты еліміз экстремистер үшін ұрыс алаңы болмайтындай болып көрінуі мүмкін. Шындығында олай емес және оны ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері жақсы біледі.



2016 жылғы маусымда халықаралық террорлық ұйыммен байланысы бар ақпаратшылардан ҰҚК-ге өте маңызды ақпарат келіп түседі: белгісіз топ Қазақстанда террорлық акті жасағалы жатыр, ал оның іс-қимылы шетелден үйлестірілуде. Бұл толыққанды ақпарат емес еді — терактінің болатын жері, мерзімі, топтың қанша мүшесі бар екендігі, олардың жеке бастары туралы ештеңе айтылмаған. Кез келген аймақта болатын жарылысқа дайындалу керек болды.

Оның ішінде, діни радикалды «қасиетті жиһад» идеясымен, ұрандарымен уланған бірқатар қазақстандық азамат-



2016

тар, қолдарына қару алып соғысып жүрген және өздерімен келіспейтіндердің барлығын, тіпті әйелдер мен балаларды өлтіріп жүрген бауырларына қосылуға шешім қабылдайды. Соғыс өртіне оранған Сирияға түрлі жолдармен, түрлі арналар бойынша қалайда баруға тырысты (аштық пен жоқшылық көріп, жақындарынан айырылған олардың көбісінің кейіннен өздері таңдаған жолдан көңілдері қалды, «Жусан» арнайы операциясының нәтижесінде олар елге оралды). Ойға алғандарын орындау бәрінің қолынан келмеді, сондықтан ҰҚК Қарағанды облысы бойынша департаментінің жедел қызметкерлері негізгі жиһадшыларды елден кете алмай қалған, бірақ осы туған жерінде «арқадан» пышақ ұруға дайын тұрғандардың ішінен іздеу керек деп шешті.

Торды құрып тастағандары сол еді, оған түсетін олжа көп күттірмеді. Балқаш қаласының тұрғыны Батыр Сапаров Оралдағы діндесімен бірігіп Сирияға кету үшін қазақстан-ресей шекарасын заңсыз кесіп өтуге дайындалып жатқандығы

туралы жедел ақпарат департамент қызметкерлерінің қолына түсті.

Батыр Сапаровтың радикалды идеяларын Балқаштың маңындағы Гүлшат ауылында Еркен Есентай мен Жомарт Маханов есімді белсенділікпен қолдайтын таныстары бар екендігі белгілі болды. Жігіттердің балық аулаумен айналысатындығын, бірақ томаға тұйық, сондай-ақ әсіре діндар екендіктерін жергілікті тұрғындар жақсы білетін. Көп ұзамай олардың ауыл шетіндегі иесіз қалған үйлердің біріне жиі баратындығы, сол жерге түрлі металл қалдықтарын, кесілген құбырларды, сымдарды таситындығы байқалды. Бұл тірліктері күдік тудырды...

Жедел қызметкерлердің назарына Еркен Есентайдың туыстары — Бауыржан Әбдіров, Дидар Есентай, Қайыржан Есентай, сондай-ақ досы Нұрлан Қалиев түсті. Бұған дейін олардың кейбірінің бала-шаға, әйелдерімен бірге Қазақстаннан Қырғызстанға өтіп, ол жақтан Сирияға бармақ болғандары белгілі болды. Аталған адамдарға сырттай бақылау қойылды, олардың жүріс-тұрыстары тексеріле бастады.

Қызметтік құжаттардағы құрғақ сөйлемдердің қызықты детективтік романдарға ұқсамайтындығы анық, бірақ олардың әрбір сөйлемдерінің астарында адам тағдыры мен мінезі тұрады. Халықаралық терроризмнің қауіпті аждаһасына қазақстандық мемлекеттің қаншалықты қарсы тұра алатындығы бір командада жұмыс атқаратын ҰҚК қызметкерлерінің кәсіпқойлығы мен сезімталдығына байланысты болып тұрды.

Жедел жете тексеру ісінің барысында Балқаштың маңында террорлық актінің дайындалып жатқандығын

растайтын мәліметтер алынды. Терроршылар ДАИШ-тың бас идеологы шейх әл-Аднанидың «пәтуасын», сондай-ақ интернет арқылы Сириядан алған нұсқауларды өздерінің іс-қимылдарында басшылыққа алып отырғандықтары белгілі болды. Атап айтқанда, Сапаровтың тобы жарылысты дайындау үшін Гүлшат ауылынан жер үйді жалдайды (осы жерден «Балқаш-9» деген ресейлік нысан алыс емес), жарылғыш құралдарды дайындайтын компоненттер жасырын түрде сатып алына бастайды.

Қаскүнемдер толық бақылауда жүргендіктерін тіпті сезген жоқ. Бір жағы олар кәсіби диверсанттар емес еді, басқаша ойлайтындарға, радикалды қағидалармен өмір сүргісі келмейтіндерге деген ашу-ыза ғана оларды осындай іске жетелеп тұрды. Көп ұзамай Батыс Қазақстан облысындағы қазақстан-ресей шекарасын кесіп өту кезінде Сапаров өзінің діндесімен бірге ұсталды.

Ол қырсықпай, кінәнің барлығын бірден топтың басқа мүшелеріне аударып, өзі ынтымақтастыққа келісті. Сапаровты тергеу кезінде ол топтың басшылары Еркен Есентай мен Жомарт Маханов екендігін, олар «истишхадияға», яғни өздерін жаруға ниеттеніп жатқандығын мәлімдеді.

Тезірек қимылдау керек болды, өйткені терроршы топтың қолында бір немесе бірнеше жасанды жарылғыш құралдар бар еді. Кез келген сәтте жарылыс болуы мүмкін болатын.

Арнайы операция 26 маусым күні кешке басталды. Тұрғылықты жері бойынша Балқашта Бауыржан Әбдіров, ағайынды Дидар мен Қайыржан Есентай, сондай-ақ Нұрлан Қалиев ұсталды. Осымен бір мезгілде арнаулы бөлімше Гүлшат ауылында жұмыс істеді. Еркен Есентай



мен Жомарт Махановтың үйінде екендігі анықталған соң, шабуыл басталды. Жолы болмаған бірінші «шаһид» аулада кісенделді, екіншісі бұл уақытта шатырда жүр екен. Жолдасының жерде, шаң жұтып жатқандығын байқап қалған Маханов үйде анасының, туған әпкесі мен ағасының отырғандығына қарамастан жарылғыш құрылғыны іске қосып жіберді...

Ұсталғандарды тергеу барысында, ресейлік әскери нысандарға 28 маусымда шабуыл жасалатындығы белгілі болды, яғни қарағандылық чекистер дер кезінде қимылдаған екен. Еркен Есентайдың әңгімесіне қарағанда, ол Махановпен бірге ресейлік әскерилердің аумағына жасырын еніп, одан кейін әрбір нысанның қасында жарылғышы бар канистраны жаруды жоспарлағанын айтып берді. Одан кейін кері қайтуды терроршылар жоспарламаған екен, яғни шашылатын элементтері бар белдеріндегі «шаһид белдігін» іске қосу акцияның соңғы нүктесі болар еді.



Жарылғыш құралдарды және «шаһид» белдігін жинау технологиясын терроршылардың интернеттен оқығандығы белгілі болды, атыс қарулары мен оқ-дәрілерді сатып алған. Көп адамның қаза табатындығын қылмыскерлер тіпті есепке де алмаған, бір жағы олар кез келген құрбандыққа баруға дайын еді.

Отандық арнаулы қызмет қызметкерлерінің әрі сауатты, әрі батыл іс-қимылдарының арқасында адам шығынын, сондай-ақ әскери мақсаттағы нысандардың қирауын болдыртпаудың сәті түсті.

Террорлық топтың барлық мүшесі 10 жылдан 14 жылға дейінгі аралықта өздерінің лайықты жазаларын алып, қылмыстық атқару жүйесінің арнаулы мекемелеріне тоғытылды. Олардың кейбірі сотта соңғы сөзін сөйлеп, өмірден шет қалғандықтан осындай теріс әрекетке барғандықтарын айтып, Фемида қызметкерлерінің аяушылығын тудырғысы келді. Лайықты жұмыс таба алмағандықтан (немесе ниеттері болмағандықтан), жақындарымен араласып, өмірдің қызығын көру мүмкіндігі болмағандықтан, фанаттар өз орындарын қияли әлем ұсынатын деструктивті діни идеялардан іздеді.

Олар шын мәнінде өкінген болса, онда оларға аяушылық танытқан дұрыс шығар. Бірақ заңды белдерінен басқандары үшін лайықты жазаларын тартатындары анық. Бұл оқиғада кешіруге және аяуға болмайтын бір адам болса, ол өзінің туыстары мен тіпті анасының да өмірін таразыға салған Жомарт Маханов! Өмірде адам төзгісіз күнә болса, ол осы шығар...



# СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

2019 жылғы 19 наурыз күні сағат 19:00-ден бастап жаңа уақыт есебі басталды. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзін қолдағандары үшін қазақстандықтарға алғыс айтып, елдегі басты лауазымды Қасым-Жомарт Тоқаевқа берді.



Өзінің халыққа арнаған үндеуінде Елбасы Кеңестер Одағы құлағаннан кейін «нарықтық экономиканы орнату, тоталитарлық идеологиялық жүйені талқандау және қоғамның барлық институттарын жаңғырту біздің ең басты бірегей үш міндетіміз болды. Біз мұның барлығын заманауи демократиялық мемлекет — Қазақстан Республикасын құру үшін жасадық», — деп атап өтті.

Нұрсұлтан Назарбаев еліміздің басқару билігінде отыз жылдай болды. Қазақстандықтар оның ғаламат жоспарлары мен бағындырған белестеріне үлес қосқандықтарын мақтаныш етеді. Мемлекет қайраткері, стратег, прагматик және саяси қайраткер ретінде заман талабына сай қимылдай білді. Ғаламдық толеранттылық, сындарлы көпшоярлық оған бірдей деңгейде тән нәрсе болды. Рухы мықты және харизматикалық мінезі бар, Қазақстанды алдыңғы қатарға шығарған істері секілді, Елбасы мәңгілікке «Тұңғыш» болып қалады.

Біз ғаламдық ядролық қарусызданудың кезеңдік стратегиясын ұсынған әлемдегі бірінші мемлекетпіз. 1995 жылдың наурыз айында біздің елімізде алғаш рет қоғамдағы тұрақтылықты сақтауға бағытталған, мағынасы жағынан таңданарлықтай болған Қазақстан халқының ассамблеясы құрылды.

ТМД елдерінің ішінде мемлекеттің жаңа астанасын жасаудың ауқымды жобасын Қазақстан бірінші болып жүзеге асырды. Әлемдік масштабтағы шара — ЕХРО-2017 халықаралық көрмесін өткізу құқығын ТМД-да бірінші болып ұтып алды. Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық бойынша ұйымының төрағалығына 2010 жылы Қазақстан посткеңестік елдерінің ішінде бірінші болып сайланды.

Отандық сарапшылар құрастырған көшбасшылық жүйесіне маңызды халықаралық бастамаларды да қосуға болады, оның ішінде: Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Еуразиялық экономикалық одақ, Азиядағы өзара ынтымақтастық және сенім кеңесі, G-Global және басқа да көптеген бастамалар. Бұлардың барлығы да қазақстандықтардың өмір сапасын жақсартуға және халықаралық саяси аренада мемлекеттің беделін көтеруге бағытталған.

Осы жерде тарихи параллельдерді де келтіре кеткен орынды. ТМД елдеріндегі саяси басшылардың ауысуы Қазақстанға қалай әсерін ететіндігі жөніндегі сұрақтарды туындатып, ықтимал сценарийлер қоғамда, сарапшылар арасында талқыланды.

Қазақстан Көшбасшысы қабылдаған шешімді әлемдік қоғамдастық посткеңестік кеңістіктегі елдер үшін теңдесі жоқ қадам ретінде бағалады.

Осы мәселе бойынша айтылған барлық пікірлердің ішінде Еуропа парламентінің депутаты, Шетел істері бойынша комитетінің мүшесі Андрейс Мамыкинстің пікіріне тоқталайық, ол былай деді: «Кету фактісінің өзі — өте күшті, ерік-жігері мықты, бірегей адамның қадамы. Назарбаев өз еркімен кетіп барады — демек ол елдің болашағына сенеді. Елдің дамуының тұрақты екендігін ол көріп тұр, елдің демократиялық жолдағы, дамудағы, мемлекеттің халықаралық аренадағы рөлін нығайтудағы курсынан ауытқымайтындығын түсінеді. Назарбаевтың кезінде Қазақстан күшті мемлекетке айналды».

Елбасының тарихи шешімін еліміз талқылап жатты, ал арада жиырма күн өткен соң Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев маусым айында кезектен тыс сайлау өткізілетіндігін жариялады.

Ол өзінің үндеуінде былай деп атап өтті: «Қоғамдық-саяси келісімді қамтамасыз ету, сенімді түрде алға жылжу, әлеуметтік-экономикалық дамудың міндеттерін шешу үшін кез келген белгісіздікті нақтылап алуымыз қажет. Өйткені әлемдегі жағдай тез құбылуда, кейбір кезде біздің пайдамызға сәйкес келе бермейді. Біз ішкі және сыртқы саясатымызда сабақтастықты, болжамдылықты және тұрақтылықты дәлелдеуге тиіспіз. Қазақстан — демократиялық мемлекет. Сондықтан Президент халықтың еркімен сайланатын болады. Мен Мемлекет басшысы ретінде сайлаудың әділ, ашық, адал өтуіне кепілдік беремін. Бұл менің принциптік позициям!».

Стратегиялық курстың сабақтастығы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесіне де толығымен



2019

қатысты. 2020 жылғы маусымда ҰҚК алқасында сөйлеген сөзінде, сондай-ақ «А» Арнаулы мақсаттағы қызметінің Ақтау қаласындағы базасына барған кезде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бірқатар негіз қалаушы міндеттер жүктеді, өйткені ҰҚК-нің әрбір қызметі, әрбір қызметкері ұлы миссияны — елімізді ішкі және сыртқы озбырлықтан қорғап отыр.

- Әрқашан мынаны есте ұстауымыз керек, — деп ескертті Президент, — Қазақстанның жасырын жаулары аз емес, олар қолдарын жайып бос отырмайды, біздің еліміздің мүддесіне қарсы белсенділікпен, алғырлықпен, ептілікпен кимылдауда. «Жаңа шындықтың» жылдам өзгеріп жатқан кезінде Комитеттің қызметі айтарлықтай сезіле түсуде.

...Жаңа өмір шындығы уақыттың жаңа сын-қатерлерін ұсынуда. Еліміздің мүдделерін қорғаудың концептуалды жаңа қадамдарын қамтитын «2020-2021 жылдарға арналған



Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы» осыларды жеңуге бағытталған.

Қазақстан жаңа дәуірге қадам басты. «19-19-19» деген сәт сілкініс болмады. Біздің елдегі биліктің бейбіт және бірқалыпты ауысу моделі үлгі боларлықтай. Осындай процестер қақтығыс жағдайына, кейде трагедиялық — тәуелсіздік пен егемендікті жоғалтатын жағдайларға алып келетіндігі, күрделі және болжап білмейтін оқиғалардың жиі болатындығы белгілі. Кез келген мемлекет үшін осынау жауапты да тарихи сәтте Қазақстанда халықтың сенімі мен болашаққа деген сенімділігін білдіретін бірлік пен мызғымастық үстемдік құрып тұрды.

Қоғамда саяси және әлеуметтік сілкіністер болған жоқ. Ішкі саясатта, әлеуметтік және экономикалық секторларда жоспардан тыс мәселелер болған, болып та жатыр және бола да береді. Кез келген мемлекет одан қашып құтыла алмайды. Ал ол туралы ауыз ашпау әділеттілік емес. Қоғамдық процестер импульс алып жатса — ең маңыздысы осы. Ауысу кезінде мемлекеттік басқару жүйесі өмірге қажеттілігін дәлелдейтін күрделі емтиханнан өте білді.

Мемлекет басшысы ұсынып отырған келесі онжылдықтың формуласы — мықты мемлекет, бәсекеге қабілетті ұлт, сапалы жаңа ұлттық ұқсастықты қалыптастыру — жүргізілетін реформаның тұғырнамасы және базалық элементі, сондай-ақ еліміздің дамуындағы жаңа биіктерге жетудің шешуші құралы болып табылады.

**«ТОРНАДО» ОПЕРАЦИЯСЫ  
НЕМЕСЕ ҚАЗАҚСТАН  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕСІРТКІ ТІЗБЕГІН  
ҚАЛАЙ ЖОЙДЫ?**

2020

---

---

---





2020

Олар арзан, сондықтан да жастарды өзіне жылдам тәуелді етіп алады.

Ауған жақтан ескен есірткі тасымалының ықтимал ауқымы мен қаупін қалт жібермеген Ұлттық қауіпсіздік комитеті «Торнадо» операциясын ұйымдастырып, шеберлікпен жүзеге асырып шықты.

Жедел қызметкерлердің назарына халықаралық террорлық ұйымдардың бірінің бақылауындағы өте ірі трансұлттық есірткі құрылымы ілініп, жете тексеруге алынып, ауқымы кең іс-шаралар атқару туралы шешім қабылданды.

Тынымсыз еңбектің нәтижесінде халықаралық есірткі синдикатының Қазақстандағы және Еуропа мен Азияның бірқатар елдеріндегі тармақтары анықталып, оған қатысушылардың рөлдері мен міндеттері, байланыс арналары, тасымал бағыттары мен жасыру тәсілдері айқындалды.

Мұқият ойластырылған күрделі жүрісті комбинациялар бұл есірткі құрылымына ҰҚК-нің жедел қызметкерін енгізуге мүмкіндік беріп, ол өз кезегінде қылмыскердің рөлін шебер сомдай отырып, қарсыластардың ортасына мықтап орнығып алды.

Қазір бұл голливуд фильмінің желісі сияқты болып көрінеді. Қатысушылардың қандай тәуекелге бас тіккендері өздеріне ғана аян.

Сол кезеңде әлемдік эпидемиологиялық ахуалға байланысты мемлекеттік шекаралар жабылған еді. Бұл жедел қызметкерлер үшін «іздегенге сұраған» болды, өйткені ауғандық есірткі топтарының жандайшаптары есірткі өткізудің тұрақты арналарын табуға мұқтаж болғандықтан жедел қызметкер бұл құрылымға еш қиындықсыз еніп кете алды. Міне, оған Ауғанстаннан Қазақстанға, Италияға және Қытайға ірі көлемдегі контрабандалық есірткі тасымалын жүзеге асыру да тапсырылды.

## «ДОСТЫҚ КӨПІРІ»

«Торнадо» операциясы өзінің белсенді фазасына жақындады. Соның қарсаңында құрамына нағыз сенімді әрі тәжірибелі қызметкерлер іріктелген жедел топ жасақталған болатын. Шетелдік серіктестермен өзара іс-қимылды алдын ала келісе отырып, топ есірткі трафигі дайындалып жатқан жерге аттанып кетті.

*Операцияға қатысушылардың естеліктерінен:*

«Біз есірткі қылмысының эпицентрі — Ауғанстанға төрт адам болып аттандық. Өзбек-ауған шекарасынан осыдан



30 жыл бұрын Кеңес әскерлері Ауғанстанды тастап шыққан әйгілі «Достық көпірі» арқылы өттік.

Ауған шекарашылары өзбек әріптестеріне мүлдем ұқсамайды. Бірыңғай әскери киім, заманауи байланыс құралдары атымен жоқ. Ұсқындары әскерилерге қарағанда содыр-моджахедтерге көбірек келіңкірейді. Калашников автоматтарын немқұрайлы, бірақ сенімді ұстаған. Олардың қасында «Мазерати» спорттық көлігіне мініп жанына екі оққағар ерткен шекара бекетінің бастығы алабөтен көрінеді.

Топты Ауғанстан ИМ қызметкерлері күтіп алып, күштік құрылымдарының күзетімен Мазари-Шариф қаласына бет алды. Күзетшілер әрдайым сақ, кез келген төтенше жағдай мен лаңкестік шабуылға сақадай-сай, дайын еді. Иә, ірі елді мекендер ауған үкіметінің басқаруында болғанымен қалаларалық жолдар тәліптердің бақылауында еді, сондықтан да жолдағы қауіпсіздікке ешқандай кепілдік жоқ болатын.

«Жол жиегінде оқтармен шұрық-шұрық тесілген, алдыңғы орындақтары мен әйнектеріне қан дақтары шашыраған машиналар кездесе бастады. Бұл қобалжытарлық көріністер еді. Бұл минуттарда мен барлауға бірге баруға болатын сенімді жауынгер достуралы сөздердің мағынасын терең түсіне бастадым. Бірақ, кез келген уақытта шабуылға



ұшырау қаупіне қарамастан біз бір секундқа да өзіміз қабылдаған шешім үшін өкінбедік».

Қылмыстық топқа енгізілген жедел қызметкерге есіртікіні тапсыру тәліптер бақылауындағы аумақта жүзеге асырылуы тиіс екендігін Ауғанстан Ислам Республикасы ПИМ басшылығы білген кезде «Торнадо» операциясы тоқтап қалуға шақ қалды.

Әйтсе де, Қазақстан жағының операцияны жарты жолдан тоқтата салуы мүмкін емес еді, өйткені оны дайындауға және өткізуге өте үлкен күш пен уақыт жұмсалған болатын. Қаншалықты қиынға түссе де, топ іс-қимылды әрі қарай жалғастыруға АИР ПИМ қызметкерлерінің көзін жеткізді.

«Біз моджахедтермен ауған полицейлерінің қатысуынсыз, өз бетімізбен кездесуге бел байладық. Алайда, арнайы жасақ жауынгерлері азаматтық киім киіп, «аңызға» сәйкес бізбен бірге жол көрсетушілер ретінде аттанды», — дейді жедел топтың басшысы.

Кездесу орны ретінде Балх провинциясының елді мекендерден шалғай бір таулы аумағы белгіленді.

Жол-жөнекей атыс дауысы естілді. Жақын маңдағы полиция учаскесіне шабуыл жасалыпты. Кейінірек, бұл құқық қорғау органдарының назарын басқа жаққа аудару мақса-

тында жасалған есірткі синдикатының қылмыстық жоспарының бір бөлігі екендігі анықталды.

Кешке таман пикаптарға мінген бірнеше ауғандық келді. Олар қаруларын жасыруға тырысқан да жоқ. Енгізілген жедел қызметкерге деген сенімсіздіктері де байқалып тұрды. Жасырын сөзді тағы бір қайталанғаннан кейін Еуропа елдері мен Қытайға контрабандалауға арналған есірткі заттары - 115 кг метамфетамин және 56 кг героин толтырылған 7 қапты қолдан-қолға тапсырды. Жүкті қабылдап алушыларға тапсыру шарты кейінірек, «куратор» арқылы хабарланатын болып келісілді.

Арнайы операцияға негізгі қатысушылардың бірі кейінірек: «Ауғандық есірткі саудалаушылармен болған осы бір қысқа кездесу менің бүкіл қызметімдегі ең шиеленісті сәттердің бірі болып қалды», — деп ағынан жарылды.

Ендігі жол кері қарай: Мазари-Шариф қаласына бару, одан әрі шекаралық қала Хайратон, осының барлығын артқа тастаған топ «Достық көпірі» арқылы жаяулатып Өзбекстанға қарай өтіп бара жатты.

«Жаяу жүрген әр метр жүйкемізге ауыр салмақ түсірді. Өзбек арнаулы қызмет өкілдері бізді Қазақстанға шығарып салды. Олармен өзара қарым-қатынасымыз әрқашанда биік деңгейде болатын», — деп естеріне алады жедел қызметкерлер.

«Торнадо» операциясының бірінші кезеңі осылай аяқталды.



## **АРНАЙЫ ОПЕРАЦИЯНЫҢ ЕКІНШІ КЕЗЕҢІНЕ ДАЙЫНДЫҚ**

Жүктің аман-есен келіп жеткендігіне көз жеткізген есірткі синдикатының Қазақстандағы тармағының басшысы 26 кг героинды Италияға, 45 кг метамфетаминді Қытайға жөнелту туралы тапсырма берді. Синтетикалық есірткінің қалған бөлігі оның Қазақстандағы сыбайластарына берілуі тиіс болатын.

Жұмыс ауқымы ұлғая түсті. Сондықтан да жедел топ кеңейтіліп, 3 шағын топқа бөлінді. Енді олардың алдында тұрған міндет те күрделі еді, ол — қылмыскерлерді Қазақстанда, Қытайда және Италияда бір мезгілде қолға түсіруді дайындау және жүзеге асыру болатын. Аталмыш мемлекеттердегі заңнамалардың әркелкілігі бірлескен іс-шаралар үдерісін бірталай уақытқа созды.

Дегенмен, ауған трафигінің әлемге қауіп төндіретіндігін әріптестердің барлығы жете түсінгендіктен Комитеттің бастамасы олардың тарапынан қолдау тапты. Бірлескен арнайы операцияларды жүргізу бойынша жұмыстар басталып, іс-шаралар негізгі үш бағытта өрбіді. Қытайлық және италияндық әріптестерге бағыт-бағдар ҰҚК тарапынан беріліп отырды.

## **ИТАЛИЯДАҒЫ ОПЕРАЦИЯ**

Есірткіні Италияға дейін бақылап жеткізу Мәскеу арқылы, Ресейдің Федералдық қауіпсіздік қызметімен бірлесе жүзеге асырылды.



Римге келе сала, енгізілген жедел қызметкер ауғандық ұйымдастырушымен хабарласуы тиіс болатын.

«Телефон қоңырауын күтіп отырған кезде біз итальяндық әріптестермен бірге есірткіні соған ұқсас затпен алмастырып тастадық. Бұл есірткінің сақталуына алаңдаған ита-

льяндық тараптың өтініші бойынша жасалды. Бірнеше күннен кейін ағылшын тілін едәуір меңгерген есірткі қабылдаушы телефон шалды. Ол бізді Ауғанстан мен Пәкістаннан келгендер тығыз қоныстанған «гетто» ауданына шақырды», — дейді операцияға қатысушы.

Бұның барлығы арнайы операцияның барысына жедел бақылау жүргізу мен оның күш қолдану сатысын өткізуді өте қиындататын еді. Әйтсе де, жедел қызметкер есірткі қабылдаушыны қылмыстық мәміленің орнын өзгертуге көндіре алды. Нәтижесінде, кездесу «Термини» метро стансасына қарама-қарсы орналасқан «Макдональдс» мейрамханасының жанында өткізілетін болды.

«Мәміле» барысын синдикаттың итальяндық тармағының өкілдерін тұтқындау үшін Есірткілермен күрес бойынша орталық басқарманың бас директоры генерал-лейтенант Антонио Маггиоре және Рим қаласының прокуроры Лучиа Лотти құрған жауынгерлік топ қалт жібермей қадағалап отырды.

Белгіленген уақытта келісілген жерге пәкістандық екі ер адам келді. Кездесуге қатысушылар бір-біріне екіге жыртылған 100 долларлық купюраның өздерімен ала келген бөліктерін көрсетті. «Өз адамдары» екендігіне көз жеткізудің сан рет сыннан өткен ескі әдісі жағдайды аздап жаймашуақ күйге түсіргендей болды.




Барлығы да алдын ала ойластырылған сценарий бойынша өтіп жатты. Енгізілген ҰҚК қызметкері аз-кем сұхбаттасқаннан кейін такси тоқтатты. Бұл да дайындалып қойған автокөлік болатын. Есірткі қабылдаушылармен бірге барлығы қоймалар жаққа беттеді.

Осы жерде күтпеген жағдай орын алды. Жасырын қойманы қарап шығып, қылмыстық топтың мүшелері түйіншектің бірін ашуға, есірткінің сапасын тексеруге ниет білдірді. Айтпаса да түсінікті, егер қылмыскерлер есірткінің ауыстырылғанын сезе қалса тек Италияда ғана емес, барлық бағытта операцияның күл-талқаны шығар еді. Сәтін салғанда, жедел қызметкер тілге шорқақтығына қарамастан есірткіні қабылдап алушыларды «тауарды» тексермей-ақ алуға көндірді.

Есірткі акциясы сәтті аяқталды.

Дәлме-дәл пысықталған жұмыс итальяндық серіктестерге үлкен әсер қалдырды. Қазақстандық жедел қызметкер-



2020

лерді елге қарай шығарып салып тұрып генерал-лейтенант Антонио Маггиоре ҰҚК-мен бірлесіп өткізілген операцияның тарихи маңызына тоқталып, бұдан былай да бірлескен іс-шараларға дайын екендігін жеткізді.

## ҚЫТАЙДАҒЫ ОПЕРАЦИЯ

Италиядағы операциямен бір мезгілде Қытайдағы есірткі тарату арнасын да жою қажет болған еді. Алайда коронавируc індетінің өршуі салдарынан Қытаймен арадағы мемлекеттік шекараның жабылуы екінші жедел топтың жұмысына едәуір өзгерістер енгізді.

Жаңаша қалыптасқан жағдайда қытайлық әріптестермен өзара іс-қимылды бейнеконференцбайланыс форма-

тында жүзеге асыруға тура келді. Италияндық сценарийден өзгешелігі — жедел қызметкерлер объектілермен тікелей байланысқа түсе алмайтын еді. Есірткі бизнесімен күресте тісқаққан жедел қызметкерлер объектілердің бейвербалды іс-қимыл көріністерін зерделеудің маңызын білгендіктен бұл міндеттің қаншалықты күрделі екендігін түсінеді.

Бақылаудағы жүк қытайлық әріптестерге қазақстандық өткізу пунктінде табысталып, ҰҚК қызметкерлерінің өздері Қазақстан Республикасында қалды.

Одан әрі Хайнань түбегіне жеткізілген кезде есірткі арнасын ұйымдастырушылар жүкті контактісіз әдіспен қабылдап алғысы келетіндіктерін айтты. Алынуға тиіс заттарды теңіз портының қоймалық ғимараттарының бірінде қалдырып, алушыларға оның координаттарын хабарлаған қытайлық арнаулы қызмет өкілдері қойманы екі күн бойы кірпік қақпай қадағалады.

Үшінші күн дегенде қоймаға жүк көлігімен екі ер адам келді-ау, әйтеуір. Бөшкелердің ішіндегі заттарды тексеріп, машинаға тиіп алып, қоймадан шыға бергенде олар арнайы жасақтың қолдарына түсті.

Бұдан әрі қарай — үйреншікті жұмыс. Қытайлық әріптестердің дер кезінде атқарған іс-шараларының арқасында халықаралық есірткі тобының серкесі мен 10 мүшесі қолға түсті. Синдикат Малайзияға, Филиппинге және Австралияға есірткі контрабандасын тасымалдауды жолға қойған екен және қытайлық арнаулы қызмет оларды екі жыл бойы зерделеп келіпті.



## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОПЕРАЦИЯ

Үшінші жедел топ халықаралық қылмыстық синдикаттың қазақстандағы тармағының соңына түскен болатын.

Ауған есірткі қоғамдастығын ұйымдастырушылардың қойған шарттары бойынша есірткінің Қазақстанға арналған бөлігін ел астанасындағы олардың сыбайласы алуы тиіс еді. Байланыс құралы ретінде ауғандықтар «Signal» мессенджерін пайдалануды ұсынды.

Бірнеше күннен кейін «Джамал» логинді пайдаланушы байланысқа шығып есірткі заттарын Нұр-Сұлтан қаласының маңындағы ашық жерде орналасқан жасырын орын арқылы беруді өтінді.

Жедел қызметкерлер оның бұл шартын орындап, аумаққа онлайн-режимде бақылау орнатты. Аздаған уақыттан соң әлгіндегі «Джамал» өзі келіп, есірткі жүгін алып, өзінің тұрғылықты жеріне әкелді. Айтпай кетуге болмас, бұл жігіт құпиялық шарттарын қатаң сақтап, үйінің жан-жағын бей-

некамералармен жабдықтап, аумаққа дабыл беру құралдарын мұқият орнатыпты.

Кейінірек, есірткі құрылымының қазақстандық бөлігіне басшылық жасап, қылмыстық топқа енгізілген жедел қызметкерге «жетекшілік» жасаушы соның дәл өзі екендігі анықталды.



Фигуранттың жеке басы туралы мәліметтер тез арада белгілі болды. Ол Сирияда қанды тәжірибе жинаған Ресей ҚМ Бас барлау басқармасының бұрынғы әскери қызметшісі Константин Ковалев болып шықты.

Ковалев есірткі тасымалының мықтап жолға қойылған схемасымен әрекет жасап келіпті. Алынған тауар тұрмыстық құрылғыларда: қысқа толқынды пештерде, шәйнектерде, гироскутерлер, тіпті лактар мен бояулардың ішіне жасырылып, Қазақстанның әртүрлі өңірлеріне ешқандай қауіпсіз, емін-еркін тасымалданып келген екен.

Ковалевті қолға түсіру ұзаққа созылған жоқ. Ол есірткі заттарын Қазақстанның облыс орталықтарына жібермек болған кезде, қылмыс үстінде ұсталды. Есірткі заттарының негізгі бөлігі оның үйінде сақталып келіпті. Тергеу кезінде, өзінің бақылауында болған сегіз бірдей өңірлік есірткі делдалдарын әшкерелеп беріп, олар Шымкент, Алматы, Көкшетау, Степногорск, Қостанай, Павлодар, Атырау және Қарағанды қалаларында, есірткіні қабылдап алу кезінде тұтқындалды.

Есірткі тасымалынан бөлек, жедел қызметкерлер қылмыстық жолмен табылған қаржыны қолма-қол ақшаға айналдырып келген заңсыз криптоайырбастау іс-әрекетін анықтап жолын кесті. Алты бірдей криптовалюта жасайтын жылжымалы «майнингтік фермалардың» іс-әрекеттері тоқтатылып, тауарды бөлшектеп сатып келген тағы да алты ірі интернет-дүкендері анықталып, бұғатталды.

Ірі көлемді трансұлттық қылмыстық қоғамдастықтың жолын кесудегі «Торнадо» арнайы операциясының маңызына баға жетпейді. Ойланып көріңіз, есірткі синдикатының іс-әрекетін бақылап келген халықаралық террорлық ұйым 16 миллион АҚШ доллары көлеміндегі қылмыстық қаржыдан қағылды!

Арнайы операцияның мультипликативтік әсері тағы да ұзақ мерзім бойына сезіліп тұрды. Оның нәтижесі ретінде — Қазақстанда синтетикалық есірткі заттарын таратудың күрт төмендеуін мысалға келтіруге болады.

Әрине, осындай ерлікке пара-пар іс есірткі тасымалының тізбегін үзу жолында өздерінің денсаулықтарын ғана емес, өмірлерін де тәуекелге тіккен ҰҚК жедел қызметкерлерінің ержүректік, жоғары кәсіби шеберліктері мен жанқиярлық еңбектерінің арқасында атқарылды.





# КОНТРАБАНДИСТІ КЕМПІР ҚАЛАЙ ТЕКСЕРДІ?

Жедел қызметкердің әңгімесі

Ядролық қарудың қаншалықты зұлмат екенін қазіргі уақытта ешкімге тәптіштеп жатудың қажеті жоқ. Кейбір мақалалар мен көркем шығармаларда оны «тамұқ» немесе «қиямет күнінің қаруы» деп те жатады. Әсірелегеніміз емес, өкінішке орай бұл шындық.

Мен бір кездері ядролық қарудан азат әлем үшін күрестің алғашқы қарлығашына айналған елде туғанымды мақтан тұтамын. Қазақстан Семей ядролық сынақ полигонын жауып қана қойған жоқ, КСРО тарқаған кезде өз аумағында қалған арсеналдан өз еркімен бас тартты. Айта кету керек, бұл сол кезеңде көлемі жағынан әлемде төртінші орын алатын ядролық арсенал болатын. Бұл өте сұңғыла, дұрыс шешім еді.

Дәл осындай, әсіресе ядролық сияқты қырып-жою қуаты бар сұрапыл қару әрдайым бүлдіргіш күштерді сұқтандырып келген. Мысалы, халықаралық террорлық ұйымдар «лас бомбалар» жасап шығару үшін ядролық және радиоактивті материалдарды қолға түсіруге жиі-жиі талпыныс жасайды. Олардың осындай арам пиғылдарына контрабандашылар көмек қолын соза қалады.

Өз басым «бейбіт емес атом» дегеннің не екенін, оның қандай орны толмас қасірет әкелетіндігін жақсы білемін. Мен Шығыс Қазақстан облысының тумасымын. СЯСП немесе Семей полигоны мен үшін абстракт ұғым емес. Мен ядролық қару сынағының құрбандарын өз көзіммен көрдім. Миллиалдар немесе зумерлер үшін нақтылай кетейін, Семей ядролық сынақ полигонында 468-ден астам (!) ядролық қару сынақтары жүзеге асырылған.

Жоғарыда айтылғандарды ескерсек, ядролық контрабандамен айналысқан топтың іс-әрекетіне тосқауыл қою бақытының тек маған бұйыруында үлкен символдық мән бар тәрізді.

Барлығы, «қажетті» жерлерде жедел мақсатпен сауатты жайылған тор арқылы алынған, аландатарлық ақпа-

раттан басталды — халықаралық қылмыстық топ Өзбекстанда орналасқан уран кен орнынан шығатын аса қауіпті ядролық материалдарды шекара асырып, контрабандамен айналысып жүрген көрінеді.

Арнаулы қызмет нысанасына ірі көлемді «Уран-235, 238» ядролық материалын саудаламақ болған кәнігі контрабандист алынды. «Ірі көлемді» дегеніміз - 1 килограмм.

Әрине, бәзбіреулер үшін «ірі көлемді» дегеніміз әсірелеушілік болып көрінер, бірақ оларға «Уран-235» материалының 1 килограммы өзінің жарғыш күшімен 22 мың тонна тротилға тең екендігін түсіндіре кетелік.

Міне, осындай апатты алапат күш — бұл жүк қай жерде тұрса сол елдің ұлттық қауіпсіздігіне орасан зор қатер төндіреді. Бұндай сәттерде салғырттық таныту мындаған адамның өмірін тәуекелге тігумен бірдей. Демек, жылдамырақ қимылдау керек. Қимылдағанда, барынша батыл және жан-жақты ойланып барып қимылдаған жөн.

Комитет басшылығының мақұлдауын алып, біз жедел ойынды бастап кеттік. Ең алдымен «сатушыны» анықтап, бақылауға алдық. Контрабанданың бүкіл бағыты, оған қаты-



сушылар, ең бастысы — ядролық материалдың шыққан жері нақтыланды.

Дәл ұйымдастырылған агентуралық жұмыс қаскөйлердің бүкіл арам пиғылдарын ашып берді. «Сатушы» қарадүрсін, Өзбекстан жаққа заңсыз барып-келіп кәдімгі контрабандамен айналысып жүрген, азғындық жолға түскен қазақстандық азамат болып шықты.

Өмірі қисық арнамен кеткен. Бірнеше рет сотталған, отбасынан ажыраған, қарызға белшесінен батқан, екі баласы мен егде жастағы ата-анасын адал еңбекпен емес, арам жолмен асырамақ болған. Нәпақа табудың заңды жолдарын іздеуге ол тіпті де талпынбаған. Аз нәрсені сатып көп олжаға кенелу мүмкіндігі оның ақыл-есін алған. «Тауардың» қауіптілігі оның ойына да келмеген тәрізді.

Кинода бұндай адамды зерделеуге ұзаса 5 минут жетер ме еді, ал шынайы өмірде тоғыз айымыз кетті. Объект тым сақ, бірнеше рет қылмыстық жауапкершілікке тартылғандықтан ба екен, өте күдікшіл болып шықты. Күйгелектеніп, маңайындағы әрбір адамнан қылмыстық ортаға енгізілген жедел қызметкерді әшкерелеуге талпынумен болды.

Заттың шынайылығына көз жеткізгеннен кейін біз бұл азаматты қылмыс үстінде, сату кезінде қолға түсіру туралы шешім қабылдадық.

Енгізілген жедел қызметкер «сатушымен» бірқатар кездесу өткізіп, заттың бір килограммын 200 мың АҚШ долларына сатып алуға келісіп, кездесетін жер мен уақытты белгіледі.

Шиеленіс қос тарапта да шектен асты. Контрабандист сатып алушыны, яғни біздің жедел қызметкерді тексеріп көр-

мек болып алғашқы кездесуге уранның орнына құм алып келді. Арнайы операция сәтсіздікке ұшырауға шақ қалды. Бүкіл арнайы топтың «бас қатырғаны» — ядролық материал қайда деген сұрақ болды.

Сауда аяғына жетпеді, алдын ала пысықталған «аңыз» сатып алушы жедел қызметкердің кездесу орнынан әшкереленбей кетуіне мүмкіндік берді.

Алайда, контрабандистің көкейін тескен оңай ақша оның күдікшілдігін бәсеңдетті. Ол «сатып алушының» қалталы екендігіне көзін әбден жеткізіп барып, онымен кейінірек байланысқа өзі шықты. Бұл жолы тауардың дәл өзі болатындығына сендіріп, екінші рет кездесуге шақырды.

Ядролық материалды сату идеясы ол үшін бақуатты өмірге алынған билет болып көрінгендігі анық. Мәселенің моральдық және этикалық жақтарына ой жүгіртіп жатуға басын да қатырмаған. Енгізілген қызметкерлердің бірі ештеп уағыз айтып, «сатушыны» дұрыс жолға салмақ болған екен, құлағына да қыстырмапты.

Ақыр соңында, қосымша сату үшін контрабандист өзіне белгілі «сатып алушыларға» Өзбекстаннан трансшекаралық жолдар арқылы уранның белгілі бір көлемін тағы да алып келіп, оны саудалап жатқан кезде ұсталды.





Бұл кезде бізге тауардың қай елден шығып жатқандығы, шекараның арғы бетінде контрабандистің, қолдарында «Уран-235, 238» материалының бірталай мөлшері бар сыбайластарының бар екендігі белгілі болатын.

Сондай-ақ «сатушының» уранды өткізгеннен кейін екі сағат ішінде оларға сауданың сәтті аяқталғаны туралы хабарлауы тиіс болғандығы, әйтпесе ол тұтқындалған болып есептелінетіндігі анықталды.

Бұл жерде жедел топтың өз іс-қимылын асқан дәлдікпен стратегиялық тұрғыда жоспарлап алуы тағы

да үлкен көмегін тигізді. Осылайша, ұсталған адамның мінез-құлқы мен психологиялық ерекшеліктерін алдын ала мұқият зерттеу бойынша бірнеше айға созылған қажырлы еңбек бізге контрабандисті аз уақыттың ішінде тергеумен толық ымыраға келтіруге мүмкіндік берді. Ол «ақшаны алдым, уайымдайтын ештеңе жоқ» деп «әріптестеріне» хабар жіберді. Бірақ бұл оның шетелдік сыбайластарының секемшілдіктерін сейілтпеді. Олар өздері тексеріп көрмекке бел буды.

«Ташкент-Алматы» пойызымен Өзбекстаннан арнайы адам келді. Оның міндеті контрабандистің тыныс-тіршілігін бақылау болатын.

Біз бұндай ықтималдықты алдын ала ескермегенде олардың ойлары іске асып кетуі де ғажап емес еді. Жедел қызметкерлер жырақтан келген «ревизорды» уақыт оздырмай-ақ тауып алды. Ол жасы алпысты алқымдаған, елеусіздеу келген егде әйел болып шықты.

Өткізілген кәсіби нұсқамадан кейін, өз жағымызға тартылған қылмыскер әлгі әйелмен кездесіп, өзінің бостандықта жүргендігіне, артында аңдушылардың жоқ екендігіне көздерін жеткізді. Ол біз дайындап берген аңызды дәлме-дәл ұстанды: «тауар сатылды, тағы да керек, сатып алушы дайын».

Біз неге бір жолғы тауарды тәркілеумен ғана шектеліп, арнайы операцияны осы жерден тоқтатпадық? Жауап қарапайым, біз үшін маңыздысы — контрабанданың бүкіл тізбегін жойып, Қазақстанға ендігәрі ядролық материалдың әкелінуіне жол бермеу болатын.

Сондықтан да басшылықтың санкциясымен Өзбекстанның арнаулы қызметін қатыстыра отырып, жедел жұмысты халықаралық деңгейде жалғастыруға шешім қабылданды.

Біздің өзбекстандық әріптестеріміз ойынға бірден кірісіп кетті. Солармен біріге отырып қылмыстық топтың белді мүшелерінің барлығын Ташкент қаласына алдаусыратып шақырып, өздерімен бірге ірі көлемді уран топтамасын ала келуге көндірдік. ҰҚК қызметкерлерінен құралған арнайы топтың құрамында Ташкентке мен де ұштым.

Шиеленіс шырқау шегіне жетті. Қылмыскерлер өздерінің мойындарына қыл арқанның жақындап қалғанын түйсінгендей, бұрынғыдан бетер күдікшілденіп, болмашыдан сезіктенеді. Олар тіпті тауарды саудалауға өздерімен бірге






бірнеше өзбек ҰҚТ мүшелерін тартыпты.

Бұл қызметкерлердің өміріне төнген қосымша қауіп-қатер мен тәуекел еді. Алдын ала келісімдер кезінде біздің жедел қызметкерлер мен өзбек әріптестер табелді қаруларынан бір сәтке де ажырамай, оны кез келген уақытта қолдануға тастүйін дайындықпен жүрді.

Жүйке сымдай тартылған. Мені әне-міне барлығы қирайтындай сезім бір сәтке де тастамады. Күтпеген өзгерістер тым көп еді. Өзбекстандық қылмыскерлерден күдікшілдік есіп тұрды.

Олардың кінәмшілдігі алдын ала келісілген шарттардың бұзылуына алып келе берді. Ең шешуші сәттерде кездесу орындары мен «тауардың» көлемі өзгерістерге ұшырап, диалогтарда «жасандылық», «сатып алушыларды» жойып «бас сауғалау» туралы сөздер жиі айтыла бастады.



Арнайы операцияның сәтті аяқталуына тағы да сол ашкөздік септігін тигізді. Кездесуге бүкіл құрамымен келген өзбек контрабандистері қолдарында ядролық материалдың алдын ала келісілген мөлшері жоқ екендігін хабарлады. Бұл дегеніміз бұрынғы келісімдердің барлығын өзгерту еді.

Дегенмен, қоштасу кезінде қылмыскерлердің басшысы, байқауымызша ҰҚТ иерархиясындағы басты тұлға, басқаларға байқатпай «сатып алушы» жедел қызметкерге қарап көзін қысты. Бұдан әрі олардың арасында тет-а-тет әңгіме орын алып, әлгі 200 мың долларға 860 грамм қажетті тауарды алып келуге уәде берді.

Тауардың қажетті мөлшері жоқ дегені жалған сөз болып шықты. Ол осылайша, олжаны бөліспес үшін өз сыбайластарын алдаған екен. Жанындағы жиенін уранды алып келуге жұмсады.

Бұдан арғысы белгілі. Қылмыскерлердің барлығы тұтқындалды. Екі елдің арнаулы қызметі ортақ істі асқан дәлдікпен атқарып шықты.

2021



Біздің іс-қимылымыздың нәтижелері өзбек әріптестеріміздің тарапынан жоғары бағаланды. Олар осындай ауқымды операцияға тұңғыш рет тартылған екен. Маған және бірнеше жедел қызметкерге Өзбекстан МҚК Төрағасының лебізі ойып жазылған қолсағаттар берілді. Дәл осындай жауапсыйлар біздің мекемеміздің тарапынан да жасалып, көзге түскен өзбек қарсы барлаушылары да марапатсыз қалмады.

Менің жалпы ядролық технологияларға деген көзқарасым біржақты емес. «Бейбіт атом» адамзаттың игілігіне қызмет етуі тиіс, бірақ радиоактивті материалдардың контрабандасына жол жоқ. Осыған жол бермеу ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің басты міндеттеріне жатады. Тек солар ғана ядролық материалдардың контрабандалануы, олардан ядролық қарудың жасалуы сияқты нақты қауіп-қатердің бетін қайтару жолында үлкен жауапкершілік арқалайды.

Ал әзірше мен және менің маңайымдағы жедел қызметкерлер «көрінбес майдан» шебінде «көрінбейтін жаумен» шайқасып, уақытпен санаспай, ет-жақындарымызбен бірге болу мүмкіндіктерін құрбандыққа шала өз міндеттерімізді атқарып жүрген кезде еліміз ешқандай алаңсыз тыныш ұйықтай алады.

# АУҒАНҒА ҚАЙТА ОРАЛАР СӘТ КЕЛДІ

Барлаушы қиыр шеттегі қызметі жайлы әңгімелейді

*«Олар ешқашан ұйықтамайды, ауырмайды,  
шаршамайды, олардың қателесуге құқы жоқ.  
Ел ұйқыда жатқанда олардың қауіпсіздігін кірпік  
қақпай күзетіп тұрған адамдар бар...».*



2021 жылдың тамызы. Ауғанстанда — мемлекеттік төңкеріс. Үкіметті тәліптер басып алды. Президент А.Ғани мен бірқатар ықпалды саясаткерлер бас сауғалап, елден қашып кетті. Содырлар президент сарайын басып алды.

Қалада дүрбелең, халықты үрей билеген. Тұрғындар қарбаласып, қашудың қамын іздеуде. Теледидар экрандарында жантүршігерлік көріністер — қайтсе де елден кетуге тырысып ұшақтың дөңгелектеріне жармасып, биіктен құлап жатқан адамдар, өзіміз болмасақ та баламыз аман қалсыншы деп американдық солдаттарға қарай балаларын лақтырып жатқан ата-аналар... біреуді біреу біліп болмас бейберекеттік.

Қазақстан ҰҚК-нің шешімі бойынша дипломаттардың отбасы мүшелері мен Елшіліктің әкімшілік-техникалық персоналын бүлінген елден бірден алып шықты. Бұдан кейін штат қосымша қысқартылып, шұғыл эвакуация жүргізілді.

Тәліптер елдің бүкіл аумағына бақылау орнатты. Қарсылықтың соңғы қамалы — Панджшер үш апта ғана тұра алды. Уақытша үкімет жасақталып, елде шарифат заңдары жарияланды, қатаң шектеулер орнықты. Әйелдің қоғамдағы рөлі барынша шектелген, олардың суреттеріне тыйым салынған, музыка харам деп жарияланған. Ел орта ғасырларға қайта оралғандай...

Халықаралық лаңкестік ұйымдар тәліптерге ынтымақтас-тық танытып, оларды жеңістерімен құттықтап, халифат құруға үміттенуде... Лаңкестік өртінің бүкіл әлемге жайылу қаупі арта түсті... Жаңа қатерлер — ҰҚК-нің дағдылы жұмыс күндері. Ауғанстанға қайта оралар сәт келді...

Мен барлығымыз күйінішпен еске алатын ядролық полигонға жақын Семей қаласының маңындағы ауылда, көпбалалы отбасында дүниеге келдім. Менің бүкіл бала-лық шағым төңкерілген мәңгілік көк аспан мен ұшы-қиыры жоқ сары далада өтті. Тек оқта-текте ғана аспан мен жердің ортасын жарқ еткен жарылыстан кейін пайда болатын алып

2021



Қазақстанның Ауғанстандағы Елшілігі

саңырауқұлақтар қосушы еді. Олардың ядролық сынақтар екенін кейін білдік.

Менің бала кезімде, кейін тыйым салынған жер бетіндегі жарылыстар әлі де жүргізілетін. Бұндай жағдайларға кіші-гірім шұңқырлар дайындалған. Анамыздың айтуы бойынша, осындай саңырауқұлақтар пайда болған кезде біз шұңқырдың түбіне жатып, үстімізге киіз жамылып «бісіміллә рахман-рахимды» сансыз мәрте қайталап жатушы едік.

Біздер, балалар үшін ядролық жарылысты тамашалау қызық болатын. Алдымен жарқ еткен жарылыс, дүрсіл, содан кейін апай-топай боран... Көріністің шарықтау шегі — көкке қарай бой созған алып саңырауқұлақ, тұп-тура Родос Алыбы дерсің. Ол менің есіме ежелгі грек аңыздарындағы жер мен көктің қиылысар тұсында аспанды тіреп тұрған Атлант титанды түсіретін. Ол кезде мен осындай жарқ еткен, бірақ саңырауқұлақсыз (құдайға шүкір) жарылыстардың өмірімде әлі де жиі кездесетінін сезген де жоқ болатынмын...

Мектепті бітіре сала институтқа, математика мұғалімінің оқуына түстім. Біздің түсінігімізде бұл ең беделді мамандық еді. Осылайша біз, балалық бал күндерімізді бірге өткізген досым Дәурен екеуміз оқуды бітіріп келіп орта мектепте мұғалім болып жүрміз. Мен физика мен математиканы, ол тарихты оқытады. Мен өз махаббатымды кездестіріп, үйлендім, тұңғышымызды күтудеміз.

Дәурен нағыз романтик, бірде чекист болуды, енді бірде майдан барлаушысы, тағы бірде Рихард Зорге болуды армандайды. Ол кезде Ұлы Отан соғысы туралы естеліктер санамызда сайрап тұрған.

Бұлыңғыр күн еді, Дәурен бір кездесуге бірге барып келуге шақырды. Біз жергілікті ауаткомның ғимаратына кірдік. Ол жерде бізді бір құпия адам күтіп отыр екен. Ол адамның есімі мен үшін әлі күнге дейін жұмбақ. Дәурен органдарға қызметке кіру мүмкіндігін қарастыру үшін МҚК-ден келген адаммен әңгімеге бара жатқандығын маған сол кезде ғана айтты. Дәуренмен әңгімелесіп болғаннан кейін әлгі адам маған бұрылып, менімен де тілдесті. Арада біраз уақыт өткенде ол біздің ауылда пайда болып, күтпеген жерден маған КСРО МҚК Бірінші бас басқармасының қарамағына қабылданғандығым туралы хабарлады.

Мен осылайша Мәскеуге келдім, мандаттық комиссияның алдында көп сұрақтарға жауап бердім. Тіл үйренуге деген көзқарасым бойынша сұраққа түрік тіліне деген ынтам туралы айтқан едім, комиссия пушту тілін белгіледі. «Демек Африкаға барады екенмін ғой» — деп ойлап қоямын, сөйтсем бұл Ауғанстан екен ғой.

Оқуды бітіргеннен кейін біраз уақыттан соң мені қауіпсіздік офицері (МҚК-нің ресми өкілінің көмекшісі) ретінде Гераттағы елшілікке алғашқы ұзақ мерзімді іссапарға жіберді.

Ауғанстан — контрастар елі. Бұл Кеңестер Одағына мүлдем ұқсамайтын, ерекше, өзіне ғана тән өмір салты бар, өзге әлем екен. Киплингтің «Батыс пен Шығыс ешқашан қосылмайды...» деген сөздері есіме түсті. Бұл жерде — Ежелгі Рим қалаларына тән қаталдық, Кабул мешіттерінің әшекейлі көк тастары, латын әріптеріне ұқсас Нью-Йорк кварталдары, араб жазбаларындай ирелеңдеген Герат көшелері. Жалала-



бад цитрустары мен әйгілі сүйексіз анарлар өсетін Қандағар бағының аңқыған хош иістері.

Бұл ел мені мың бояулы, ғасырлар даналығынан тоқылған ауған кілемінен аумайтын тайпалар мен дәстүрлер мозаикасымен, айғай-шулы шығыс базарларымен, қандай қиындықтар туындаса да өмірге деген құлшынысын жоғалтпас өміршеңдігімен, болашаққа деген философиялық талпыныстарымен баурап алды. Әйгілі «империялар моласы». Базардағы дүкенші айтқандай: «Бұл жерде өсіп-өнген, соңынан мол мұра қалдырып келмекке кеткен не бір ұлы өркениеттердің ізі қалған». Кушан патшалығы жайлы Бамиандағы будда мүсіндері сыр шертеді. Грек-бактрия өркениетінің ескерткіштері болып алтын қазыналар қалды. Біздің Руми ақынымызды Бродвейде қойса, Герат миниатюралары парсы және қытай кітаптарына көшіп барған.



Әдет-ғұрыптардың сан-алуандығы соншалықты, бір-бірімен бітіспес жаулардың өздері қонақжай қожайын мен қадірлі қонаққа айналып жүре береді.

Соғыс жүріп жатыр. Кабулда бізді тікұшақ тосып алып, бір кездері менің алғашқы қызмет орным болған Гератқа қарай алып ұшты. Қалғып кеткен екенмін. Түсіме өзім туған өлке кіріпті, бұлтсыз көк аспан, ұшы-қиыры жоқ кең дала, кермек те болса жаныма жайлы жусан иісі. Әлдеқайдан анамның дауысы естілді: «Балам! Шұңқырға жасырын. Тез киіз жамыл, саңырауқұлақ!».

Дүрсіл... Мен біздің жанымыздан бірнеше метр қашықтықта ұшып өткен басқарусыз зымыранның шуылынан оянып кеттім. «Оң жақта жарылыс, «стингер»! Дұшмандар (балағат сөз)...!» — деп айғай салды ұшқыш. Тасымалды зениттік-зымырандық кешеннің оғына тап болмас үшін тағы да біраз биікке ұшуға тура келді. «Вымпел» алаңқайды моджахедтерден тазалағанша біз әуеде біраз қалықтап барып, әдеттегіден 20 минут кешігіп қондық.

Десант түсіру маған жаңа тосын сыйлар ұсынды — тікұшақ жерге қонбады, толық жүкпен, автоматпен секіруге тура келді. Жерге неге қонбады деген сұрағымызға жергілікті тұрғынның киімін киіп бізді күтіп алған офицердің жауабы: «Жарып жіберуі мүмкін ғой! Бұл тікұшақ қой» болды. «Қызық логика, ал біз ше?» — деп ойладым мен «жаяу әскердің құны жоқ па?!» Менің танданысымды түсіне қойған көпті көрген барлаушының жымыиысында көп мән жатты: «Ауғанстанға қош келдіңіз», — деді ол.

Гераттағы жағдай күрделі еді. Моджахедтердің басшысы аты аңызға айналған Исмаил Хан болатын. Арада 25 жыл

өткенде біз онымен тәліптерден кейінгі Ауғанстандағы жедел жағдай туралы бейбіт әңгімелесіп шай ішіп отырамыз. Бұл енді басқа әңгіме... Ал әзірше оның адамдары мені «Стингер» ТЗРК оғымен қарсы алды.

Ресми өкілдердің жұмысы үнемі тәуекелмен қатар жүреді. Өзінің жеке қауіпсіздігіне ғана емес, олар бүкіл дипломатиялық немесе консулдық мекеменің қауіпсіздігі, қарсы барлау режимі, ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуал, оның ұйымшылдығы мен бос уақыты үшін жауап береді. Соғыс жүріп жатқан елде өткен алғашқы іссапарымда мен Елшіліктегі әріптес қызметкерлерімнің қауіпсіздігін өз қауіпсіздігімнен биік қойдым. Олар ешқашан ұйықтамайды, шаршамайды, арымайды, талмайды. Олардың қателесуге құқықтары жоқ. Ел ұйқыда жатқанда олардың қауіпсіздігін кірпік қақпай күзетіп тұрған адамдар бар.

Өмірдің қызықтары мен күтпеген сәттері — олар біздің жұмыста адым аттаған сайын кездеседі. 2000 жылдары өткен екінші іссапарымда менімен байланыста жиһадшылар ортасынан шыққан жасырын көмекшім болды. Ол маған қалада қалыптасқан жағдайды баяндап, қарулы оппозицияның негізгі көшбасшылары, олардың орналасқан жерлері, шетелдік арнаулы қызметтермен байланыстары, қару-жарақ пен әскери техниканы жеткізу жолдары туралы өзекті мәліметтермен қамтамасыз етіп отыратын.

Онымен сенімді қарым-қатынас орнаған. Шығыс менталитеті бөлек қой, онымен жұмыс істеу қызық болатын. Қалтасының қамын ойлап бірде ол маған әр түрлі қару-жарақ, соның ішінде «Стингерлер» сатып алуды ұсынды. Фотосын көрсетіп, әңгіме тиегін ағытты: «Міне менің «сұлуым»,

баяғыдан бері менімен бірге. Жиһад (кеңес-ауған соғысы) кезінен. Мен онымен сол кездері Гератта қаншама тікұшақты құлаттым. Мен бұны басқара алатын жалғыз адам едім. Сол кезде бұл алғашқы экземпляр болатын...».

Мәссаған, міне қызық... Уақытты мөлшерлеп жіберіп, жан сырын жайып салып алдымда отырған «шығыстық досымның» алғашқы іссапарымда мені Гератта «күтіп алған» дұшпан екенін бірден түсіндім. «Мен Исмаил Ханның бірінші әуе қорғанысшысы болдым» дейді.

– «Маған, елшіге «стингердің» қажеті қанша?» деген сұрағыма — «Елшілікті шайтандар мен өзге де ібілістерден қорғайсың... Бұл Ауған, бұл жерде барлығы болуы мүмкін. Айталық, мысалы, саған, елшіге бронды кеудешенің қажеті қанша?» — деп қисынды қарсы сауал қойды.

– Міне. Осындай мақсатта неге стингерді қолданбасқа, — деп қорытындылап қойды.

Кейінірек ол, маған бірінші іссапарым кезінде «жұмыс тауып берген» Исмаил Ханның өзімен байланыс орнатуға көмектесті.

Қабулда өткен екінші іссапарымның кезінде қазақстандық елшілікке өзін Қазақстанның азаматшасымын деп таныстырған жас әйел өтінішпен келіп, өзінің құлдықта жүргенін хабарлады. Түркістан облысындағы балалар үйінде тәрбиеленген ол ауғандық жігітпен танысқан. Әлгі жігіт тәтті сөздерімен қыздың басын айналдырып, екеуі некелерін қидырыпты. Ол қызға Қандағар провинциясында тұратын ата-анасымен таныстырып, қайтадан Қазақстанға қайтып ораламыз деп уәде берген көрінеді.

Ауғанстанға келісімен жұбайы өзгеріп сала берген. Бірден дөрөккі, қатал қожайынға айналған. Қандағар маңында әйелін чадра киюге мәжбүрлеп, бөлек бөлмеге қамап қойған. Жеті жыл бойы туыстарымен хабарласуға тыйым салып, ешқайда шығармай жас әйелді заңсыз қамауда ұстап отырған. Айтуы бойынша екі рет қашпақшы болыпты, бірақ... Үшінші рет қайын сіңлісінің жаны ашып, оған Кабул қаласына қашып шығуға жәрдемдесіпті. Ол бір нәрсені ғана армандайды: Отанға оралып, мынадай қорқынышты түсті ұмыту.

Біз қашып келген әйелді екі баласымен бірге елшілікте орналастырдық. Күзетін маған бағынатын және елшілікті қорғауға жауапты өзіміздің Шекара қызметінің әскери қызметшілері қамтамасыз етті. Екі күннен кейін жанына бір топ қарулы адам ертіп күйеуі келді. Олар тағы екі күн бойы дипөкілдікті қоршап тұрды. Ақылын ашуға жеңдірген азамат әйелі мен балаларын қайтарып беруді талап етіп, егер айтқаны орындалмаса радикалды қадамдарға баратынын айтып қорқытты.

Бірнеше сағатқа созылған нәтижесіз келіссөздерден кейін мен іске көштім. Әйелді бронды автокөлікке отырғызып алып, көмекшіміз екеуміз әдетте үнемі жабық тұратын қосалқы қақпа арқылы әуежайдың жолына ытқыш шықтық. Әрине, біз уақыттан ұттық, бірақ... көздеріне түсіп қалдық. Ашуға мінген күйеуі сыбайластарымен бірге соңымызға түсті. Мылтық дауысы естілді. Әзірше әуеге...

Абырой болғанда, жергілікті полиция және арнаулы қызметтермен орнатқан жедел байланыстар іске қосылды. Олар алдымен мұздай қаруланған қуғыншыларды әуежайға кіре

берісте тоқтатып, көлікті ұзағырақ тексеріп, жүргізушіні сұрақтың астына алды...

Бұл уақытта біздің алдымызда күрделі міндет тұрды — ешқандай заңды құқықсыз әйел мен балаларды ұшаққа отырғызып жіберу. Ең аяғы, балалардың туу туралы куәліктері де жоқ. Дегенмен, сәтін салып, Душанбеге ұшқан әуе рейсі қашқын әйелді біздің сол жақтағы ресми өкілдің қолына аман-есен жеткізді. Біз отандас қарындасымыздың өз үйіне оралуы үшін барымызды салдық.

Қоштасар кезде қазақстандық әйел мен балаларының көздері қуаныш пен бақыт жасына толды. «Рахмет сіздерге! — деген сөздер жүрегінен шықты, — Бәріңізді Алла жарылқасын!». Азаматтарымыздың көздеріндегі қуаныш жасы, еліміздің амандығы мен тыныштығы — ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлері үшін ең жоғарғы марапат және жұмыс нәтижесі...

Жергілікті қуатты құрылымдармен байланыс орнатуда — «Сенсең де секемшіл бол!» — біздің басты ұстанымымыз еді. «Арнаулы қызметтер дос емес, дос елдің арнаулы қызметтері ғана бар» — дегендей. Бұл тұрғыда ауғандық әріптестеріміздің менталитеті өзгеше, қатандау деуге де болады. Біз олардың «алдамшылығын» да жоққа шығармайтынбыз. Оған мысал да бар.

Елшіліктің қауіпсіздігін қамтамасыз етумен және өзге де міндеттермен қатар, біздің уақытымыздың басым бөлігі ресми өкілдердің негізгі тапсырмасын орындауға жұмсалды, ол: халықаралық террорлық ұйымдардың мүшелері болып табылатын біздің елдің азаматтарын анықтау және шетелдегі қазақ жамағаттарын тарату. «Құстарды» «торға

түсіру» үшін біз жергілікті серіктестермен бірлесе отырып агентура дайындап, ортаға енгізетінбіз, зерделеп, орналасқан жерлерін анықтап, ұстауға бағыт-бағдар беретінбіз.

Осылайша, біздің көрсетуіміз бойынша солтүстік провинциялардың бірінде ДАИШ мүшесі болып табылатын, Қазақстан қалаларының бірінде террорлық акті ұйымдастырғандығы үшін сотталған ҚР азаматы ұсталды. Бір қарағанда — міндет орындалды, іс бітті. Алайда содыр қамалған тергеу изоляторының бастығы «қой терісін жамылған қасқыр» екендігі белгілі болды. Оның террорлық ұйымдармен байланысып, өте шебер нұсқаушы-жарғыш болып есептелетін әлгі содырды босатып алу туралы келіссөз жүргізіп жатқандығы анықталды.

Біздің «туристті» елге экстрадициялау бойынша көп тер төгуге тура келді. Бұл жерде жұмыстың нәтижесін «алдын орау» іс-қимылымыз қамтамасыз етті. Ашығын айтсақ, елдің күштік құрылымдары мен Қауіпсіздік кеңесі басшыларымен орнатқан жеке байланыс терроршылардан бұрын қимылдауымызға мүмкіндік берді. Содырды алдымен Кабулға жөнелтіп, соңынан Қазақстанға экстрадицияладық. Кейін анықталғандай, ол өз елімізде жарылыстар ұйымдастыруды көздеген екен. ҰҚК-нің күшімен ұлттық қауіпсіздігімізге төнген кезекті қатердің жолы дер кезінде кесілді.

8 наурыз күні мен әдеттегіден ертерек ояндым. Әлі де біраз ұйықтай тұру ойымда бар еді. Түсіме елдегі, мені сарыла да сағына күтіп жүрген отбасым кіріпті. Кенеттен, жарымның жанұшыра айқайлаған дауысын естігендей болдым: «Саңырауқұлақ! Шұңқырға!..».

Жарылыс, тағы да жарылыс. Атыс басталды.

Тереземнің әйнегі сынды. Ең алдымен рация арқылы шекарашылармен байланысып ұрыстық дабыл жарияладым, жауынгерлер шептеріне орналасты. Елшілікке барар жолда серіктестер хабарлады: «Әскери емхана жанында ұрыс болды. Жанкештілер тобы шабуыл жасаған. Біреуі өзін кіреберіс қақпаның алдында жарып жіберген. Шабуылдаушы топ ішке басып кіріп, бірінші және екінші қабаттарда бекінген».

Әскери емхана тұп-тура біздің дипөкілдігімізге қарама-қарсы орналасқан. Арамызды 100 метрдей кішігірім бақ ғана бөліп тұр. Содырлар қоршауға алынған, шегінетін жерлері біреу ғана — ол біздің елшілік. «Қорғанысты ұйымдастыру қажет», — деп ойладым, мен...

Корпусқа келіп, нарядтың дайындығын тексердім. Ұжымның бекітілген эвакуация жоспарына сәйкес қауіпсіз жерде екендігіне көз жеткіздім. Шекара қызметінің жауынгерлерімен бірге елшіліктің шатырына шықтық, ол жерден емхана іші алақандағыдай көрініп тұрды. Сол жерден





серіктестерге содырлардың орналасуы туралы бағыт-бағдар бердік. Осының арқасында жергілікті арнаулы мақсаттағы жасақтың іс-қимылы сәтті болды. Бес сағатқа созылған операция біз үшін бітпестей көрінген еді.

Наурыз оқиғаларынан кейін екі ай өткенде шекарашылар өздерінің міндеттерін аяқтап Отанға қайтуға дайындалды. Жол қамына кірісіп, арқа-жарқа болысып жатты... Мен өз кабинетімнің балконынан осы бір қарбалас тіршілікке қарап, мамырдың мамыражай таңына рахаттанып тұрдым.

Телефон қоңырауы естілді. Мен ішке кіріп тұтқаны көтердім. Арғы жақтан дауыс талып естілді: «Балам, саңырауқұлақ!»

Жарылыс дауысы таңғы тыныштықты тас-талқан етті.

Елшіліктің кіреберіс қақпасының жарылғанын бірден түсіндім. Жарылыс біреу ғана, бірақ өте күшті болды. Елшілік ғимаратына келіп, дипөкілдіктің, елші резиденциясының және дипломаттар үйінің терезелерінің, есік жақтауларының сынғанын көрдім. Үшінші қабаттың терезесі сынып, елшіліктің кіреберіс төбесін сындырып түсіпті. Сәгін салғанда, ешкім зардап шеккен жоқ.

Серіктестердің хабарлауынша, таңертең ерте бізден 3 км қашықтықта жарылғыш зат толтырылған жанармай тасығыш жарылыпты. Жарылыс болған жерде тереңдігі 7 метр шұңқыр пайда болған. 500-ден астам адам қаза тауып, 5 км айналада барлық ғимараттар әйнексіз қалған. Бұл террорлық акті қалада жаппай дүрбелең туғызып, ел астанасында қозғалысты мүлдем тоқтатып тастады.

Осының барлығына қарамастан мен жаңадан келе жатқан көмекшімді әуежайдан күтіп алуым керек еді. Манифестант-

тар мен полицияның назарын аудармас үшін жергілікті тұрғындарша киініп, жасырын көмекшілер тауып берген елеусіз автокөлікке отырып, бүркемеленуге тура келді.

Қалада бейберекет атыс. Әуежайға ұшып келген көмекшіме жымия қарап, жергілікті тілде: «Ауғанстанға қош келдің!» дедім. Жаңа көмекшімнің бет жүзінде сан түрлі эмоция, абыржу мен таңданыс. Осыдан 20 жыл бұрын Гераттармен де дәл осындай күй кешкен едім. Бір жақсысы — оған толық жүкпен, автоматпен тікұшақтан секіруге қажеттілік туындамады.

Иссапарлар арасындағы 90-шы жылдардағы үзілісте, Ауғанстанды азамат соғысы сергелдеңге салып жатқан кезде Пәкістанда, кейіннен өңірде және әлемдік геосаясатта күштерді жаңаша орналастыруға үлкен ықпал еткен жаңа күш — Тәліптер пайда болды. Бұл діни фанаттар тобы, пәкістандық арнаулы қызмет әскери іске тәрбиелеп шығарған халықаралық террорлық ұйымдардың итаршылары. 2001 жылы құлатылғаннан кейін олардың екі онжылдық өткенде Кабулға жеңімпаздар ретінде қайта оралып, ел тұрғындарын қорқыныштан қалтырататындарын айтса ешкім сенбес еді.

Бірақ осылай болды. Енді мені осы бір күрделі елге кезекті және өте қатерлі иссапар күтіп тұр...



# «ЖУСАН» ОПЕРАЦИЯСЫ — ӨМІРГЕ ОРАЛТУ

2021

---

---

---

Сирия. Дэйр-эз-Зор провинциясы. Евфрат жағасындағы Багуз қаласы. Тығырыққа тірелген ДАИШ содырлары әйелдерімен және бала-шағаларымен осы жерде жиналған. Әлемнің әр түкпірінен келген мыңдаған адамдар.

Кеше ғана «жиһадқа» шақырып жүрген «Халифат» серкелері, негізінен арабтар, бұларды өлімге тастап қашып кеткен. Күрд ерікті жасақшылары батыстық авиацияның қолдауымен қаланың айналасындағы қыспақты біртіндеп тарылтып келеді.

Міне, бірнеше жыл бұрын «Бүкіләлемдік Ислам Халифатын» құру идеясымен уланып Сирияға қарай жол тартқан жүздеген қазақстандық азаматтар да дәл осындай күйге тап болған. Сол кездің өзінде бұлардың көпшілігі ақиқатпен бетпе-бет келіп, алданып қалғандарын түсінген болатын. Бұл жерде ешқандай шариғаттың өзі де жоқ, ізі де жоқ. Олардың «әмірлері» пайда үшін жандарын шүберекке түйіп, кешегі «діндес бауырлары» беттері бүлк етпестен сатып кетіп жатты.

Тірі қалу үшін бір ғана жол бар — берілу. Олар гуманитарлық дәліздермен өтіп күрдтерге беріліп жатты. Содырлар, әйелдер мен балалар. Олардың барлығы күрдтер асығыс тұрғызыған түрмелер мен қашқындарға арналған лагерьлерге



орналастырылды. Дәл сол кездерде бүгіндері әлемге әйгілі болған «лагерь Аль-Холь» немесе «лагерь Родж» деген атаулар пайда болды.

Лагерьлердегі жағдай жан түршігерлік. Аштық, анти-санитария, аурулар. Өлім деңгейі өте жоғары, әсіресе жас балалар арасында.

2018 жылдың көктемінде тұтқындағы әйелдер алғаш рет Қазақстандағы туыстарымен, кейіннен ҰҚК қызметкерлерімен байланысқа шықты. Олардың барлығы Отанға алып кетуді өтіне сұрап, қателіктерін түсініп, қандай жаза тағайындаса да дайын екендіктерін айтты. Елбасының атына, Үкіметке, СІМ мен ҰҚК басшылығына көмек сұраған өтініштер қарша борады.

ҰҚК жедел қызметкерлері бұл жәйтті білмеді деп айтуға болмайды. «Халифаттың» дәл осындай күйге ұшырайтындығы туралы болжамды сараптамалық жазбалар бұдан бір жыл бұрын дайындалған болатын. Жағдайдың шиеленісуі мұқият бақыланып отырған. Әрине басты міндет содырлардың үшінші елдерге бас сауғалап кетуін болдырмау еді.

Осындай кезде қазақстандық азаматтарды Сириядан эвакуациялау туралы идея туындады.

Операцияға, жедел тілмен айтқанда «Жусан» деген шартты атау берілді. Ол кезде осы операцияны дайындаған адамдар, аңыздардың арқауы болған кермек иісті, кез келген қазақтың жанына жақын осы бір шөптің атауы жақын арада бүкіл әлемге жайылатынын білді ме екен?

Операцияның түпкілікті ойын түйіндеу оңайға соқпағандығын айта кету керек.

Содырлар бойынша ешқандай күмән жоқ, олар Қазақстанға әкелініп өздеріне тиісті жазаларын алуы тиіс.

Ал әйелдер мен балаларды, жасөспірімдерді кім дейміз — олар қатаң жазалануы тиіс терроршылар ма, әлде оңалту мен қоғамға қайтаруды қажет ететін құрбандар ма?

Кейбір скептиктер мен эвакуацияға қарсылар әйелдер мен балаларды шетелде қалдыру керек, оларды радикалсыздандыру мүмкін емес, сондықтан репатриация экстремистік әлеуеттің Қазақстанға көшуіне алып келеді деп жатты.

Әйелдер мен балаларға ғана емес, бүкіл ел үшін ерік-жігерді қажет ететін тағдырлы шешімді Елбасы қабылдады.

Бұндай шешімге негіз болған басты себеп — гуманитарлық. Репатрианттардың негізгі бөлігі — ерлерінің етегінен ұстап Сирияға кетуге мәжбүр болған әйелдер мен балалар. Оларды Қазақстанға алып келу болашақта террорлық әрекетке қайтадан қатысу қаупін жояды. Діндарлар арасында радикалды идеяларға қарсы үгіт-насихаттың мықты базасы қалыптасады.

Жан-жақты ой елегінен өткізілген сараланған тәсілді ұстану қажет деп танылды. Қылмыс жасаған адам, ол тіпті





әйел болса да заң бойынша жауап береді. Репатрианттардың барлығы оңалту және қайтадан әлеуметтендіру бағдарламаларынан өткізіледі.

Дәл осындай ұстанымдармен 2018 жылдың ортасынан бастап өте кең ауқымды дайындық, ұйымдастырушылық және жедел жұмыстар басталды.

Американдық әскерилерден көмек кепілдіктері алынды. Жедел арналар арқылы Сириядағы күрд ерікті жасақшыларымен байланыс жасау мүмкін болды. Террорға қарсы орталықтың платформасында СІМ, Қорғаныс министрлігі, ІІМ, БҒМ, АҚДМ, Бас прокуратура, облыстық әкімдіктер және өзге де бірқатар мемлекеттік органдардың іс-қимылдары синхрондалды.

Операция 2018 жылдың қарашасында басталғанымен, күрд лагерьлеріне транзиттік ұшып өтуге рұқсат беруден Түркияның үзілді-кесілді бас тартуы салдарынан Сирияға әскери-жүк тасығыш ұшақтардың ұшуы болмай қалды. Бас тарту туралы хабар авиаборттардың ұшып шығуына бір сағат қалғанда ғана келді.

Қазақстан азаматтарын алып шығудың басқа жолдары жоқ еді. Операция тығырыққа тірелгендей болды.





Алайда американдық дипломаттармен және әскерилермен, сондай-ақ өзге де мемлекеттердің өкілдерімен күрделі келіссөздер жүргізу жалғаса берді. Бұл тұрғыда алуан түрлі, соның ішінде ресми емес арналар да белсенді түрде іске тартылды.

2018 жылдың соңына қарай біздің алдыңғы тобымыздың Сирияға ұшуына жағдай туғызылды. Әуе сапары бейтарап үшінші ел арқылы жүзеге асырылды. Қабылданған міндеттемелерге сәйкес ол елдің аты әзірше аталмайды.

Бұнымен бір мезгілде ҰҚК мен Қорғаныс министрлігінің эвакуация топтарының жаттығулары қайта жанданды, тұтқындарды Сириядан бастап Қазақстанға дейін алып келетін арнайы жасақтың күші мен құралдары есептелінді, репатриант әйелдер мен балаларға арналған киім-кешектер, дәрі-дәрмектер мен азық-түлік сатып алынды.

Сирияға алдын ала аттандырылған ҰҚК-нің тобы өмірлеріне төнген қауіп-қатерге қарамастан, ың-шыңсыз, бір қаладан екінші қалаға жылжып әрбір түрме мен лагерді тексерумен болды. Тұтқындар туралы мәліметтер мұқият жинақталып, нақты уақыт режимінде Нұр-Сұлтан қаласындағы Арнаулы штабқа жөнелтіліп жатты. Негізгі эвакуа-

ция тізімдері құрастырылды. Әр әйелден елге оралуға өзінің келісімі алынды.

Арнаулы мақсаттағы бөлімше офицерінің көрген-білгендерінен:

«Сирия Араб Республикасындағы (САР) ұрыс жүріп жатқан аймақтан біздің азаматтарымызды эвакуациялау туралы жауынгерлік тапсырма маған кезекті жұмыс күні аяқтала бергенде берілді. Бұндай деңгейдегі тапсырма екіұдай әсер қалдырып, аздаған қобалжу тудырғаны да рас.

Әйтсе де, әріптестеріміздің ешқайсысы түр көрсетпей, тас-түйін дайындықпен ұйымдастырушылық жұмыстарға кірісіп кетті. Жауынгерлік тапсырманы дәл осындай көңіл-күймен қарсы алу, бірін-бірі көздерінен-ақ түсіну, бір-біріне толық сенім арту, бір-бірінің жауынгерлік рухын қайрау біздің жігіттердің қандарына сіңіп кеткен.

Жиналу процесі кезінде қобалжу сезімі, алдымызға қойылған міндетті табысты орындап шығуға бағытталған ұжымдық ойға ауысты. Сирияға қарай ұшқаннан бастап Отанымызға оралғанға дейінгі ықтимал және тұтқиыл іс-қимылдар тактикасын ой-елегінен өткізу қажеттілігі бой көтерді.

Операция толық құпия жағдайда ұйымдастырылып, өтіп жатты. Ұшаққа кірген кезде ғана қаруластарымыз бір-бірімен қауқылдасып, жақындарымен қоштасу кезінде ең қиыны оларға алда күтіп тұрған қауіп-қатер туралы қас-қабақ арқылы болса да білдірмеу екендігін талқыласып жатты.



Отбасы тірегінің, жарының, әкесінің, баласының алдында өздері үшін әдетке айналып кеткен кезекті іссапарда қандай қатерлі оқиғалар тосып тұрғанын елде қалған ет жақындары сезген де жоқ, білген де жоқ.

САР-ға келіп жетіп ұшақтан түскен кезде ғана мен соғыс иісінің қандай болатынын сезіндім. Ауада күйік, оқ-дәрі, жарылыстардан кейінгі кірпіш тозаңы мен ауыр техниканың табанымен иленген даладан шыққан шаң араласып кеткен.

Алдымызда бізді бұдан да қорқынышты суреттер күтіп тұр екен.

Операцияны жүзеге асыру тәртібі — біздің азаматтарымызды қашқындар лагерьлерінен, бас бостандығынан айыру орындарынан іздестіру болатын. Ол жердегілер көбірек алғашқы қауым мүшелерін елестетті. Жағдай адам төзгісіз. Адам өмірі барынша арзандап кеткен, замануи қоғам кепілдік беретін құқық атаулы табанға тапталған».



Негізінен әйелдер мен балалар ұсталған, аласапыран бейберекеттік орын алған босқындар лагерьлерінен біздің азаматтарымызды іздестіру бойынша операцияның белсенді фазасына қатысқан арнаулы бөлімше офицерінің әңгімесінен: «Басқа игіліктерді айтпағанда азық-түлік пен су мүлдем жоқ. Балалар шалшықтан су ішіп жатты. Ас атаулыдан тек кебек және осы шалшықтан алынатын су ғана.

Мен біздің отандас әйелдердің бірінің босанып жатқанына куә болдым. Менің байқағаным, бұл қажетсіз заттан арылу сияқты көрініс еді. Шарана туа сала жерге тасталып, нәресте дүниеге келе салысымен өмір үшін өз бетінше күресуге мәжбүр болды. Жақын жерден табылған офицерлердің балаға жасап жатқан қамқорлықтары аяқ қолын жаңа ғана бауырына алған анаға титтей де әсер еткен жоқ. Дәл осы сәтте менің түсінгенім — тек тірі қалуды ғана ойлаған мына әйел үшін ешқандай құндылықтар, мейлі ол діни немесе әлеуметтік болсын, маңызды емес екен.

Бұдан да қорқыныштысы — аналардың соғыстың кесірінен мүгедектерге айналған балаларына деген немқұрайлылықтары еді. Аяғынан айырылған қазақ баласына менің әріптестерім доп алып беруге, елге барғаннан кейін бірге футбол ойнауға уәде берді. Осы уәдемінде тұрғанымыз үшін бүкіл алдағы өмірімде мақтаныш өтетін боламын.

Үйге оралғаннан кейін, бұл әйелдерге деген аяныш сезімдеріміздің өз балаларын өз еріктерімен дәл осындай азапқа салғаны үшін жеккөрушілік пен түсінбеушілік сезімдеріне ауысқандығы туралы біз бір-бірімізге мойындап жаттық».

Операцияның қорытындыларын талқылай отырып біздің арғы-бергі қозғалыстарымыз әр түрлі қарулы топтар-

дың бақылауындағы аумақтарда өткендігін жиі еске алатынбыз. Оқта-текте, жақын маңдарда жергілікті қарулы қақтығыстар өтіп жататын.



Осындай, колонияларға жасалған рейдтердің бірі кезінде жол талғмайтын көлігіміз бұзылып қалып, колонна жол бойында тоқтауға мәжбүр болды.

Бізді алып жүрген сириялықтар саусақтарын да қимылдатпады. «А» қызметінің жауынгерлері екі топқа бөлініп, біріншісі айнала бекініс құрды, екіншісі көліктің ақауын жөндеуге кірісті. Көлік жөндеу ұзаққа созылған жоқ, колонна көп ұзамай қозғалысын жалғастырды.

«А» Арнаулы мақсаттағы қызметі қызметкерлерінің жұдырықтай жұмылған іс-әрекеттері сириялықтарды таңғалдырып, олар қолданылған тактика мен дайындыққа деген қызығушылықтарын танытып жатты. Кейіннен осы сириялықтар біз тоқтаған жердің астаң-кестең бомбаланып жатқан бейнежазбасын көрсетті. Біз үшін түк істемесе де әлгілер жауынгерлік бекіністерінен күн батқанша кетіп үлгерген «жарық жауынгерлері» деген атақ иеленіпті.

Әр кеш сайын кезекті күннің қорытындысын шығара отырып, біз өзіміздің құқықтарымыз бен еркіндігімізге ешқандай кепілдік жоқ екенін түсінетінбіз, кез келген ықтимал

жағдайларға қарсы тұру жоспарын талқылап, Сирияны жаяулап немесе ұрланған ұшақпен тастап шығу бойынша қауіп-қатерге толы нұсқаларды да қарастыратынбыз.

Эвакуацияланатын адамдарды сүзгіден өткізу барысында бізге жергілікті әскерилер кейбір отандастарымыз жасаған-мыс жауыздықтардың дәлелі ретінде бейне-фото жазбалар көрсетті. Бұндай сәттерде бәрінен қиыны біздің азаматтардың осындай айуандыққа бара алатындықтарына сену ғана емес, ашуға берілмей, ұялғанымызды білдірмей кәсіби келбетімізді сақтап қалу еді.

Ешнәрсе оңай болған жоқ. Бірде бізді алып кетуге келген ұшағымыз бұзылып қалып, уақыт ағысы мүлде бөлек, соғыс өрті шарпыған осы бір елде артық тәуліктер өткізуге мәжбүр болдық. Осындай сәтте біз уайымды әзіл-қалжыңға жеңдіріп, ыңылдап ән айттық.



Қайтып оралғаннан кейін мен туған даламның барлық иістер палитрасын шындап сезіндім. Сол кезде ғана өзіміз қатысқан операцияның жасырын атауының «Жусан» екендігін біліп, оның терең мәнін түсіндім. Бұл атаудың авторы бізбен бірге болған адам болуы әбден мүмкін.

Арнаулы мақсаттағы бөлімше жауынгерлері әрдайым тасада қалады. Істеген ерліктеріміз бен алған марапаттарымыз туралы айқайлау біздің мәдениетімізге жат. Бірақ өз іс-қимылымызды бағалай отырып біз адамдар, әсіресе өз ата-аналарының идеялық есуастықтарының құрбаны болған кішкентай отандастарымыздың өмірін сақтап қалуға қатысқанымыз үшін зор мақтаныш сезіміне бөленеміз.

Иә, сол кездері біздің азаматтарымыздың әр жерлерде өмірлерін жақсарту туралы талаптарын айтып, ереуілдетіп жатуы нормаға айналып жатқан еді. Мен қазір Қазақстан-



ның үстінен мейірлене қараған бейбіт аспанымызға рахаттана қарап, бұны мүлдем түсінбеймін.

«Жусан» операциясына қатысқан барлық бауырларыма алғысым шексіз.

Операцияның белсенді фазасы 2019 жылдың 6 қаңтарында басталды. Ақтау қаласындағы әуежайдан ҚР Қорғаныс министрлігінің С-295 алғашқы үш әскери ұшағы ұшып шықты. Кері қарай олар қолға түскен содырлармен, қазақстандық әйелдермен және балалармен оралды.

Бұл басы, алғашқы қадамдарымыз ғана еді. Әрі қарай эвакуацияның Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев санкциялаған 4 кезеңі бірінен кейін бірі жалғасын тапты. Соңғы, бесінші кезеңі 2021 жылғы 4 ақпанда аяқталды.

Қазақстанға барлығы 607 азамат әкелінді. Олардың 37-сі ерлер, 157-сі әйел адамдар және 413-і балалар, соның ішінде 34-і жетімдер еді.

Сол кездері Ақтау қаласының маңында, Каспий теңізінің жағалауында орналасқан «Фламинго» балалар лагерінің базасында Сириядан келген әйелдер мен баларды оңалтуға арналған әлемде теңдесі жоқ орталық ашылды. Дәл осы жерде Қазақстанға аяқ басқан алғашқы отыз күн бойы олар бейбіт өмірге қадамдарын қайтадан бастады.

Оларды дәрігерлер қарап, денсаулықтарын қалпына келтірді. Психологтар, теологтар мен дінтанушылар олармен жұмыс істеді. Балалар үшін педагогтар, тәрбиешілер жұмылдырылып, уақытша мектептер мен балабақшалар ашылды. Құжаттар қалпына келтіріліп, шетелде дүниеге келгендерге геномдық сараптамалар ұйымдастырылды.



30 күндік карантин аяқталысымен барлық әйелдер мен балалар өздерінің байырғы тұрғылықты жерлеріне әкелінді. Олардың ешқайсысы қайтадан террорлық іс-әрекетке оралған жоқ.

Репатриант әйелдерге оңалту орталығында ғана емес, карантиннен кейін де жедел бақылау жасауға зор көңіл бөлінді. Олармен сауалнамалар жүргізіліп тұрады. Мінез-құлықтары, іс-әрекеттері қадағаланады.

Осындай жұмыстардың нәтижесінде, психологтар мен теологтардың пікірлерін ескере отырып, әрбір әйелдің әлеуметтік және психологиялық портреттері жасалынып, қауіптілік дәрежелері анықталды.

Жинақталған жедел материалдарды негізге ала отырып, 18 радикалды әйел қылмыстық жауапкершілікке тартылып, оқшауланды.

ҰҚК-нің бастамасымен репатриацияланған әйелдер ғана емес, балалар үшін де бейімдеу мен оңалтудың кешенді бағдарламасы жасалынып, АҚДМ, БҒМ мен үкіметтік емес сектордың қатысуымен әлі де жалғасын тауып келеді.

Осының арқасында, 2021 жылдың қыркүйегіне дейін әйелдер мен балалардың басым бөлігі дәстүрлі исламға көшіп, кейбіреулері тіпті зайырлы өмір салтын да таңдады. Радикалды идеологиялардан бас тартқандар өңірлік және республикалық бұқаралық ақпарат құралдарының беттерінде белсенді түрде қарсы насихат акцияларына қатысуда.

Сириядан шығарылған қазақстандық содырларға келер болсақ, 37 ер адамның барлығы елге әкеліне салысымен тұтқындалып, террорлық іс-әрекеттері мен терроризмді насихаттағандары үшін сотталды.

Олардың үстінен өткізілген, баспасөз арқылы кеңінен таратылған көрнекі сот процесі Нұр-Сұлтан қаласында 2020 жылдың ақпанында өтіп, берілген жазалар 6 жылдан бастап 14 жылға дейін бас бостандықтарынан айыруға белгіленді.

«Жусан» операциясының игі тәжірибесі Австрия, Әзірбайжан, Франция, Германия, Украина, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, тіпті Мальдив Республикасының арнаулы қызметтерін қызықтырды.

2018-2020 жылдары оңалтудан өткен әйелдер қатысқан операцияның қорытындылары БҰҰ, ЕҚЫҰ және Еуропарламент алаңдарында көрсетілді. Бұл Қазақстанның халықаралық имиджіне оң ықпалын тигізуде.

Гуманитарлық операция қазақстандық қоғамның діни бөлігі мен Сирияда жүрген азаматтар тарапына зор профилактикалық әсерін тигізді.

Әңгімемізді аяқтай келе, Ф. Достоевскийдің: «Бүкіл әлемнің бақыты бейкүнә сәбидің көзінен аққан бір тамшы жасқа тұрмайды» деген сөздерін еске сала кеткіміз келеді.



Басуға 01.11.2021 ж. қол қойылды.

Пішімі 60x90/16.

Шартты баспа л. 22,75

Таралымы 2 000 дана. Тапсырыс № 1125

«ZhanDos» баспаханасында басылды.

Нұр-Сұлтан қаласы, Е 489, 6/12

ISBN 978-601-7800-83-3



9 786017 800833